Согласно статье 82 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан (далее – ПК РК) в случае, если государственные органы планируют ввести новый регуляторный инструмент или требование, ужесточить регулирование в отношении субъектов бизнеса, то они должны провести процедуру АРВ. При этом ужесточением регулирования является установление дополнительных обязанностей или иное увеличение нагрузки на субъекты бизнеса [6].

По данным Министерства национальной экономики Республики Казахстан (далее – МНЭ РК) в период с 2019 по 2023 годы было рассмотрено 683 проектов АРВ, из которых в 528 случаях, то есть в 77,3%, дано отрицательное заключение МНЭ РК. Соответственно, эти инициативы государственных органов не были поддержаны.

Динамика проведенных центральными государственными органами АРВ за 2019 - 2023 годы



Источник: Отчет о состоянии регулирования предпринимательской деятельности в Республике Казахстан за 2023 год, МНЭ РК

По итогам 2023 года, регулируемыми государственными органами проведено 255 АРВ, из которых 196 получили отрицательное заключение МНЭ РК, 57 – положительное заключение, 2 АРВ были отозваны государственным органом. И только 30 заключений МНЭ РК были одобрены на заседании Межведомственной комиссии по вопросам регулирования предпринимательской деятельности, что составляет около 11,8% от всех проведенных АРВ в 2023 году [7].

По данным МНЭ РК на портале «Открытых НПА» размещены 26 АРВ местных исполнительных органов. При этом АРВ проведены на нормы, не требующие проведения АРВ, поскольку не содержат новые регуляторные инструменты либо ужесточение регулирования. Наблюдается снижение популярности института АРВ местными исполнительными органами. Так, в 2022 году 4 местными исполнительными органами были проведены процедуры АРВ, а в 2023 году их количество сократилось до 2-х [7].

Можно с уверенностью отметить, что институт АРВ зарекомендовал себя как своего рода фильтр, позволяющий отсекал неэффективные регуляторные инструменты на этапах их разработки.

Об эффективности и важности развития института АРВ отмечено в Концепции правовой политики РК до 2030 года. Как отмечено в данной Концепции АРВ представляет собой взвешенный подход к проектированию государственного регулирования бизнеса, позволяющий оценить правовые, экономические и социальные последствия новых норм до их внедрения и применения. При этом анализ правоприменительной практики показывает, что вопреки требованиям Предпринимательского кодекса Республики Казахстан регулирующими государственными органами в большинстве случаев не проводится АРВ в отношении регуляторных инструментов в порядке пересмотра действующих нормативных правовых актов. Кроме того, необходимо принять меры, направленные на совершенствование и развитие института АРВ [8].

В Концепции развития государственного управления Казахстана до 2030 года, утвержденной Указом Президента от 26 февраля 2021 года, подчеркивается необходимость перехода на «человекоцентричную» модель с акцентом на приоритеты людей [9]. В документе выделены такие проблемные области, как чрезмерное регулирование, которое сдерживает развитие бизнеса. Замечается, что часто происходит «слепое» копирование иностранных практик без должного анализа их применимости; принимаются регуляторные нормы без учета правоприменительной практики и тестирования. Такой подход приводит к нестабильности регуляторной политики, особенно в главных законодательных актах. Чтобы достичь целей Концепции, необходимо создать благоприятные условия для бизнеса, что является приоритетом в структурных реформах, так как эффективная регуляторная политика способствует экономическому росту, увеличивая активность предприятий, уровень занятости и производительность труда. В рамках перехода к «умному регулированию» важно улучшить механизмы экспертизы проектов нормативных актов и анализа регуляторного воздействия, что поможет снизить риски коррупции.

Начиная с 2020 года, с момента принятия Указа Главы государства «О мерах по внедрению новой регуляторной политики в сфере предпринимательской деятельности в РК», началось активное внедрение так называемого регулирования предпринимательской деятельности «с чистого листа» [10].

Регулирование «с чистого листа» – это комплекс логически взаимосвязанных мер государственного воздействия на бизнес, основанных на кардинальном изменении культуры поведения и «правил игры» госорганов при осуществлении ими регуляторной политики в отношении бизнеса. Ключевым посылом регулирования «с чистого листа» является то, что госрегулирование должно иметь место лишь в случае наличия прямого риска для жизни и здоровья людей, экологии, правопорядка и нравственности. Базовые условия новой регуляторной политики закреплены в Законе по вопросам внедрения новой регуляторной политики от 30 декабря 2021 года [11]. Согласно данному закону **одним из фундаментальных элементов новой регуляторной политики** государства в отношении бизнеса **определен АРВ** как на введение новых требований и (или) регуляторных инструментов, так и на действующие регуляторные акты в целях приведения их в соответствие с положениями регулирования «с чистого листа».

30 июля 2024 года принят новый Национальный план развития Казахстана до 2029 года, обозначивший приоритеты развития экономики [12]. Особое внимание уделено верховенству права и эффективности государственного управления, целью которых станет обеспечение «нового общественного договора». Будет усилено соблюдение прав и свобод граждан и бизнеса. Также расширятся возможности для диалога между государством, гражданами и бизнесом, что неоднократно подчеркивалось Главой государства в Посланиях народу Казахстана и встречах с бизнес-сообществом.

Таким образом вышеуказанные стратегические документы страны не только дают высокую оценку роли АРВ в повышении эффективности нормотворчества, но и прямо предусматривают расширение практики его применения.

Учитывая, что ни одна реформа не проходит без участия бизнес-сообщества, в этом аспекте институт АРВ, несомненно, становится эффективным инструментом оценки соответствия предъявляемых требований к бизнесу регуляторной политикой и развития экономики. Обеспечивая учет интересов всех сторон в нормотворческих процессах, АРВ должен стать одним из эффективных инструментов политики «Слышащего государства».

Однако, несмотря на успехи, институт АРВ в Казахстане сталкивается с рядом проблем. Одна из них — **это недостаток данных для комплексного анализа**. Часто не хватает информации о реальных последствиях уже действующих норм, а также о состоянии различных секторов экономики. Это затрудняет глубокий анализ и применение полученных результатов при принятии новых решений. Формальный подход государственных органов к заполнению аналитической формы АРВ не позволяет объективно оценить необходимость имплементации регуляторного инструмента.

Общественные обсуждения по АРВ зачастую носят формальный характер, что указывает на недостаточную прозрачность и ограниченное участие таких заинтересованных сторон, как предприниматели и гражданское общество, в этом процессе. Дискуссии часто проходят без учета мнений и предложений участников.

Кроме того, государственные органы обязаны пересматривать регуляторные инструменты или требования, формировать план-график и размещать его на официальном интернет-ресурсе. Однако **данная работа не проводится государственными органами**.

Кроме того, существует проблема **бюрократической тяжести процесса АРВ**. Необходимо упрощение процедур оценки, чтобы сделать их более доступными и понятными для представителей бизнеса. Устранение избыточной бюрократии позволит ускорить процесс, что сделает институт АРВ более эффективным инструментом. Согласно Правилам проведения и использования анализа регуляторного воздействия, процедура АРВ при подготовке регулирующим госорганом/органом-разработчиком полного пакета документов и правильного заполнения аналитической формы занимает от 30 до 60 календарных дней (в случае отрицательного заключения, а также проведения АРВ в порядке альтернативы) [13]. Чрезмерное затягивание сроков согласования, прежде всего, связано с недостатком информации о текущем состоянии регулируемой отрасли и некачественным анализом.

Помимо этого, **множество исключений из-под действия АРВ** также негативно влияет на дальнейшее развитие и расширение потенциала данного института. К примеру, согласно статье 82 ПК РК регулирование вопросов, связанных с чрезвычайными ситуациями, деятельностью финансовых организаций, в сфере оперативно-розыскной деятельности и др., а также проекты нормативных правовых актов Национального Банка Республики Казахстан и уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций не требует проведения АРВ.

Кроме того, сложилась негативная практика, когда государственные органы продвигают ведомственные интересы через **депутатские инициативы** и тем самым избегают проведения АРВ. Согласно действующей редакции статьи 82 ПК РК требование о проведении АРВ при введении нового регуляторного инструмента и (или) требования или ужесточении регулирования в отношении субъектов предпринимательства не распространяется на проекты законов, разработанные в порядке законодательной инициативы депутатов Парламента Республики Казахстан, а также на депутатские поправки. По проектам законов, внесенным в порядке законодательной инициативы депутатов Парламента Республики Казахстан, а также по поправкам депутатов к проектам законов, находящимся на

рассмотрении в Парламенте Республики Казахстан, может быть проведен АРВ в рамках заключения Правительства Республики Казахстан.

В свою очередь уполномоченные государственные органы при разработке проектов НПА, ссылаясь на «инициирование поправок депутатами», не проводят АРВ. В то же время, на практике депутатские законопроекты/депутатские поправки зачастую содержат нормы, предусматривающие введение нового регуляторного инструмента или требования, или ужесточение регулирования в отношении субъектов предпринимательства.

В соответствии с пунктом 2 статьи 82 ПК РК введение нового требования или ужесточение регулирования в отношении субъектов предпринимательства предусматривает **отмену двух требований** в той же области правового регулирования предпринимательской деятельности. Однако на практике при проведении процедур АРВ регулирующим государственным органом данная норма не учитывается, что противоречит подходу «регулирования с чистого листа», который подразумевает формирование оптимальной и эффективной регуляторной системы [14].

Рекомендации по дальнейшему совершенствованию и развитию института АРВ в Казахстане

Анализ мировой практики показывает, что каждая страна самостоятельно определяет параметры проведения АРВ. В зависимости от приоритетов развития в некоторых странах регуляторы делают акцент на оценку воздействия на бизнес, в других – на качество окружающей среды. Однако в любом случае ключевая задача АРВ заключается в принятии взвешенных решений на государственном уровне [15].

Для дальнейшего развития института АРВ в Казахстане рекомендуются следующие меры.

1. Совершенствование процедуры проведения АРВ.

АРВ должен опираться на количественные и качественные данные для оценки потенциальных последствий регулирования [16]. Использование эмпирических данных повышает достоверность оценки и информирует политиков о вероятных экономических, социальных и экологических последствиях предложений по регулированию [16].

Основопологающим фактором ее успеха анализа является **четкое определение целей и сферы охвата АРВ**. Целенаправленная оценка, связанная с конкретными политическими целями, помогает оптимизировать анализ и избежать ненужных сложностей [17].

АРВ должны включать в себя идеи из различных областей, таких как экономика, социология, экология и право, чтобы обеспечить целостное понимание воздействия [18]. Такой **междисциплинарный подход** обеспечит всестороннюю оценку и способствует разработке инновационных нормативных решений.

Важно использование анализа затрат и выгод – это широко признанный метод оценки экономической эффективности нормативно-правовых актов. Лучшие практики рекомендуют количественно оценивать, как прямые, так и косвенные затраты, и выгоды и дисконтировать будущие воздействия до текущей стоимости [19]. Такая практика облегчает сравнение различных вариантов регулирования.

Для этого **необходимо повышать квалификацию государственных служащих и экспертов**, занимающихся анализом регуляторного воздействия. Профессиональное обучение поможет лучше понимать рынок и специфические нужды предпринимателей, что повысит качество оценок и решений.

2. Исключение формальности проведения общественных обсуждений.

Привлечение заинтересованных сторон, в том числе бизнес, гражданского общества и затрагиваемых сообществ, на ранних этапах процесса АРВ имеет решающее значение. Такой подход, основанный на широком участии, обеспечивает учет различных точек зрения, повышая качество оценки и укрепляя доверие к процессу регулирования. Передовая практика

предполагает **проведение общественных консультаций, семинаров и опросов** для сбора информации от различных заинтересованных сторон.

Прозрачность в представлении результатов АРВ также имеет решающее значение. Наличие четких, доступных и хорошо структурированных отчетов улучшает понимание заинтересованными сторонами и способствует информированному обсуждению. Лучшие практики рекомендуют кратко излагать основные выводы, использованные методологии, мнения заинтересованных сторон и рекомендации в удобном для чтения формате [16].

Важное значение имеют установленные протоколы для оценки нормативных актов **после их внедрения**. Лучшие практики включают разработку показателей для оценки эффективности регулирования, проведение регулярных обзоров и адаптацию регулирования по мере необходимости на основе новых данных и отзывов заинтересованных сторон.

3. Сокращение бюрократической тяжести процесса АРВ.

Предлагается разработать отдельный упрощенный порядок проведения и согласования АРВ на депутатские инициативы, затрагивающие права и законные интересы предпринимательства, при котором процедуры проведения АРВ были бы оптимизированы. В случае необходимости в регламентах работы Правительства и Парламента РК рекомендуется предусмотреть соответствующие дополнения, касающиеся необходимости проведения АРВ, в которых будет указано для каких регуляторных требований и в каком порядке необходимо проводить АРВ.

Также предлагается предусмотреть персональную ответственность заместителей первых руководителей, либо руководителей аппаратов государственных органов за нарушение процедур проведения АРВ по депутатским инициативам, а также применение каких-либо иных практик «обхода АРВ».

4. На законодательном уровне расширить действие АРВ.

В первую очередь, рекомендуется пересмотреть нормы ПК РК, которые исключают требование проведения АРВ при введении регуляторного инструмента или требования. Необходимо проводить мониторинг введенных без АРВ норм, оценивать их эффект на развитие предпринимательства в стране и в целом на экономику.

При этом необходимо отметить, что процедура АРВ – это не инструмент, усложняющий процесс принятия решения, а инструмент оценки выгод и издержек для всех целевых групп, а также оценки возможности достижения определенных целей или решения четко определенных проблем при его воздействии на общество в целом, бизнес, органы государственной власти, экономическую систему.

АРВ для принимающих решение лиц позволяет спрогнозировать предполагаемый эффект (ex-ante) планируемых регуляторных мер и реальный эффект (ex-post) после их принятия на основе «твердых» статистических показателей. Тем самым АРВ позволяет снизить критику бизнеса на предлагаемые законодательные изменения и предотвратить необоснованные потери государственного бюджета.

Источники:

1. OECD (2009), Regulatory Impact Analysis: A Tool for Policy Coherence, OECD Reviews of Regulatory Reform, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/9789264067110-en>;
2. OECD (2022), Recommendation of the Council on SME and Entrepreneurship Policy, OECD/LEGAL/0473;
3. OECD (2012), Recommendation of the Council on Regulatory Policy and Governance, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/9789264209022-en>;
4. OECD (2015), OECD Regulatory Policy Outlook 2015, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/9789264238770-en>;

5. OECD (2017), «Stakeholder engagement for developing regulations», in Government at a Glance 2017, OECD Publishing, Paris. DOI: https://doi.org/10.1787/gov_glance-2017-55-en;
6. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК;
7. Отчет о состоянии регулирования предпринимательской деятельности в Республике Казахстан за 2023 год. Министерство национальной экономики Республики Казахстан, <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/742069?directionId=203&lang=ru>;
8. Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 «Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года»;
9. Указ Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 522 «Об утверждении Концепции развития государственного управления в Республике Казахстан до 2030 года»;
10. Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 2020 года № 483 «О мерах по внедрению новой регуляторной политики в сфере предпринимательской деятельности в Республике Казахстан»;
11. Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года № 95-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам внедрения новой регуляторной политики в сфере предпринимательской деятельности и перераспределения отдельных функций органов внутренних дел Республики Казахстан»;
12. Указ Президента Республики Казахстан от 30 июля 2024 года № 611 «Об утверждении Национального плана развития Республики Казахстан до 2029 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан»;
13. Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 748 «Об утверждении Правил проведения и использования анализа регуляторного воздействия»;
14. Акынбекова Д.Н. «Нет требования – нет и наказания» <https://kazpravda.kz/n/net-trebovaniya-net-i-nakazaniya/>;
15. Байзаков С.Б., Тулепбекова А.А., Асенова А.Е., Пердебаева Р.С. Регуляторная политика Казахстана: проблемы и перспективы // Вестник Карагандинского университета, серия «Экономика». №3(87)/2017. С. 129 – 136. <https://economy-vestnik.ksu.kz/apart/2017-87-3/14.pdf>;
16. OECD (2021), OECD Regulatory Policy Outlook 2021, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/38b0fdb1-en>;
17. Bassanini, A., et al. (2017). “Best Practices for Regulatory Impact Assessment.” OECD Regulatory Policy Working Papers;
18. Baldwin, R., Cave, M. and Lodge, M. (2012) Understanding Regulation: Theory, Strategy, and Practice. Oxford University Press, Oxford. <https://doi.org/10.1093/acprof:osobl/9780199576081.001.0001>;
19. Boardman, A. E., Greenberg, D. H., Vining, A. R. & Weimer, D. L. Cost–Benefit Analysis: Concepts and Practice 5th edn (Cambridge Univ. Press, 2018);
20. Абдрахманова С.Ж., Сабиров К.Н. Правовой статус и текущее состояние развития анализа регуляторного воздействия в Республике Казахстан. Источник: Информационная система «ПАРАГРАФ»;
21. Руководство по демократическому законотворчеству в целях совершенствования законодательства. Опубликовано Бюро ОБСЕ по демократическим институтам и правам человека (БДИПЧ), 2024. <https://www.osce.org/ru/odihhr/566782>.

Л.П. Ақтанова,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының аға оқытушысы, Астана қ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік қызметшілерге жаңа технологиялар арқылы мемлекеттік тілді оқыту әдіс-тәсілдері мен олардың тиімділігі қарастырылады. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеруі – қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін, ұлттық бірлікті нығайтатын маңызды факторлардың бірі. Халықпен тиімді қарым-қатынас орнатуға, ресми құжаттарды сапалы жүргізуге, мемлекеттік ақпараттың қолжетімділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқу әдістерінен ерекшеленетін цифрлық оқыту тәсілдері икемді, қызықты әрі қолжетімді оқу ортасын қақтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану олардың тілді меңгеру жылдамдығын арттырып, мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар тек тілді үйрену процесін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға да оң әсерін тигізеді.

Тірек сөздер: мемлекеттік тіл, мемлекеттік қызметші, жаңа технологиялар, интерактивті, әдістеме, сын тұрғысынан ойлау, коммуникация, кейс-стади, ойын әдісі, ақпарат.

Аннотация. В статье рассматриваются методы и подходы обучения государственного языка государственным служащим с использованием новых технологий, а также их эффективность. Освоение государственного языка государственными служащими является одним из важных факторов, обеспечивающих единство общества и укрепляющих национальное единство. Это способствует эффективному взаимодействию с населением, качественному ведению официальных документов и повышению доступности государственной информации. В настоящее время развитие информационных технологий предоставляет возможности для применения инновационных методов обучения государственному языку. Цифровые методы обучения, отличающиеся от традиционных, обеспечивают гибкую, увлекательную и доступную образовательную среду. Использование новых технологий при обучении государственного языка государственных служащих позволяет ускорить процесс освоения языка и улучшить навыки общения на государственном языке. Эти технологии не только упрощают процесс обучения, но и оказывают положительное влияние на повышение качества государственной службы.

Ключевые слова: государственный язык, государственный служащий, новые технологии, интерактивность, методология, критическое мышление, коммуникация, кейс-стади, игровой метод, информация.

Abstract. The article examines methods and approaches for teaching the state language to civil servants using new technologies, as well as their effectiveness. Mastery of the state language by civil servants is one of the important factors ensuring societal unity and strengthening national cohesion. This contributes to effective interaction with the public, quality management of official documentation, and increased accessibility of government information. Currently, the development of information technology provides opportunities for implementing innovative methods for teaching the state language. Digital learning methods, distinct from traditional ones, offer a flexible, engaging, and accessible educational environment. The use of new technologies in teaching the state language to civil servants accelerates the language acquisition process and enhances

communication skills in the state language. These technologies not only simplify the learning process but also positively impact the quality of public service.

Keywords: state language, civil servant, new technologies, interactivity, methodology, critical thinking, communication, case study, game-based method, information.

Қазіргі таңда білім беру саласында ақпараттық технологиялар мен жаңа технологиялар кеңінен қолданылып, оқу процесін жетілдіруде айтарлықтай өзгерістер әкелді. Әлемдік білім беру жүйесінде жаңашылдықтар мен цифрлық инновациялар маңызды орын алуда. Осыған байланысты Қазақстанда да білім беру саласын дамыту және мемлекеттік басқару саласына қажетті білікті мамандарды даярлау үшін заманауи технологияларды енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие жұмысында өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша көзқараспен қарауды, білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыта түсуді, іс-әрекетті жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Сондықтан оқытудың дәстүрлі жүйесінде білікті мамандар даярлайтын жалпы оқу орындарының қазіргі мақсаты – әлемдік білім кеңістігіне ене отырып бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» [1] – деп атап көрсеткен.

Осы аталған міндеттерді іске асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және оны тиімді пайдалану бүгінгі білім саласының өзекті мәселесінің бірі. Аталған әдіс арқылы оқытушыға білім сапасын арттыру, оның мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру және жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесін қойып отыр. Ал бүгінгі заманның талабына сай оқытудағы басты мақсат – жан-жақты жетілген, өз тарихының өткеніне көз жүгіртетін, қоғамның даму үрдісіне өзінше баға бере алатын ұлтжанды, патриот азаматын қалыптастыру.

«Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрдің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмейтін ауқымды міндеті тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» – деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ халқына жолдаған Жолдауында [2]. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыту мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отырған өзекті мәселенің бірі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [1] – деп атап көрсеткендей қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту процесін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы – мемлекеттік қызметшілерді кәсіби деңгейде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруға арналған жетекші оқу орны. Бұл академияның жаңа технологиялар арқылы оқыту процесін жетілдіруі мемлекеттік басқару саласындағы кадрларды сапалы даярлау, олардың заманауи талаптарға сәйкес білім алуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейту – мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Соған сәйкес мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттары мен оны орындау барысында жүзеге асатын негізгі міндеттер айқындалған. Мемлекеттік тіл мемлекеттік қызметтегі маңызды құзыреттердің бірі болғандықтан, халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттыруда басты роль атқарады. Мемлекеттік тілді еркін меңгеру мемлекеттік қызметшіге ресми іс-қағаздарды сауатты жүргізуге және азаматтармен тиімді тіл табысуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік тілдің жоғары деңгейде меңгерілуі ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты сақтаудың да алғышарттары болып есептеледі. Еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласының барлық бағытында қызмет істейтін маман, қазақстан азаматы, мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, өмірдің кез келген саласында, кәсіби бағытта өз ой-пікірлерін қазақша дұрыс, түсінікті жеткізіп, сауатты жаза білуі қажет.

Осы орайда Мемлекеттік басқару академиясында оқытушылар білім беру жүйесінде жаңа оқу технологияларын және интерактивті әдістерін қолдану арқылы магистранттың қазіргі заман талабына сай білім алуына мүмкіндік береді. Ол магистранттың ізденісі, жан-жақтылығы құзыреттілігі арқылы айқындалады.

Бүгінгі заманымыздың өзі технологиялар кезеңі болғандықтан, қазіргі таңда оқыту технологияларының түрлері өте көп. Мәселен, «Ресми жазылым және дискурс», «Ресми жазылым және медиадискурс» пәндері сабақтарында магистранттардың мотивациясын арттыру, білім сапасын көтеру және оқу процесін қызықты әрі тиімді ету мақсатында онлайн курстар, қашықтықтан оқыту платформалары, видеоконференциялар, мобильді қосымшалар, чат-боттар, интерактивті оқыту құралдары, видеосабақтар мен подкасттар, ойын арқылы оқыту технологиялары, сын тұрғысынан ойлау, кейс-стади және т.б. әдістері арқылы оқыту кеңінен қолданылады.

Мәселен, қашықтықтан оқыту платформалары мен онлайн-курстар тіл үйрену процесін барынша икемді және қолжетімді етеді. Мұндай платформаларға Zoom, Microsoft Teams, Google Meet сияқты құралдар жатады. Бұл платформалар мемлекеттік тілді кез келген уақытта және кез келген жерде үйренуге мүмкіндік береді. Қажетті материалдарды үнемі қолжетімді етіп, тапсырмаларды электронды түрде тапсыруға жағдай жасайды. Бұл тәсіл нақты уақытта оқытушылар мен магистранттар арасында интерактивті байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, топтық жұмыстар мен талқылаулар өткізуге, практикалық тапсырмаларды бірге орындауға қолайлы. Онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар және видеосабақтар – мемлекеттік тілді оқытудың қолжетімді және интерактивті құралдары ретінде маңызды роль атқарады. Технологиялар арқылы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мемлекеттік тілдің қоғамда кеңінен қолданылуына және ұлттық бірегейліктің нығаюына ықпал етеді.

Сабақты қызықты етіп өткізу, оқыту үрдісін тартымды етіп ұйымдастыру мәселесін шешу жолында ойымызға келетін ең негізгі жолдардың бірі – ойын технологияларын қолдану. Нақты біздің ісімізде, яғни заңгерлерге қазақ тілін оқытуда қолданылатын ойынның мақсаты – ойын технологиясы арқылы тіл үйренушілердің сөйлеу дағдысын дамыту, қалыптастыру, сөздік қорын арттыру. Ал міндеті – тіл үйренушілердің қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Оқытушының бірінші міндеті – алдында отырған осындай алуан түрлі тіл үйренушілердің ойын қазақ тілін үйренуге шоғырландыру. Ал сабақ барысында дұрыс, сауатты әрі орынды қолданылған ойын түрлері осы мәселелерді шешудегі басты тиімді құралдардың бірі деп сеніммен айтуға болады. Оқыту үрдісінде қолданылатын ойындар – тіл үйренушілердің білімдерін арттырудың құралы. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Сабақтың қай кезеңінде қолданылуына байланысты ойындардың мақсат-міндеттері әртүрлі болуы мүмкін. Ойынды сабақтың басында қолданса, өткен сабақты еске түсіруге бағытталады. Сабақтың ортасында болса, тыңдаушылардың көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін

дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Ал сабақтың соңында қолданылған ойын тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтерді беруші рөлін атқарады. Өз күшімен жоба-тапсырманы орындауда тіл үйренушілер өз жұмыстарын жоспарлау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді. Жаңа кезеңде қазақ тілін сапалы әрі тиімді оқыту жүйесі ретінде ойын технологиясы арқылы оқытуды таңдап алудың бірнеше себептері бар. Олар: Ойын әдісі арқылы оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері магистранттардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Ойын жұмысын орындау арқылы магистрант өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Ол тілді меңгеру үдерісінде қазақ тілін оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Бұл әдіс магистранттың білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Аталған әдіс бойынша болашақ маман тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Ойын әдісі аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы болады, шығармашылық белсенділікті тудырады. Ойын әдісін сабақта қолданғанда оқытушыға да, магистрантқа да жауапкершілік жүктеледі әрі магистранттың өзіне деген сенімділігін арттырады. Ойын әдісі өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді.

Ойын технологиялары арқылы қазақ тілін оқытудың бірнеше негізгі әдістері бар. Бұл әдістер магистранттарды қызықтырып, олардың пәнге деген ынтасын арттыруға, сонымен қатар тілдік дағдыларды дамытудың тиімді құралына айналуға мүмкіндік береді. Мәселен, *лексикалық ойындар*: магистранттарға жаңа сөздер мен тіркестерді қолдана отырып, сөздік қорын байытуға бағыттайды. Мұндай ойындар магистранттардың есте сақтау қабілетін жақсартады, әрі олар жаңа сөздер мен фразаларды практикалық тұрғыдан меңгереді.

Грамматикалық ойындар: қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын түсіндіретін ойындар (мысалы, дұрыс жалғауларды немесе аффикстерді таңдауды талап ететін ойындар) арқылы тілдік дағдыларды дамыту.

Рөлдік ойындар – бұл студенттерді белгілі бір жағдайға қойып, оларды қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға, шешім қабылдауға, мәселені талқылауға мәжбүр ететін әдіс. *Рөлдік ойындар*: *Әлеуметтік және кәсіби жағдайларды модельдеу*: Магистранттар рөлдерде ойынға қатыса отырып, қазақ тілінде қоғамдық немесе кәсіби жағдайларды талқылайды. Мысалы, мемлекеттік қызмет көрсету, қоғамдық пікірталас, құқықтық мәселелерді шешу. *Сөйлеу дағдыларын дамыту*: Рөлдік ойындар магистранттардың өз ойын дұрыс жеткізуіне, қазақ тілінде коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Интерактивті ойын платформалары: Магистранттарға қазақ тілін үйрену барысында пайдалы әрі қызықты тәжірибе ұсына алады. Мысалы: *мобильді қосымшалар*: қазақ тілін үйренуге арналған арнайы мобильді ойындар мен қосымшалар (мысалы, лексика, грамматика, аудио және бейнемазмұн арқылы оқу). *Онлайн платформалар*: магистранттарға қазақ тілінің грамматикалық құрылымын, сөздік қорын, дұрыс сөйлеу дағдыларын тексеретін онлайн ойындар мен тесттер (Kahoot, Wordwall, Quiz). *Квест және викторина ойындары*. Квесттер мен викторина ойындары арқылы магистранттар белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді терең меңгере алады. Бұл ойындар барысында магистранттар: қойылған сұрақтарға жауап беру үшін белгілі бір тақырып бойынша ақпарат іздейді.

Сонымен, ойынның негізгі формуласы магистрантты тіл үйренуге қызықтыру және осы тіл үйрену сабақтарын ойын ретінде өткізу арқылы меңгерту. Сонымен қатар, ойын жаңа сабақ материалын еш қиындықсыз, оның күрделі, ал сөздері қиын немесе көп болғанына назар аудартпай-ақ қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілін ойын технологиясы негізінде оқыту үдерісінде болашақ заңгердің қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығы артып, жауапкершілік, белсенділік, алға қойылған мақсатқа ұмтылушылық, шығармашылық, өздігінен шешім таба білу шеберліктері, ойлау икемділігі мен

қиялы ерекше даму сатысына көтеріледі. Сонымен қатар, ақпараттық, проблеманы шешу, коммуникативтік, мәдени-танымдық құзыреттіліктермен қоса әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді де қалыптастыруға жол ашылады.

Ойын технологиясы қолдануда тыңдаушы өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттерін артырады. Ойын технологиясы басты мақсаты – тәжірибе жүзінде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді немесе әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды тапсырмаларды орындау барысында өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Ойын тапсырмаларын орындау үстінде тыңдаушы жұптасып, немесе шағын топпен жұмыс істейді. Табысқа жету ұжымдағы әрбір мүшенің тілдік қатынасқа құрылған жоба тапсырмаларын дұрыс орындауына және ұжымның жаппай ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне байланысты.

Қазақ тілін оқытуда Абай шығармаларының ерекшелігі өте зор. Абай ілімі адам баласының ең жоғарғы мақсатын көрсетеді, ол мақсатқа жету жолын ашады және ол мақсатқа қалай жету керек екенін, яғни болмыс туралы білім береді. Ойшыл ілімі бүкіл болмыс негіздерін түгел қамтиды, сондықтан ол толық білім болып табылады. Абайдың шығармалары тақырыптарының негізгі идеясы болып жатқан ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, өнер-білімге шақырады.

Абай шығармаларын түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқуға болады. Сабақтың қызықты да тартымды өтуі үшін төмендегідей ойын түрінде өтетін сабақ үлгілерін қарастырып көрелік.

Мәселен: «Ассоциация және болжам». Тыңдаушылар топпен, жұппен немесе жеке тапсырма алады. Абайдың қара сөздерінің немесе кез келген бір шығармасының тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін немесе өлең не/кім туралы болады деп ойлайсыз?

«Сұрақ-жауап». Мәтінді тыңдатып, бір-біріне сұрақ қояды. Қойған өз сұрақтарының жауаптарынан мәтін құрастырады. Құрастырылған мәтіндер мен аудиомәтіндерді қайта тыңдап, салыстырады.

«Мәтінді тыңдап, аяқта». Абай шығармалары мәтіндерінің басын тыңдайды, келесі тыңдаушы жалғастырады, соңғы тыңдаушы аяқтайды.

«Мен диктормын». Аудиомәтінді бірнеше рет тыңдап, диктор рөліне еніп, (мүмкіндігінше жаттап алады) сөйлейді. Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктеріне тоқталады. Өлең, қара сөздерін мәнерлеп оқиды.

Абай шығармаларын проблемалық оқыту әдісі арқылы талқылап көрелік. Проблемалық оқыту-шығармашылық жұмыс көзі. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаны қажет етеді. Проблемалық әдіс академиялық теорияны нақты оқиғаларға көзқарас тұрғысынан көрсетіп беруге мүмкіндік береді. Ол оқып жатқан пәнге тыңдаушының қызығуына, әр түрлі жағдайларды сипаттайтын ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау дағдылары мен білімдерді белсенді игеруге мүмкіндік береді. Проблемалық әдіс әртүрлі практикалық дағдылардың дамуына ықпал етеді. Олар бір ғана сөйлеммен проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешеді және жағдайға талдау жасап, шешім қабылдай алуды қалыптастырады [3].

Осы әдісті игерген соң Абай шығармаларын оқу арқылы тыңдаушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерлік дағды қалыптасады, әр түрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілеті дамиды, тыңдаушы өз бетінше шешім қабылдауы үшін ақпарат іздейді, ақпаратпен жұмыс жасауды (сұхбат беру, жүйелеу, талдау) үйренеді, тыңдаушы белгілі бір мекемеде немесе елде болған инцидент туралы ақпарат алады, сонымен қатар ақпараттың аздығына қарамастан проблеманы және оны шешу үш нені білу керектігін анықтай алады. Абай еңбектері аталған әдіс-тәсілді толығымен меңгеруге себеп

болады, мұнда тыңдаушы – өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект.

Қазіргі білім беру жүйесінде академиялық білім мен практикалық дағдылардың тиімді интеграциясы аса маңызды болып отыр. Әсіресе мемлекеттік басқару саласында бұл аспект ерекше назарға алынуы керек, себебі мемлекеттік қызметшілерге тек теориялық білім ғана емес, нақты жағдайларда тиімді шешімдер қабылдай алу қабілеті де қажет.

Мемлекеттік басқару академиясы магистранттарын оқыту барысында осы талаптарды орындау үшін әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген *кейс-стади* (case study) әдісі тиімді құрал болып табылады.

Кейс-стади әдісі – бұл магистранттарды нақты өмірлік жағдайларға жақын, күрделі мәселелерді шешуге бағытталған оқыту әдісі. Кейс әдісі білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның келешек маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс тыңдаушы тарапынан нақтылы мәселені шешуге қажетті шығармашылық қабілетін дамытуды қажет етеді және оның ой-өрісінің бейнелі көрінісі болып табады. Оқытушы да сол әдіске байланысты өзінің өмірдегі жағдаяттарды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және жетілдіреді. Яғни екі тараптан да ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін ашылады.

Кейс-стадии әдісінің негізгі ерекшеліктері – шынайы жағдайларға негізделген. Әдіс нақты ұйымдарда, мемлекеттік органдарда немесе әлемдік тәжірибеде орын алған мәселелер мен жағдайларға негізделген кейстерді қарастырады. Бұл магистранттарға нақты проблемаларды шешудің тәсілдерін түсінуге мүмкіндік береді. Магистранттардың белгілі бір жағдайды талдауы, мәселелерді анықтауы және олардың шешімдерін қарастыруы қажет болады. Бұл олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, кейс-стадии әдісі көбінесе топтық жұмыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Магистранттар өзара пікір алмасып, әртүрлі шешімдер ұсынады, бұл олардың коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді.

Мемлекеттік басқару саласында шешім қабылдау үрдісі әрдайым күрделі әрі көпжақты болып келеді. Мұнда әр түрлі факторларды ескеру, әртүрлі мүдделер мен пікірлерді балансқа келтіру маңызды. Мемлекеттік басқару академиясында кейс-стадии әдісін қолдану осы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Кейстік оқыту әдісі магистранттарға тек теориялық білім берумен шектелмейді. Олар алған теориялық білімдерін нақты өмірде қалай қолдануға болатынын түсінеді. Мемлекеттік басқаруда кезігетін нақты проблемалар мен дағдарыс жағдайларында бұл әдіс оларға дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кейстерде көрсетілген жағдаяттар бірнеше баламалы шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл магистранттарға стратегиялық және талдамалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мемлекеттік басқаруда жұмыс істейтін мамандар әртүрлі қиындықтарға тап болған кезде шұғыл әрі тиімді шешімдер қабылдай алуы керек, ал кейс-стадии әдісі оларды осындай дағдылармен қаруландырады.

Болашақ маманға қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістің бірі – сын тұрғысынан оқыту технологиясы. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – білім алушылардың өздігінен ойлау, шешім қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мемлекеттік басқару академиясының магистранттары сияқты болашақ мамандарға сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру өте маңызды. Әсіресе, мемлекеттік басқару саласында жұмыс істейтін тұлғалар өз шешімдерін логикалық тұрғыда дәлелдеп, тиімді әрі кешенді түрде қабылдауы қажет. Сондықтан *сын тұрғысынан ойлау* – бұл кәсіби біліктіліктің негізі болып табылады.

Кідіріс жасай білу дағдысы – адамға еркін ойлануға мүмкіндік беретін ең қажетті қасиет. Байсалды бола білген адам ғана өз мүмкіндігін толық пайдалана алады. Кез келген ақпаратты

ой елегінен өткізіп, естіген мәліметтерді сыни тұрғыдан бағалай білу, тап келген оқиғаның астарына үңіліп, талдау жасау қабілеті аса маңызды. Фактілердің дұрыстығын тексеру, қосымша мәлімет іздеу, байсалды түрде жан-жақты талдау жасау сыни ойлауға жатады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желіде тараған ақпараттың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізбестен, мәселенің байыбына бармай жатып әрекет ету салдарынан өздері оңбай арандап, өзгелердің обалына қалып жатқандар қаншама? Адамдар арасындағы кикілжің, түсініспеушілік, араздықтың негізгі себебі ақпаратты тексермей, оған сенуден туындайды [4]. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау – кез келген ақпаратты жан-жақты ой елегінен өткізіп алып барып, қабылдау. Сын тұрғысынан ойлау – бұл ақпаратты объективті түрде бағалау, деректерді салыстыру, сұрақ қою, көзқарастар мен тұжырымдардың логикалық негіздерін тексеру қабілеті. Бұл әдіс тек шешім қабылдаудың негізі ғана емес, сонымен қатар оқыту әдісі ретінде, магистранттардың білім алу процессін тереңірек түсініп, өз ойларын еркін және дәлелді түрде жеткізуіне мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлаудың негізгі элементтері: магистранттар алынған ақпаратты зерттеп, оның маңыздылығын, дұрыстығын және сәйкестігін тексереді; өз пікірлерін нақты дәлелдер мен аргументтер негізінде білдіру; әрбір ұғымды, идеяны және тұжырымды тереңірек түсіну үшін сұрақтар қою; әртүрлі көзқарастарды салыстырып, оларды сын тұрғысынан бағалау; өз ойларын нақты негізде айқындап, тиімді шешім қабылдау. Бұл дағдылар мемлекеттік басқару мамандығы бойынша білім алушылар үшін өте маңызды, өйткені олар өз жұмысына қатысты күрделі мәселелерді шешкенде дәл осы қабілеттерді пайдаланады. Магистранттар үшін сын тұрғысынан ойлау дағдылары олардың кәсіби дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар басқарушылық қабілеттерін жетілдіруге де зор ықпал етеді. Бұл әдіс магистранттарға нақты өмірдегі жағдайларды дұрыс бағалап, ойлануға және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, тыңдаушы бойындағы талант көзін ашып, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Қорытындылай келе айтарымыз, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды қолдану бүгінгі күннің маңызды талаптарының бірі. Цифрлық дәуірде ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдер мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде және оны тиімді меңгеру үшін зор мүмкіндіктер тұғызуда. Виртуалды оқыту платформалары, мобильді қосымшалар, интерактивті ресурстар мен ойын технологиялары, сондай-ақ қашықтықтан оқыту жүйелері мемлекеттік қызметшілердің тілдік дағдыларын арттыруға ықпал етеді. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мемлекеттік қызметшілерге тіл үйрену үдерісін ыңғайлы әрі қолжетімді етеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге және оны қолдану аясын кеңейтуге үлкен әсерін тигізеді. Сонымен қатар, тіл үйренудің жаңа әдістері мен құралдары мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттырып, мемлекеттік қызмет жүйесінің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Осылайша, мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану – қазақ тілінің дамуындағы маңызды қадам болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің тіл білімін жетілдіру үшін жаңа технологияларды енгізу, тілдік орта қалыптастыру және мемлекеттік тілде кәсіби қызмет көрсету дағдыларын дамыту – бұл еліміздің болашағы үшін маңызы зор мәселе.

Пайдаланған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. «Егемен Қазақстан» газеті, 01.09. 2021.
3. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі. Алматы, 2008. – 105 б.
4. Қ.Жолдыбайұлы. Кемел адам. Алматы, 2021 – 291 б.

Аманжолұлы Ғ.

ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы, экономика ғылымдарының магистрі

Талдықорған қ., Жетісу облысы Қазақстан Республикасы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ОҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ВОЛОНТЕРЛІК ЖҰМЫС

Аннотация. Мақалада волонтерлік жұмыстар бойынша мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру жолында тәжірибе жүзіндегі істері және мемлекеттік қызметкерлерді осы салаға тарту жолдары қарастырылған.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев "Халық үніне құлақ асатын мемлекет", "Адал азамат" тұжырымдамасын негізге ала мемлекеттік аппаратты оның ішінде, мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіруге ерекше назар аударып келеді. Бірақ бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшінің кәсіби бөлігіне ғана емес, сонымен қатар халық естіп, түсінетін тұжырымдамаларына да назар аударған жөн.

Осындай мысалдардың бірі волонтерлік қызмет болуы мүмкін, ол тек сапалы қызмет көрсету мәселелерін ғана емес, қажет болған кезде халықты жан-жақты қолдау мәселелерін де қамтиды.

Бірақ бүгін күні тәжірибе көрсетіп отырғандай, біздің мемлекеттік қызметшілеріміз волонтерлік бастамаларға назар аудармай, тікелей өз міндеттерін атқарумен ғана шектеледі. Ал, волонтерлік бастамалар арқылы өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің халық арасындағы өзара іс-қимылын жақындастырады.

Волонтерлік жұмыс - еліміз үшін соңғы 10 жылдағы дамып келе жатқан салалардың бірі. Ал мемлекеттік қызметкерлердің волонтер болуы мемлекеттік қызмет имиджінің де маңызды бөлігі болып табылады, сонымен қатар ол мемлекеттік қызметшілердің жеке дамуына, жаңа білім мен дағдыларға ие болуына қажетті жағдайлар жасайтыны сөзсіз.

Елде волонтерлік қызметті дамытуға жәрдемдесудің алғышарттары "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Заңның қабылдануымен пайда болды, онда волонтерлік қызметке алғаш рет сілтеме жасалды [1].

Ұлттық волонтерлік желінің деректері бойынша Қазақстанда волонтерлік қозғалысқа әр түрлі бағытта жұмыс істейтін кемінде 240 000 адам тартылған. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 жылғы деректері бойынша елде 680-ден астам волонтерлік ұйымдардың бар екендігін көрсетеді. Алайда, волонтерлік қызмет көбінесе тіркелмейді және ресми құрылымдардан тыс жүзеге асырылады. Ұлттық еріктілер желісінің ақпаратына сәйкес, тіркелмеген бастамашыл топтардың саны 680 санынан шамамен 3-3,5 есе асады [2].

Ал мемлекеттік қызметтегі волонтерлік қызмет туралы тоқталсақ, қазіргі таңда ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің өңірлердегі департаменттері жанында ерікті-мемлекеттік қызметшілердің қызметін үйлестіретін еріктілер Кеңестері құрылған [3]. Осы бағытта мен волонтер ретінде соңғы 10 жылда үлкен тәжірибе жинақтап, мемлекеттік қызметке тең оң жағынан әсерін берді. Азаматтарымызға волонтерлік көмек көрсеткен уақытта мен олардың қажеттіліктерін жақсы түсіне отырып, мемлекеттік қызмет барысында шешім қабылдаған кезде азаматтық қоғамға бағытталған кешенді жұмыстар жүргіземін.

Жалпы. Жетісу өңірінде еріктілік бастамалар мемлекеттік қызметкерлер арасында танымалдылыққа ие. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан бос уақытында түрлі әлеуметтік мәселелердің шешілуінде септігін тигізіп келеді.

Нақты тәжірибеме тоқталсам, 2022 жылы өмірлік қиын жағдайға қалған Талдықорған қаласындағы әлеуметтік бейімдеу орталығында қызмет алушы 70 жастан асқан қария Кенжебек Ароновтың 26 жылдан аса жоғалған туыстарын тауып, туыстарымен қауыштырып, қария Қырғыз Республикасындағы өз үйіне оралды. Бұл қария туралы мен қызметімде БАҚ беттеріне мониторинг жүргізу барысында анықтап, өзіме мәліметтерді белгілеп алып, жұмыс уақытынан бос кезде ауқымды жұмыстар жүргізілді. ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс, қауіпсіздік комитетінің төрағасы Айгүл Құспанға көмек көрсету туралы өтініш хат жазылды. Қырғызстандық блогерлермен, “Бармысың бауырым” радиобағдарламасымен тікелей жұмыстар жүргізіліп, қолдау көрсетілді [4].

Along with this, digital technologies and solutions are being implemented everywhere in various spheres of public administration from agriculture and education to ensuring national defense and security, as it is due to the automation of state functions, the interaction of public administration bodies with legal entities and individuals in an online format.

It should be noted that some of the measures necessary for the development of artificial intelligence have already been outlined in the current Concept of Digital Transformation, development of the information and Communication technologies and Cybersecurity industry for 2023-2029, approved by Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 269, which contains measures to implement the E-Government platform model, which provides aggregation of up-to-date online data for the possibility of using artificial intelligence tools in scenario modeling and decision-making, to create a national artificial intelligence system based on Smart data Ukimet, which will make it possible to predict and make decisions based on reliable data, as well as determine directions for the development of cybersecurity, etc.

The Concept of Artificial Intelligence Development for 2024-2029 was also adopted, approved by Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 24, 2024 No. 592, which defines the strengths of the state in the use of artificial intelligence, such as data accessibility, digital

potential and adaptability of the legal framework to digital business models. Weaknesses are the lack of strategic vision, insufficient technological maturity (lack of data quality, insufficient digitization of data, data duplication, etc.) and infrastructure development, low innovation potential and human capital. The concept also provides an overview of gaps in the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of artificial intelligence that require legislative regulation, namely in terms of:

- there is no consolidation of the conceptual apparatus associated with the use of artificial intelligence, there is no direct definition, definition of the concept of "artificial intelligence";
- the scope of regulation of artificial intelligence, the competence of state bodies, as well as the legal status and responsibility of subjects are not defined;
- There are no technical regulations and national standards for products and technologies.

In general, ensuring the security of artificial intelligence is a multifaceted task and requires an integrated approach that includes technical, ethical, legal and social aspects.

In general, as international experience shows, the systematization and codification of legislation in the field of digitalization is becoming an objective necessity, but it is at different stages. At the same time, when studying international experience, it is necessary to take into account the peculiarities of national legal systems and established traditions of rule-making and law enforcement practice.

The experience of the Kyrgyz Republic is of particular interest. International experts and the UNCITRAL working group note the uniqueness of the developed Digital Code and its special importance for the development of the digital economy. Kyrgyzstan is one of the first states to develop a digital code consisting of general and special parts. The main purpose of the Digital Code of the Kyrgyz Republic is to combine digital norms into a common legal framework to improve the lives of citizens and protect rights in the digital environment, the content of which includes the regulation of such legal relations in the digital environment as digital data and resources, registries; digital services and ecosystems; technological systems, artificial intelligence systems. The Digital Code also contains provisions of previously adopted laws, including the laws "On Electronic Management", "On Electronic Signature", "On Biometric Registration of Citizens", "On Personal Information", "On Electrical communication", as well as instructions, regulations and procedures governing the "analog environment". An innovation for the legal system of Kyrgyzstan is the introduction of the concepts of "digital rights", "objects of digital law" or "objects of digital legal relations", "data principal". At the same time, the innovation is both the very concept of "object of digital law" and those things and benefits that will be recognized as such objects [2, p.109].

The objects of digital rights are: certain information or so-called digital data (including personal data), digital records (and in the form of digital documents) and digital resources; digital environment maintenance system - digital services and digital ecosystems (a set of digital systems, digital resources and digital services); processing devices themselves data, that is, digital technological systems, including data centers and telecommunication networks; infrastructure, which includes lands, buildings, structures, structures and other similar objects in terms of access to them by owners of digital technological systems.

The types of subjects of digital legal relations are classified depending on which of the designated objects the subject has the authority for and what functions they perform in the digital environment. Among the set of rights realized by subjects in the digital environment, one can distinguish: the right to access digital data; the right to create, distribute and use digital data, process it in any way not prohibited by law; the right to possess digital rights to objects created or otherwise obtained in the digital environment; the right to create digital communities and participate in defining their rules; the right to determine their identity (including by specifying a name, title, and other identifiers); the right to withdraw from any digital community with the ability to delete any data related to their identity within the digital community [3].

The Digital Code of Azerbaijan also aims to establish rules, frameworks and standards for digitalization in the country, which will increase the efficiency of using public resources.

The main idea of the draft Digital Code of the Russian Federation is to establish a systematic and functionally complete legal regulation of public relations arising from the formation, turnover, consumption and protection of information, including through the use of information and communication technologies and communications. It is assumed that structurally the draft Code will consist of General and Special parts.

The general part includes norms defining general provisions, subjects of relations and their legal status; objects of information relations (information, information and communication technologies, communications).

The special part includes:

- Information. Legal bases for regulating information relations: forms, types and categories of information; creation, dissemination, use, storage, destruction of information; legal bases of media activities; legal status of data, information resources, regulation of data processing relations in certain types of legal relations, special (sectoral) principles of digital data processing; features of data processing using big data technologies and the Internet of Things;

- The legal regime of personal data: the processing of personal data, including the establishment of the turnover of depersonalized personal data, the regulation of the basics of the creation and functioning of a digital profile;

- Legal basis for regulating the creation and application of information and communication technologies (including digital): definition of the concept and types of information and communication technologies, the procedure for their creation, development and operation, the procedure for their application by government agencies, legal entities and individuals;

- Legal bases for regulating certain types of digital technologies: cloud services, digital services and platforms; distributed data registry systems; blockchain, artificial intelligence (legal bases for the development, training and application of artificial intelligence systems, including related principles, restrictions and responsibilities arising in connection with this; definition of user responsibilities and responsibilities artificial intelligence systems and other persons, in particular, responsibilities for disclosure of information in the application of certain types of artificial intelligence systems);

- Legal basis for regulating relations in the field of communications: quality, accessibility and security of communication services and the Internet; postal communication;

- Information protection. Information security: regulation of the information security infrastructure, establishment of liability mechanisms for non-compliance with the requirements for the information security infrastructure, the order of interaction of subjects in the process of the activity under consideration, as well as in case of violation of information protection and information security requirements; establishment of the legal regime of electronic signature;

- The legal basis for the regulation of critical information infrastructure facilities and the requirements for ensuring their information security.

In Italy, in 2005, the Code of Digital Administration or the Digital Administrative Code was adopted and is in force, aimed at digital interaction of public administration bodies with the population, business and each other, for this purpose defining the basic concepts, regulating the rights of citizens and organizations to use technology, the procedure for using information and communication technologies in management activities, the legal regime electronic document, electronic signature, payments, acts and document storage, methods of different types of data, the procedure for the provision of electronic services.

The French experience is interesting in terms of scientific development of artificial intelligence, in particular, the National Strategy for the Development of Artificial Intelligence (2018). A little later, the Ministry of Higher Education, Research and Innovation developed a National

Strategy for Research in the field of artificial intelligence, which is one of the components of the National Strategy for the Development of Artificial Intelligence. Its goal is to ensure that France enters the top five world leaders in the field of artificial intelligence and become a European leader in research in this field [4, p.6]. Specific measures aimed at implementing the Research Strategy were reflected in the Program for the Development of Research in the field of artificial intelligence for 2018-2022, which provided for:

- creation of autonomous Interdisciplinary artificial intelligence institutes based on several state educational and research institutes, whose task is to train personnel and develop research in the field of artificial intelligence in such areas as healthcare, environment, transport, territorial development and energy. Interdisciplinary institutes of artificial intelligence should become a kind of "free zones of artificial intelligence" with simplified administrative practices (including contracting external contractors and attracting private partners offering fundamentally new solutions in the field of artificial intelligence;
- attracting and supporting specialists in this field throughout the country;
- assistance in the development of a special program for artificial intelligence training, which provides for doubling the number of specialists who annually receive a doctorate in this field;
- increasing computing resources, including the creation of a supercomputer designed for scientific research in the field of artificial intelligence, which all researchers and their partners must have access to;
- strengthening public-private partnerships;
- Strengthening of bilateral European and international cooperation.

The National Research Institute of Informatics and Automation was entrusted to coordinate the Program with the involvement of the scientific community, as well as the Innovation Council, the Innovation and Industry Foundation. In the range of socially significant problems and challenges with the help of artificial intelligence, the Innovation Council, guided by certain criteria (scientific and technical coverage, little research, social and economic impact on strategic areas, opportunities to market new products and services, reliance on the best practices of French laboratories and companies) includes: improving medical diagnostics through the use of artificial intelligence technologies; ensuring the safety, certification and reliability of systems using artificial intelligence; ensuring the resilience of digital systems to cyber attacks; production of biologics with high added value; creation of a high-density energy storage for mobility with zero fossil fuel content [3, p.6]. The implementation of this Program has made it possible to strengthen and expand ties between the scientific and business communities, to intensify the process of creating startups, the number of which currently stands at 453.

Singapore has a Government program aimed at expanding the local digital economy and developing a smart digitalized society, offering an approach for the seamless integration of electronic services and government standards in three areas: citizens, businesses and civil servants [4, p.7].

Uzbekistan also deserves attention in terms of the development of electronic document management, which is already widespread in civil circulation, unlike the Republic of Kazakhstan, in whose civil legislation, according to general principles, principles, the use of electronic technologies is meant and does not fully find legal consolidation, including according to the hierarchy of legal acts (between the norms of the Civil Code and the Law of the Republic of Kazakhstan "On electronic document and electronic digital signature" (to a greater extent regulation in the context of the provision of public services), which causes conflicts and a non-uniform interpretation of legal norms.

Thus, in accordance with article 14 of the Law of the Republic of Uzbekistan "On Electronic Commerce": "An agreement in electronic commerce is formalized by agreeing on the terms of the agreement by approving electronic documents and (or) electronic messages between the parties in the form of an electronic document. The formation of documents in e-commerce is carried out by

agreement of the parties. The contract must comply with the requirements established by law for the content and form of documents related to the conclusion and execution of the contract.

Checks, receipts, messages and other documents in electronic form that allow operators or sellers of electronic commerce to identify the parties to the contract formed by information systems when selling goods (works, services) are equated to similar paper documents confirming the purchase of goods (works, services) [5, p.18].

When concluding contracts, in cases where the legislation or the agreement of the parties requires signing a document with his own hand, an electronic document is considered signed if the party to the contract has completed the procedure for confirming an electronic digital signature.

In an e-commerce document, electronic confirmation methods ("SMS", "Face-ID" and others) are also recognized as signatures, expressing consent and allowing identification and authentication of the person who signed the document."

Therefore, according to the review of the legislation of the Republic of Uzbekistan, the signing of documents, contracts via SMS, is a legitimate, legitimate basis for the conclusion, signing by the Parties to the contracts, contractors, since the registration of cellular phone numbers is carried out according to the scheme "IMEI code + SIM card + subscriber's INN" and this combination fully identifies and confirms the identity of the signatory of the document when entering the SMS confirmation code. It should be noted that Uzbekistan is adopting Kazakhstan's experience in creating online public services.

The need to develop and adopt the Digital Code of the Republic of Kazakhstan has been actively discussed at various scientific platforms. The issues of systematization, including the codification of information legislation, are already traditional in the science of information law, but in recent years, this problem has increasingly been considered in relation to the Digital Code. The main problems and difficulties of the development and adoption of the Digital Code of the Republic of Kazakhstan, its possible models are discussed constructively. It can be noted that the CIS Model Information Code was developed earlier and is in force in the post-Soviet space.

The draft Digital Code provides for three main directions: digital rights of citizens, digital state systems and the digital economy, contributing to the creation of convenient and accessible digital services for citizens, as well as the elimination of regulatory barriers [6, p.79]. It is supposed to provide legal support for a secure infrastructure for storing, processing and transmitting data; improve the procedure for sharing open data contained in departmental information systems of state bodies; illegal use of personal data [7]

The draft Digital Code contains:

- General provisions: provisions fixing the conceptual framework; basic principles and objectives of state policy in the digital environment; rights of citizens of the Republic of Kazakhstan;
- Public administration in the digital environment: the competence of public authorities;
- State control in the digital environment and in the field of cybersecurity, in the field of technological infrastructure development;
- Self-regulation: goals, functions and international cooperation;
- Data: types, management, processing, portability, compatibility, quality, data requirements;
- Data reuse: default openness, terms of use, data categories significant for small and medium-sized businesses, the procedure for interaction of the operator of the digital government technology platform with government agencies and other organizations;
- Intermediaries for the management of personal data: services, requirements for the implementation of activities, accreditation;
- Databases: legal regime, formation and use of state databases, access, databases containing personal data;
- Data analytics in public administration;

- Personal data and their protection: collection and processing, protection, rights and obligations of the personal data subject, owner and (or) operator of the personal data database;
- Electronic document and electronic digital signature: rights and obligations of a participant in the electronic document management system, principles, requirements, storage, use, means of cryptographic protection of information, recognition of a foreign electronic digital signature, certificate of electronic digital signature (issuance, content, refusal to issue, procedure and term of storage, revocation), certifying center (activity accreditation, functions, termination of activity, protection of information), responsibility, procedure for consideration and appeal of disputes;
- Digital platforms: types, classification, requirements, foreign digital platforms, guarantees for the safe use of artificial intelligence technologies (systems).
- Technological infrastructure: telecommunications networks, radio frequency spectrum, development of communication networks, data centers, mail;
- "Digital government": functioning, architecture, architectural portal, web portal, unified technology platform, classification of public digital services (services) and their provision;
- Digital assets: requirements, issuance decisions, issuance and circulation, non-interchangeable digital token, digital asset exchanges, government regulation of digital mining;
- Cybersecurity: public administration, testing and auditing, protection in the digital environment;
- Responsibility for violation of the legislation of the Republic of Kazakhstan. Final and transitional provisions.

Summarizing all of the above, it can be determined that the Digital Code is designed to comprehensively address the issue of streamlining existing information relations due to the lack of a unified legislative framework regulating the activities of digital service providers, etc.; to unify the legal norms governing the processes of using information and communication technologies, including with the use of artificial intelligence, since there is an uncontrolled use of big data, data processing algorithms, hidden collection of personal data, provision of "selective" or unreliable information by citizens; and also eliminate the gaps and conflicts existing in our legal system, taking into account international experience, especially in regulating digital human and civil rights, establishing dispute resolution procedures and ensuring the protection of user rights.

The potential of implementing the norms of the Digital Code is aimed at improving the quality of life of individuals and legal entities, increasing the pace of economic growth, improving the efficiency of services provided by the state and the private sector, increasing the favorable investment climate and transformation of public administration in the context of the development of the digital economy, will also ensure transparency of decisions taken by government agencies and organizations, analyze a large amount of information, predict and model potential corruption risks.

List of literature:

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года // Информационно-правовая система «Әділет».
2. Хуснутдинов А. Право на доступ в Интернет – новое право человека? // Сравнительное конституционное обозрение, 2017. - №4. – С.109-123.
3. Габдуалиев М. К вопросу об определении понятий «функции», «компетенция», «полномочия государственного органа. // Юрист, 2013. - №9 (сентябрь) [Электронный ресурс] // <http://www.zakon.kz>
4. Tomalty J. Is there a human right to Internet Access? // Philosophy Now, 2017. – Vol. 118. – P. 6-8.

5. Иноземцев М.И. Цифровое право: в поисках определенности. // Цифровое право, 2021. – Том 2. - №1. – С.9-21.
6. Идрышева С.К. О цифровом кодексе Казахстана. // Право и государство, 2022. - №3 (96). – С.72-87.
7. Шичанин М. Что должен содержать Цифровой кодекс – мнение экспертов. // Информационно-правовой портал «Гарант.ру», 27 июня 2024.

List of literature:

1. The Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 // Information and legal system "Adilet".
2. Khusnutdinov A. The right to access the Internet – a new human right? // Comparative Constitutional Review, 2017. - No.4. – pp.109-123.
3. Gabdualiev M. On the issue of defining the concepts of "functions", "competence", "powers of a state body. // Lawyer, 2013. - No.9 (September) [Electronic resource] // <http://www.zakon.kz>
4. Tomalty J. Is there a human right to Internet Access? // Philosophy Now, 2017. – Vol. 118. – P. 6-8.
5. Inozemtsev M.I. Digital law: in search of certainty. // Digital Law, 2021. – Volume 2. - No.1. – pp.9-21.
6. Idrysheva S.K. About the Digital Code of Kazakhstan. // Law and the State, 2022. - №3 (96). – Pp.72-87.
7. Shichanin M. What the Digital Code should contain is the opinion of experts. // Information and legal portal "Garant.<url>", June 27, 2024.

Information about the author. Dautbayeva Dinara Altaevna, Mobile phone: 8-701-807-91-99
E-mail: dinara-788@mail.ru

УДК: 35.082

Досжанова А.Т.,

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы
Адами ресурстарды басқару бағдарламасының магистранты, Астана қ.*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ТӘЛІМГЕРЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕРІ

Аңдатпа: Тәлімгерлік институты мемлекеттік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тәлімгерлік институты мемлекеттік қызметте маңызды рөл атқарады, себебі ол мемлекеттік қызметке жаңа түскен тұлғаларды үйрету, дамыту және кәсіби тәжірибе жинақтауға бағытталған. Мемлекеттік қызметте тәлімгерлік институты соңғы жылдары даму жолында. Бүгінгі күні мемлекеттік органдарда тәлімгерліктің тиімділігі мен тиімді жұмыс істеуі кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға тікелей әсер етеді. Бұл мақалада мемлекеттік қызметтегі тәлімгерліктің маңызы мен рөлі терең зерттеліп, оның мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына және тиімділігін арттыруға тигізетін әсері талданады және оны реттейтін заңнамалық негіздер сарапталады.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызмет, сынақтан өтуші, тәлімгер, тәлімгерлік, тәлімгерлік институты, бейімделу, институционалдық жады.

Аннотация: Институт наставничества является важной составляющей частью государственной службы. Институт наставничества играет ключевую роль в государственной службе, так как направлен на обучение, развитие и накопление профессионального опыта новых сотрудников. В последние годы институт наставничества в государственной службе на пути развития. На сегодняшний день эффективность и результативность наставничества в государственных органах напрямую влияют на стабильность кадров и повышение качества государственной службы. В данной статье будет исследована значимость и роль наставничества в государственной службе, проанализировано его влияние на профессиональное развитие государственных служащих и повышение их эффективности, а также рассмотрены законодательные основы, регулирующие данный процесс.

Abstract: The mentoring institute is an important part of the public service. The mentoring institution plays a key role in the public service, as it is aimed at training, developing and accumulating professional experience of new employees. In recent years, the institution of mentoring in the public service has been on the path of development. Today, the effectiveness and efficiency of mentoring in government agencies directly affects the stability of personnel and improving the quality of public service. This article will explore the significance and role of mentoring in the civil service, its influence on the professional development of civil servants and increasing their efficiency is analyzed, and the legislative framework regulating this process is also considered.

Мемлекеттік қызмет – қоғамдағы негізгі салалардың бірі, ол елдің тұрақты дамуына, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасына және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, жаңа қызметкерлерді мемлекеттік қызметке тиімді дайындау, ұйымдық мәдениетті қалыптастыру және білім мен тәжірибені беру үшін тәлімгерлік институты маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет жүйесі заңнамалық түрде ресімделіп, орталық деңгейінде де, жергілікті өзін-өзі басқару органдары деңгейінде де кадр саясатын үйлестіру жолдары табанды түрде іздестірілуде. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған тұлға әлеуметтік және кәсіби бейімделу процессінен өтеді. Әлеуметтік бейімделу

— жеке адамның жаңа әлеуметтік ортаға, атап айтқанда, жұмыс ұжымына, ұйым мәдениетіне және қоғамдық нормаларға үйлесімді түрде интеграциялану процесі. Бұл кезеңде қызметкерлердің жаңа ортада қарым-қатынас орнатуы, өзара түсіністікке жетуі және ұжымдық мәдениетке енуі маңызды. Кәсіби бейімделу — қызметкердің өзінің кәсіби міндеттері мен жауапкершіліктерін орындауға қажетті дағдылар мен білімдерді игеру процесі. Бұл кезеңде қызметкерлер жаңа жұмыс жағдайына, технологияларға және стандарттарға бейімделуі тиіс. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған тұлғаның бейімделу процесі сәтті өту үшін басшылар жаңа қызметкерлерге, әсіресе олардың жаңа ұжымға психологиялық бейімделуіне көңіл бөлуі керек. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған тұлғаның кәсіби бейімделуінің рөлі белгілі бір білім, білік және ынтымақтастық дағдыларын меңгеру болып табылады. Жас маманның әлеуметтік бейімделуі оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасында. Осыған байланысты қазіргі жағдайда тәлімгерлікке орасан зор орын беріледі.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына сәйкес, мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет орналасқан мемлекеттік қызметшілерге үш айлық сынақ мерзімі белгіленетіні көрсетілген. Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшілерге сынақ мерзімі басталған күннен бастап тәлімгерлер тағайындалады.

Жоғарыда көрсетілген Заңның және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сынақ мерзімінен өтудің қағидалары мен шарттарын және тәлімгерлерді бекітудің тәртібін бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қазандағы № 21 бұйрығында әкімшілік мемлекеттік лауазымға алғаш қабылданған азаматтарға тәлімгерді бекіту (бұдан әрі – Қағида) нормасы көзделген.

Аталған Заңға сәйкес, тәлімгер – мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшіге бекітілетін, оның кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші деп сипаттама берілген[1].

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген қағидаға сәйкес тәлімгер – сынақтан өтушіге бекітілген, оның кәсіби даярлығына практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші деп анықтама берілген[2].

Осы орайда, Заңнама мен қағидаларда көрсетілген тәлімгер ұғымын үйлестіріп, бір редакцияда көрсету ұсынылады.

Мемлекеттік қызметте бір тәлімгерге екі ғана сынақтан өтуші бекітуге болады. Осы орайда, тәлімгердің негізгі міндеттеріне сынақталушыны мемлекеттік қызметке бейімдеу, тәжірибелі маман ретінде тиімді жұмыс тәсілдері мен әдістерін көрсету, ұйымның құндылықтарын, этикалық нормаларын және қызметтік мінез-құлық ережелерін түсіндіру, сынақталушыға қызметтік міндеттерді орындауға қажетті кәсіби дағдыларды үйрету болып табылады.

Сынақталушыны ұжымның қоғамдық іс-шараларына белсенді араласуға ынталандырады, салауатты өмір салтын ұстануға шақырады, жалпы мәдени және кәсіби білімнің дамуына ықпал етеді, патриоттық сезімдерді тәрбиелейді. Сондай-ақ, олардың құқықтары мен мемлекет алдындағы жауапкершіліктерін түсіндіреді. Бұл жауапкершілік тәлімгерден терең кәсіби білімді ғана емес, сонымен бірге көшбасшылық қасиеттерді, тәжірибені, және жұмыс этикасын талап етеді.

Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, жоғары кәсіби қасиеттерге ие, соңғы жыл бойы қызметін бағалауда «тиімдіден» төмен емес нәтижелері, тәрбие жұмысына бейімділігі және ұжымда беделі бар, сондай-ақ тәлімгер болып тағайындалған кезде тәртіптік жазалары жоқ мемлекеттік қызметші тәлімгер болып тағайындалуы мүмкін [2]. Мемлекеттік қызметте тәлімгер болу – құрметті әрі жауапкершілігі жоғары міндет. Ол мемлекеттік қызметке жаңадан

келген адамның болашақта кәсіби түрде қалыптасуына негіз болады деп сеніммен айтуға болады.

Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған тұлғаның сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін келесі ықтимал шешімдер қабылдануы мүмкін:

1) «Сынақ мерзімінен сәтті өту» – сынақ мерзімінен табысты өткен жағдайда, уәкілетті тұлғаның шешімімен мемлекеттік қызметші жұмысын тұрақты негізде жалғастырады.

2) «Сынақ мерзімін ұзарту» – егер сынақ нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, уәкілетті тұлғаның шешімімен сынақ мерзімі үш айға дейін ұзартылуы мүмкін. Бұл мерзім кейін қайта ұзартылмайды.

3) «Жұмыстан босату» – егер мемлекеттік қызметші лауазым талаптарына сай келмесе, жұмыс беруші еңбек қатынастарын тоқтатуға құқылы. Бұл шешім сынақ мерзімі кезінде атқарған жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, мемлекеттік қызметі істері жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мәліметіне сәйкес 2022 жылы осы кезеңде мемлекеттік қызметке қабылданған 5685 азаматқа сынақ мерзімі тағайындалған. Бұл ретте 154 (2,7%) қызметшінің сынақ мерзімі 6 айға дейін ұзартылып, 2 сыналуды сынақ мерзімінен өтпей және көрсетілген кезеңде жұмыстан шығарылған[3].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік қызметтегі тәлімгерлік мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар, институционалдық есте сақтауды, салалық міндеттердің сабақтастығын, басқарушылық қателіктер мен бұрынғы жетістіктерді есепке алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге қабілетті қызметшілердің тәлімгер ретіндегі әлеуетінің жеткіліксіз пайдаланылуына байланысты қажетті нәтиже бермейді деп көрсетілген [4]. Оларға әсер ететін негіздер ретінде мемлекеттік қызметтегі көптеген тәлімгерлердің жұмыс жүктемесінің жоғары болуы, тәлімгерлерге материалдық немес материалдық емес ынталандырудың болмауы, кейбір мемлекеттік қызметшілердің тәлімгерлік қызметін атқару үшін қажетті дағдылар мен тәжірибенің жоқтығын сезінуі, тәлімгер болу қосымша жауапкершіліктер мен міндеттерді жүктейтіні және мемлекеттік органда командада жұмыс істеу мәдениеті болмауы болып табылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметте кадрлардың жиі ауысуы тәлімгерлікке теріс әсер ететін факторлардың бірі болып табылады, себебі бұл жаңа қызметшілердің бейімделу процесін қиындатады және тәлімгерлердің өздерінің білімдері мен тәжірибелерін жеткізу мүмкіндігін шектейді. Әрдайым өзгеріп отыратын команда құрамымен жұмыс істеу, тәлімгерлердің үздіксіз қолдау көрсетуіне кедергі келтіреді, өйткені олар әр жаңа қызметкерге қайтадан уақыт пен ресурстар жұмсап, тәжірибені жаңадан бастап үйретуге мәжбүр болады. Бұл жағдай, өз кезегінде, тәлімгерлік бағдарламасының тиімділігін төмендетеді, өйткені тұрақсыздық жаңа қызметкерлердің ұйымға деген сенімін төмендетіп, олардың мотивациясына әсер етеді. Сонымен қатар, қызметкерлердің жиі ауысуы ұйымдағы тәжірибе мен білімнің жоғалуына алып келеді, бұл командалық жұмыстың сапасын және жалпы өнімділікті нашарлатады. Сондықтан, кадрлардың тұрақтылығын арттыру мен тиімді тәлімгерлікті құру арасында тығыз байланыс орнату өте маңызды. Тәлімгерлік институтының тиімді жұмысы мемлекеттік басқару жүйесіне бірқатар мүмкіндіктер әкеледі.

Сынақ мерзімінің сәтті аяқталуы мемлекеттік қызметшінің және тәлімгердің де оң нәтижелі жұмысын көрсетеді. Тәлімгерлік қызметтік аяқталуы бойынша тәлімгерді ынталандыру қажет. Қағидаға сәйкес, қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны және сынақтан өтушінің кәсіби дамуы мен тәрбиесіне қосқан маңызды үлесі үшін тәлімгерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сай марапаттау ұсынылатыны көрсетілген. Кейбір мемлекеттік органдарда тәлімгерлерді марапаттаудың материалдық емес формалары кеңінен

қолданылып жатқанына қарамастан, қазіргі қолданыстағы заңнамада мемлекеттік қызметшілерге тәлімгерлік қызметі үшін материалдық ынталандыру түрлері қарастырылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, сапалы тәлімгерлікті қамтамасыз ету және тәлімгерлердің еңбегін бағалау мақсатында тәлімгерлік кезеңінде қосымшаақы бекітуді немесе сынақ мерзімінің сәтті аяқталуы бойынша тәлімгерге сыйлықақы беруді заңнамалы түрде бекітуді ұсынамыз.

Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған тұлғаларды ары қарай бейімдеу мақсатында көптеген елдерде тәлімгерлік институты кеңінен қолданылады. Сингапур, Жапония және АҚШ-та мемлекеттік қызметтегі тәлімгерлік жүйесінің өз ерекшеліктері бар, дегенмен олардың жалпы мақсаты — жаңа қызметкерлердің кәсіби дамуына қолдау көрсету, бейімделуін жеңілдету және тәжірибелі қызметкерлердің жинаған білімдері мен дағдыларын бөлісу болып табылады[4].

Азиядағы қарқынды дамудың символына айналған Сингапурда мемлекеттік қызметтегі тәлімгер мемлекеттік қызметке жаңа қабылданған қызметкерді алғашқы 3-тен 6 айға дейінгі кезеңде қолдау көрсету үшін бекітіледі. Бұл кезең, әдетте, жаңа қызметкердің бейімделуіне және жұмысқа кірісуіне қажетті уақыт ретінде белгіленеді. Тәлімгерлік бағдарламасы барысында жаңа қызметкер тәлімгерімен үнемі кездесіп, кәсіби дағдыларды игеру және ұйымдық мәдениетке бейімделу бойынша көмек алады. Егер қажеттілік туындаса, тәлімгерлік мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ негізгі бағдар — жаңа қызметкердің жылдам және тиімді интеграциялануы[5].

Мемлекеттік қызметі жоғары ұйымдасқан Жапонияда мемлекеттік қызметте тәлімгерлік мерзімі, әдетте, 6 айдан 1 жылға дейін созылуы мүмкін. Тәлімгер жаңа қызметкердің тек бейімделуімен шектелмей, оның ұзақ мерзімді кәсіби дамуына да назар аударады. Тәлімгерлік әсіресе алғашқы 6 айдан 1 жылға дейін маңызды болып саналады, бірақ қызметкерлердің арасында ұзақ мерзімді қарым-қатынастар орнап, тәжірибелі қызметкер жас маманға одан әрі де қолдау көрсетуі мүмкін. Жапон мәдениетінде ұзақ мерзімді тәлімгерлік қарым-қатынас жоғары бағаланады[6].

АҚШ-та мемлекеттік қызметтегі тәлімгер жаңа қызметкерге 1 жылға дейін уақытқа бекітіледі. Бұл кезең жаңа қызметкердің жұмысқа толық бейімделуі мен өз міндеттерін тиімді орындауға қабілетті болуына мүмкіндік беретін уақыт болып саналады. Тәлімгерлер әдетте белгіленген уақыт ішінде тұрақты кездесулер өткізіп, кәсіби мақсаттар мен мәселелерді талқылайды. АҚШ-та кейбір жағдайларда, тәлімгерлік қарым-қатынастар одан әрі бейресми түрде жалғасып, қызметкердің мансаптық өсуіне ұзақ уақыт бойы қолдау көрсетілуі мүмкін[7].

Әр елде тәлімгерлік жергілікті мәдениет пен басқару ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылғанымен, оның басты мақсаты — жаңа мемлекеттік қызметшіні ұйымға бейімдеу және кәсіби дағдыларын дамыту.

Қорыта келгенде, мемлекеттік органдарда тәлімгерлік институтын дамыту институционалдық жадыны сақтауға және сапалы кадрларды дамытуға жағдай жасайтын мемлекеттік қызметтегі өзекті және аса маңызды кадрлық технология болып табылады. Мемлекеттік қызметте дұрыс ұйымдастырылған тәлімгерлік мемлекеттік орган үшін де, тәлімгерлер мен жаңа қабылданған қызметкерлер үшін де тиімді.

Сондықтан, мемлекеттік қызметте тәлімгерлік институтын нығайту — кәсіби даму мен кадрлық құрамның сапасын жақсарту жолындағы маңызды қадам. Оны жүзеге асыру үшін барлық деңгейде нақты стратегиялар мен тиімді механизмдерді енгізу қажет, бұл мемлекеттік қызметтің тиімділігін және қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Тәлімгерлікті нығайту мен дамыту арқылы мемлекеттік қызметте кәсіби білім мен дағдыларды тиімді беру, команда арасындағы ынтымақтастықты арттыру және қызметшілердің мотивациясын көтеру үшін қажетті шараларды қабылдау маңызды.

Жас мамандардың қызметке сәтті бейімделуі мен олардың табысты дамуы көбінесе тәлімгердің тәжірибесіне және оның көрсеткен көмегіне байланысты. Жас маман сәтті бейімделсе, бұл мемлекеттік органның кадрлық процесінің тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ [Электронды ресурс]. — Қарау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сынақ мерзімінен өтудің қағидалары мен шарттарын және тәлімгерлерді бекітудің тәртібін бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қазандағы № 21 бұйрығы [Электронды ресурс]. — Қарау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014448>

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы 2022 жылғы ұлттық баяндама [Электронды ресурс]. — Қарау режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/454043?lang=kk>

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығы [Электронды ресурс]. — Қарау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000602>

5. <https://singaporelegaladvice.com/law-articles/employee-probation-singapore/>

6. <https://www.iinji.go.jp/seisaku/ninmen/mentor.html>

7. <https://www.opm.gov/policy-data-oversight/training-and-development/mentoring/>

Хат алмасуға жауапты автор туралы мәлімет: Досжанова Айгүл Төлегенқызы, 8-702-761-67-11, e-mail: a.doszhanova@apa.kz

УДК: 35.08

Дүйсенбекова М.Т,

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӘСІБИЛЕНДІРУ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның және бірқатар елдердің мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің өзекті үлгілері мен тәсілдері қаралады. Онда мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің түрлі модельдерін талдау және Қазақстанда оларды қолданудың мүмкіндіктерін анықтау жүргізілген. Шетелдік тәжірибелерді зерттеу арқылы мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруда пайдалы құралдар ұсынылады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет саласындағы шетелдік сарапшыларды шақырып, тәжірибе алмасу үшін іс-шаралар, шетелдік мемлекеттік органдарда қызметкерлердің тағылымдамасын және шетелдік тәжірибені зерттеу үшін оқу курстарын енгізу, қызметкерлердің қызығушылықтары мен мақсаттарын ескере отырып, олардың мансаптық дамуына көмектесетін жол карталарын әзірлеу ұсынылады. Осы тәжірибелерді іске асыру арқылы Қазақстанның мемлекеттік қызметі халықаралық стандарттарға сай келетін, жауапты және тиімді жүйе ретінде қалыптасып, қоғамның сенімін арттыра алады.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, кәсібилендіру, тәжірибе, мансаптық өсу.

Аннотация. В статье рассматриваются современные модели и методы профессионализации государственной службы в Казахстане и ряде стран. Анализируются различные модели профессионализации государственной службы и определяются возможности их использования в Казахстане. Изучение зарубежного опыта дает полезные инструменты для повышения эффективности государственной службы. Кроме того, рекомендуется приглашать иностранных специалистов в сфере государственной службы, организовывать мероприятия по обмену опытом, внедрять курсы обучения сотрудников в иностранных госорганах и изучать зарубежный опыт, принимая во внимание учет интересов и целей сотрудников, разрабатывать дорожные карты, которые помогут развитию карьеры сотрудников. Путем внедрения соответствующих практик, государственная служба Казахстана может сформироваться как ответственная и эффективная система, соответствующая международным стандартам и способная повысить доверие общества.

Ключевые слова: государственная служба, профессионализация, опыт, карьерный рост.

Annotation. The article considers modern models and methods of professionalization of public service in Kazakhstan and a number of countries. Various models of professionalization of public service are analyzed and the possibilities of their use in Kazakhstan are determined. The study of foreign experience provides useful tools to improve the efficiency of public service. In addition, it is recommended to invite foreign experts in the field of public service, organize events for exchange of experience, introduce training courses for employees in foreign public bodies and study foreign experience, taking into account the consideration of interests and goals of employees, develop road maps that will help the development of employees' careers. By implementing these practices, Kazakhstan's civil service can emerge as a responsible and efficient system that meets international standards and can increase public confidence.

Keywords: public service, professionalization, experience, career development.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына, оның мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырғанына тоқталды.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесінің әлі де өзекті, меритократия қағидаттары бағытындағы жұмысқа оң бағасын берді [1].

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметті кәсібилендіру мәселесі бірқатар маңызды құжаттарда көрініс тапты. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Жолдауында ұзақ мерзімді басымды мақсаттардың бірі ретінде «кәсіби мемлекет» қойылса [2], «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту» мәселесі айтылған [3].

Осылайша, жылдан жылға мемлекеттік кәсіби аппарат, мемлекеттік қызметті дамыту – стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қойылып келеді.

Осы бағыттағы реформалау жүйесін жалғастыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді [4]. Тұжырымдамада мемлекеттік қызметті одан әрі дамытудың бір қағидаты ретінде мемлекеттік қызметтің гибриді моделі, яғни мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге бағытталған құралдар мен тәсілдердің прагматикалық үйлесімін пайдалана отырып, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру белгіленді.

Кәсібилендіру талант-менеджмент, кадрларды тиімді іріктеу, кәсіби қызметті бағалаумен, оқытумен және әділ еңбекақы төлеу жүйесімен байланысты дағдылар мен білімді жетілдіруге арналған мансаптық ілгерілету жүйесі сияқты персоналды басқару тәсілдерін қамтиды.

Ағымдағы жағдай.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметті кәсібилендіру – әлемнің көптеген елдері үшін маңызды мәселе. Бұл үрдіс мемлекеттік органдардың тиімділігін, жауапкершілігін және азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған. Әр түрлі елдерде мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің өзекті модельдері мен тәсілдері әзірленіп, тәжірибеге енгізілуде.

Қазақстан Республикасы да бұл үрдістен қалыс қалмайды. Елдің даму стратегиялары мен мемлекеттік қызмет реформаларының аясында кәсібилендіру шаралары белсенді түрде жүзеге асырылуда. Алайда, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін қажетті модельдер мен тәжірибелерді қарастыру және оларды ұлттық контексте бейімдеу маңызды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында мемлекеттік қызметті кәсібилендіру мәселелері бірнеше негізгі аспектілерде қарастырылады. Осы Заңда мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын кәсіби талаптар мен стандарттар белгіленген. Бұл мемлекеттік қызметте жұмыс істейтін азаматтардың білімі мен дағдыларына қатысты талаптарды қамтиды [5].

Заң мемлекеттік қызметті кәсібилендіруді қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің кәсіби дамуына, сондай-ақ нәтижелерді бағалау жүйесіне ерекше назар аударады.

Бірқатар елдерде мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің өзіндік модельдері қалыптасқан, олар Қазақстанда да пайдалануға болатын тиімді тәжірибелерді ұсынады.

Шетелдік тәжірибе.

Қазақстанда мемлекеттік қызметті кәсібилендіру барысында шетелдік тәжірибелердің АҚШ моделін қолдану, яғни конкурстық негізді әрі қарай дамыту, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тестілеу жүйесін енгізу болады. АҚШ-та мемлекеттік қызметке қабылдау процесі ашық конкурс негізінде жүреді, мысалы, USAJOBS платформасы арқылы жүзеге асырылады [6].

АҚШ-тағы мемлекеттік басқару институты (National Academy of Public Administration) мемлекеттік қызметті кәсібилендіру бойынша зерттеулер жүргізеді. Олар түрлі елдердің тәжірибесін талдайды және олардан алынған сабақтарды жергілікті контексте қалай

қолдануға болатынын ұсынады. Қазақстанға мемлекеттік қызметте бәсекелестік элементтерін енгізу, қызмет көрсету сапасын арттыру тәсілдерін қолдануға болады [7].

Ұлыбританияның тәжірибесінде мемлекеттік қызмет академияларын құру, қызметкерлердің мансаптық дамуын қолдау көзделген. Мысалы, **Мемлекеттік қызмет колледжі (Civil Service College)** — бұл мемлекеттік қызметкерлерді даярлау, білім беру және даму бағдарламаларын ұсынатын ұйым. Академия мемлекеттік қызметкерлерге әр түрлі дағдыларды меңгеруге және кәсіби біліктілікті арттыруға көмектеседі. Қызметкерлерге мансап жолдарын жоспарлау, өсу мүмкіндіктерін анықтау, коучинг және менторлық бағдарламалар ұсынылады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін жаңашыл тәсілдер мен құралдарды енгізуге көмектеседі [8].

Скандинавиялық елдер, әсіресе Дания, Норвегия және Швеция, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру және азаматтардың мемлекеттік қызметті бағалау жүйесін дамытуда үлгі боларлық тәжірибелерді ұсынады. Бұл елдерде мемлекеттік қызмет көрсету процестері азаматтардың пікірлеріне және бағалау жүйелеріне негізделген. Мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру, есептер мен статистикаларды жариялау қарастырылған. Мемлекеттік қызметті бағалау жүйесі азаматтардың пікірлеріне негізделіп, олардың ұсыныстары мен сын-пікірлері мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Транспаренттілік мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін негізгі шарт болып табылады [9].

Сингапурда мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуына үлкен назар аударылады. Сингапурдың мемлекеттік қызметінде жүйелі оқыту бағдарламалары бар. Мысалы, «Civil Service College» және «Public Service Leadership Program» қызметкерлерге мемлекеттік саясат, басқару және көшбасшылық бойынша курстар ұсынады. Бұл бағдарламалар қызметкерлердің білімін жаңартуға және дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [10].

Канадада мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігіне ерекше көңіл бөлінеді. Канадада мемлекеттік қызметкерлерді даярлау үшін «Canada School of Public Service» атты академия жұмыс істейді. Мұнда қызметкерлер үшін оқу бағдарламалары, семинарлар және вебинарлар ұйымдастырылады, мысалы, «Leadership Development Program» [11].

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлерге арналған «Employee Recognition Program» бар. Бұл бағдарлама үздік қызметкерлерді марапаттап, олардың жұмысқа деген ынтасын арттырады. Мысалы, жыл сайын үздік қызметкерлерге «Prime Minister's Award» беріледі, бұл олардың еңбегін бағалайды [12].

Австралияның мемлекеттік қызметі «Talent Management Framework» бағдарламасын іске асырады. Бұл бағдарлама қызметкерлердің кәсіби дамуына, мансаптық өсуіне және келешектегі көшбасшыларды анықтауға бағытталған. Жүйе арқылы таланттарды іріктеп, оларды тренингтер мен менторлық бағдарламаларға қатыстыру көзделеді [13].

Норвегияның мемлекеттік секторында «Diversity and Inclusion Strategy» іске асырылған. Бұл стратегия қызметкерлердің әртүрлілігін (жыныс, этникалық, жастық және т.б.) қолдайды. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметте әртүрлі топтардың өкілдері көбейіп, теңдік пен әділеттілік орнатылды [14].

Эстония мемлекеттік қызметтің цифрландыруында үлгі бола алады. Мысалы, азаматтар онлайн түрде көптеген қызметтерді ала алады, бұл уақытты үнемдейді және қызмет көрсету сапасын арттырады [15].

Жапонияда мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі мен қызметке деген адалдығы жоғары бағаланады. Олар мемлекеттік қызметтің этикалық стандарттарын сақтауға және қоғамның мүддесін қорғауға шақырылады [16].

Бұл аспектілер мемлекеттік қызметті кәсібилендірудің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Көптеген елдер HR басқару стратегияларын қолдану арқылы мемлекеттік қызметкерлердің

кәсіби дамуын қамтамасыз етеді, ынталандырады және өнімділікті арттырады. Қазақстан да осы тәжірибелерді зерттеп, ұлттық контексте қолдана алады.

Мемлекеттік қызметті кәсібилендіру тақырыбы өте маңызды және көпшілікке қызықты. Осы тақырыпты зерделеу барысында бірнеше әдебиет көздері қаралып, зерттелді.

Дүниежүзілік банк және БҰҰ мемлекеттік секторды реформалаудың түрлі модельдері мен олардың тиімділігін қарастырады. Халықаралық тәжірибелерді салыстыру арқылы мемлекеттік басқарудың заманауи мәселелеріне тереңірек түсінік береді. Бұл кітап мемлекеттік қызметті жаңғырту және тиімділікті арттыру үшін пайдалы құрал болып табылады [17].

Көптеген елдер өздерінің жүргізілген реформалары мен нәтижелері туралы зерттеулер мен есептер жариялайды.

Galip K. мемлекеттік қызметті кәсібилендіру, оның тенденциялары, мәселелері мен қиыншылықтары туралы зерттеулер жүргізеді. Оларда мемлекеттік қызмет саласындағы жаңа үрдістер, мысалы, цифрландыру, ашықтық, әр алуандылық пен инклюзия, мемлекеттік қызметтің дамуы, кәсіби стандарттардың енгізілуі, басқару практикасының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру мен қоғамға қызмет көрсету тиімділігін көтеру мәселелері ұсынылған [18].

Richard C. Kearney және Robert J. P. O'Neill мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуында HR басқару стратегияларының рөлін зерттеп, мемлекеттік қызметкерлерді қабылдау, дамыту, бағалау және ұстап қалу бойынша стратегиялар мен практикаларды ұсынған. Бұл теория мемлекеттік сектордағы адам ресурстарын басқарудағы заңдар мен ережелердің рөлін, заманауи тенденцияларды және мемлекеттік қызмет саласындағы адам ресурстарын басқарудағы қиындықтарды қамтиды [19].

Michael J. Chiu және **Niamh O'Sullivan** мемлекеттік басқару саласындағы әр түрлі теориялық және практикалық әдістер салыстырмалы түрде зерттелген. Мемлекеттік басқарудың саяси, әлеуметтік және мәдени контексте қалай жұмыс істейтіні туралы талдау жасалып, мемлекеттік басқарудағы кездесетін қиындықтар, оларды шешу жолдары мен инновациялық әдістер ұсынған [20].

Қорытынды.

Мемлекеттік қызметті кәсібилендіру — Қазақстанның дамуына стратегиялық маңызды бағыт. Шетелдік тәжірибелерді зерттеу, әсіресе Эстония, Сингапур, Канада, Жапония және Норвегия үлгілері, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруда пайдалы құралдар ұсынады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет саласындағы шетелдік сарапшыларды шақырып, тәжірибе алмасу үшін іс-шаралар, шетелдік мемлекеттік органдарда қызметкерлердің тағылымдамасын және шетелдік тәжірибені зерттеу үшін оқу курстарын енгізу, қызметкерлердің қызуғышылықтары мен мақсаттарын ескере отырып, олардың мансаптық дамуына көмектесетін жол карталарын әзірлеу мемлекеттік қызметтің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақстан бұл тәжірибелерді жүйелі түрде қолдана отырып, мемлекеттік қызмет жүйесін жаңарту арқылы халықтың сенімін нығайтып, мемлекеттік қызметтің тиімділігін жоғарылатуы тиіс.

Нәтижесінде, мемлекеттік қызмет жүйесінің кәсібиленуі тек басқару сапасын емес, сонымен қатар азаматтардың өмір сүру деңгейін, мемлекетке деген сенімділікті және елдің халықаралық мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ.К. Тоқаев. (2024). Қазақстан халқына жолдау. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1.

2. Н.Ә. Назарбаев. (1997). Қазақстан халқына жолдау. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030/history>.
3. Н.Ә. Назарбаев. (2012). Қазақстан халқына жолдау. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030/history>.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000602>.
5. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>.
6. USAJOBS. <https://www.usajobs.gov>.
7. National Academy of Public Administration. <https://napawash.org/>.
8. Civil Service College. www.civilservicecollege.org.
9. www.regeringen.dk, www.regjeringen.no, www.norden.org.
10. Civil Service College, Public Service Leadership Programme. www.cscollge.gov.sg, <https://www.cscollge.gov.sg/>, <https://www.gov.sg/>.
11. www.cspsefpc.gc.ca, Leadership Development Program.
12. Employee Recognition Program, Prime Minister's Award. www.cspsefpc.gc.ca, www.canada.ca, Prime Minister's Awards.
13. Talent Management Framework . www.apsc.gov.au.
14. Diversity and Inclusion Strategy. www.regjeringen.no, Diversity and Inclusion.
15. e-Estonia. www.e-estonia.com, www.valitsus.ee, www.ria.ee.
16. Japanese Government. www.japan.go.jp, www.cao.go.jp, www.jinji.go.jp.
17. Дүниежүзілік банк және БҰҰ-ның мемлекеттік қызметті реформалау жөніндегі баяндамалары: «Public Sector Reform: What Works and Why?», «United Nations E-Government Survey», БҰҰ-ның мемлекеттік басқару стандарттары, мысалы, «UN E-Government Survey». Дүниежүзілік банктің ресми сайты.
18. Galipp K. The Professionalization of Public Service: Trends and Challenges. – Oxford University Press. – 2022. – 402 p.
19. Richard C. Kearney және Robert J. P. O’Neill «Human Resource Management in the Public Sector»: Trends and Challenges. – Routledge. – 2020. – 200 p.
20. Michael J. Chiu және Niamh O’Sullivan «Comparative Public Administration: Theoretical and Practical Approaches»: Trends and Challenges. – Springer. – 2022. – 300 p.

ӘОЖ 351

З.А.Ескерова,
*«Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББ докторанты, Қарағанды Бөкетов
зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды*
Г.С. Ақыбаева,
э.ғ.к., қауым. профессор, Astana IT университеті, Қазақстан, Астана
С.Ш. Мамбетова,
э.ғ.к., профессор, Қарағанды Бөкетов зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды

КӨШБАСШЫЛЫҚ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ГЕНДЕР: ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР БАСҚАРУ СТИЛІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Түйін. Ерлер мен әйелдер арасындағы көшбасшылықтағы айырмашылықтар қазіргі ұйымдар мен мемлекеттік басқару жүйелерінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, ерлер мен әйелдер басқаруда әртүрлі әдістерді жиі қолданады, бұл олардың көшбасшылық стилінде, шешім қабылдау процесінде және ұжыммен қарым-қатынасында көрініс табады. Ер адамдар әдетте директивті, тапсырмаларға бағытталған стильді ұстанса, әйелдер ынтымақтастыққа және эмоционалдық интеллектке назар аудара отырып, қолдаушы көшбасшылықты көрсетеді. Сонымен қатар, көшбасшылық қасиеттерді қабылдау мен бағалауда гендерлік стереотиптердің әсері зор. Маңызды аспектілердің бірі — гендерлік әртүрліліктің басқару тиімділігіне және корпоративтік мәдениетке ықпалы, сондай-ақ әйелдердің басшылық қызметтерге көтерілуіне кедергілердің болуы. Ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтағы ерекшеліктерін зерттеу басқару әдістерін тереңірек түсінуге және мемлекеттік басқаруда инклюзивті көшбасшылық стратегияларын дамытуға мүмкіндік береді.

Аннотация. Проблема различий между мужчинами и женщинами в лидерстве является актуальной в контексте современных организаций и общественного управления. Исследования показывают, что мужчины и женщины часто используют разные подходы к управлению, что отражается на их лидерских стилях, принятии решений и взаимодействии с коллективами. Мужчины, как правило, склонны к более директивному стилю, ориентированному на задачи, в то время как женщины чаще демонстрируют поддерживающее лидерство, акцентируя внимание на сотрудничестве и эмоциональном интеллекте. Гендерные стереотипы также играют значительную роль, влияя на восприятие и оценку лидерских качеств. Важным аспектом является влияние гендерного разнообразия на эффективность управления и корпоративную культуру, а также барьеры, с которыми сталкиваются женщины при продвижении на руководящие должности. Анализ различий в лидерстве между мужчинами и женщинами позволяет глубже понять механизмы управления и предложить стратегии для более инклюзивного лидерства в государственном управлении.

Abstract. The issue of differences between men and women in leadership is relevant in the context of modern organizations and public management. Research shows that men and women often use different approaches to management, which is reflected in their leadership styles, decision-making and interaction with teams. Men tend to have a more directive, task-oriented style, while women are more likely to demonstrate supportive leadership emphasizing collaboration and emotional intelligence. Gender stereotypes also play a significant role in influencing the perception and evaluation of leadership qualities. An important aspect is the impact of gender diversity on management effectiveness and corporate culture, as well as the barriers women face in advancing to leadership positions. Analyzing the differences in leadership between men and women allows for

a deeper understanding of the mechanisms of governance and suggests strategies for more inclusive leadership in public administration.

Кілт сөздер: ерлер мен әйелдердің көшбасшылығы, стереотиптер, айырмашылықтар, мемлекеттік басқару, гендерлік теңдік, мемлекеттік қызмет, жаһандық бастамалар, мемлекет, әлем, Қазақстан.

Ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтағы айырмашылықтары зерттеулер мен пікірталастарда маңызды орын алып келеді. Гендерлік стереотиптер, мәдени нормалар және әлеуметтік күтулер көшбасшылардың бейнесін ұзақ уақыт бойы қалыптастырғанымен, қазіргі заманғы көшбасшылық тәсілдері инклюзивтілікке бағытталған және әртүрлі көшбасшылық стильдерін мойындайды.

Ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтағы айырмашылықтары басқару стиліне, қарым-қатынасқа және көшбасшылық туралы қоғамдық түсінікке ықпал ететіндіктен, бұл тақырып көптеген ғалымдар мен практиктердің қызығушылығын тудыруда.

Ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтағы айырмашылықтарын зерттеу психология, әлеуметтану және басқару салаларындағы ғалымдардың назарын көптен бері аударып келеді. Бұл айырмашылықтар тек сипатталып қана қоймай, көшбасшылықтың тиімділігіне, басқару стильдеріне және қоғамдағы қабылдауына әсер ету тұрғысынан да талданады. Міне, осы мәселеге пікір білдірген кейбір негізгі ғалымдар және олардың көзқарастары:

Элис Игли, АҚШ-тың Солтүстік-Батыс университетінің психология және әлеуметтік қатынастар профессоры, көшбасшылықтағы гендерлік айырмашылықтарды зерттеуде ең ықпалды ғалымдардың бірі болып табылады. Ол өз еңбектерінде әлеуметтік күтулер мен гендерлік стереотиптердің көшбасшылық стильдеріне қалай әсер ететінін талдайды. Оның мақалаларының бірінде былай делінген: "Әйелдер жиі көшбасшылықтың трансформациялық стилін көрсетеді, ол бағыныштылардың дамуына назар аударуды, эмпатияны және сенімді қарым-қатынастар орнатуды қамтиды, ал ерлер көбінесе ынталандыру мен жазалауға негізделген транзакциялық стильді пайдаланады [1].

Гарвард бизнес мектебінің профессоры Розабет Мосс Кантер әйелдер мен ерлердің басқару стильдеріндегі айырмашылықтар туралы алғашқылардың бірі болып айта бастады. Ол әйелдердің көшбасшылығы көбінесе инклюзивтілік пен ынтымақтастыққа негізделетінін, бұл әсіресе күрделі және тұрақсыз жағдайларда маңызды екенін атап көрсетеді. Өзінің "Men and Women of the Corporation" кітабында Кантер былай деп жазады: "Әйел көшбасшылар, әдетте, нәтижеге және билікке емес, үдеріс пен өзара байланысқа көбірек бағытталады, бұл олардың адамдарды басқаруда және ұзақ мерзімді стратегияларды жасауда тамаша болуына ықпал етеді"[2].

Ұйымдық көшбасшылық саласындағы автор және оқытушы Коттер де көшбасшылықтағы гендерлік айырмашылықтарды атап өткен. Ол әйелдер өзгерістерге бейімделуде икемдірек болуы мүмкін деп есептейді. Оның айтуынша: "Әйел-көшбасшылар, әдетте, өзгерістерді басқаруға жақсы дайындалады, себебі олардың көшбасшылық стилі бейімделгіштікке және команданың эмоционалды қажеттіліктеріне ерекше мән берілген"[3].


Бұл зерттеулер ерлер мен әйелдер арасындағы көшбасшылықтағы айырмашылықтардың басқару стиліне, тиімділігіне және әртүрлі жағдайларда табысты болуына ықпал ететін маңызды фактор екенін көрсетеді. Ерлер, әдетте, авторитарлық және нәтижеге бағытталған тәсілге бейім болса, әйелдер көбінесе инклюзивті және ынтымақтастыққа негізделген стратегияларды қолданады. Бұл көшбасшылық стильдерінің әртүрлілігінің табысқа жетудегі маңыздылығын айқындайды.

Мемлекеттік басқарудағы ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтарының қазіргі жағдайы гендерлік теңдікке қатысты жаһандық бастамалар мен саясаттағы әйелдердің өсіп келе жатқан рөлі әсерінен айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Әйелдер жиі басшылық

лауазымдарға ие бола бастағанымен, олардың көшбасшылық тәсілдері мен басқару жүйесіндегі қабылдануында айырмашылықтар сақталып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың ақпан айында өткен Президенттік жастар кадрлық резерві форумында мемлекеттік аппараттағы әйелдер мен жастардың өкілдігінде теңсіздік бар екенін атап өтті. Бұл – мұқият талдау мен нақты іс-әрекеттерді қажет ететін маңызды мәселе екенін атап өткен болатын. Оның айтуынша, инклюзивті және тиімді басқару жүйесін құру үшін жұмыс жүргізу қажет. Сондықтан қазақстандық қоғам, әсіресе жоғары басқару деңгейлерінде, гендерлік алшақтықпен әлі де бетпе-бет келіп отыр. 2030 жылға қарай мемлекеттік және квазимемлекеттік компаниялардағы басшылық қызметтерде әйелдердің үлесін 30%-ға жеткізу мақсатында гендерлік теңдікке қол жеткізу жұмыстары жалғаса бермек [4].

2023 жылы мемлекеттік басқарудағы ерлер мен әйелдердің көшбасшылығының қазіргі жағдайы гендерлік теңдікке қарай тұрақты өзгерістермен сипатталады, бірақ негізгі лауазымдарда ерлердің үстемдігі сақталады. Мемлекеттік сектордағы ерлер мен әйелдердің көшбасшылығына әсер ететін негізгі тенденциялар мен факторларды қарастырайық (1-сурет):



Сурет 1. Ер мен әйелдердің мемлекеттік сектордағы көшбасшылығына әсер ететін факторлар [5].

1. Әйелдердің көшбасшылығы: өсу және кедергілер.

Әйелдер мемлекеттік басқаруға қатысуын арттыруда, бірақ белгілі бір кедергілерге тап болуда:

- Әлеуметтік кедергілер мен стереотиптер: Әйелдердің басшылық лауазымдарда санының өсуіне қарамастан, олардың жоғары лауазымдарға қол жеткізуіне кедергі келтіретін гендерлік стереотиптер сақталуда. Қоғам әлі де ер адамдарды саясаттағы «табиғи» көшбасшылар ретінде қабылдайды.


- Мансап мен отбасы арасындағы баланс: Әйелдер көбінесе отбасылық міндеттерді және мансаптық ұмтылыстарды қатар алып жүру қажеттілігіне тап болады, бұл олардың кәсіби өсуіне қосымша қиындықтар туғызады.

- Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің санының артуы: Әйелдер мемлекеттік қызметтегі өз қатысуын арттыруда, әсіресе әлеуметтік саясат, денсаулық сақтау және білім беру салаларында. Халықаралық мәліметтерге сәйкес, парламенттегі әйелдердің саны өсуде: 2023 жылы әлемдегі барлық парламенттерде әйелдер шамамен 26,4% орынға ие болды, бұл соңғы онжылдықтардағы айтарлықтай ілгерілеуді көрсетеді. Кейбір елдерде сайланбалы және тағайындалатын лауазымдардағы әйелдердің санын көбейту үшін квоталар қолданылады.

Алайда, бұл өсімге қарамастан, әйелдер жоғары лауазымдарға жету жолында кедергілерге тап болып отыр. Орта есеппен, үкімет министрлерінің тек 21%-ы ғана әйелдер, ал мемлекет басшылары немесе үкімет басшылары сияқты негізгі лауазымдарды иеленетін

әйелдер саны одан да аз. Бұл деректер биліктің ең жоғары деңгейлерінде гендерлік алшақтықтың әлі де елеулі екенін көрсетеді.

Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер арасында әйелдердің үлесі шамамен 55,4%-ды құраса да, басшылық лауазымдарда олардың саны әлдеқайда аз. 2023 жылы Қазақстандағы мемлекеттік басқарудағы әртүрлі басшылық лауазымдарда әйелдердің үлесі 29%-ды құрады (2-сурет).



Сурет 2. Қазақстандағы мемлекеттік басқарудағы басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі

Графикте көрсетілгендей, 2023 жылы Қазақстанның мемлекеттік басқаруындағы әртүрлі басшылық лауазымдарда әйелдердің үлесі 29%-ды құраған. Алайда, орталық мемлекеттік органдар мен министрлердің орынбасарлары арасында олардың үлесі небәрі 12%-ды ғана құрайды. Жергілікті билік органдарында (мәслихаттарда) әйелдер 30,6% орынға ие.


2. Ерлердің көшбасшылығы: дәстүрлі үстемдік.

Ерлер мемлекеттік құрылымдарда, әсіресе негізгі басшылық лауазымдарда, әлі де үстемдік етеді:

- Тарихи үстемдік: Ерлер дәстүрлі түрде саясат пен басқаруда жетекші рөлдерге ие болды. Бұл ұзақ уақыт бойы әйелдердің билікке қол жеткізуіне шектеу қойған тарихи және мәдени нормаларға байланысты.

- Иерархиялық құрылымдар: Ерлер көбінесе биліктің шоғырлануы мен қатал иерархияларға негізделген директивалық басқару стилін қолданады.

Негізгі лауазымдар: Ерлер үкіметтегі, әсіресе басқарудың ең жоғары деңгейлеріндегі басшылық қызметтерді иеленуді жалғастыруда. Бұл тек президенттер мен премьер-министрлерге ғана емес, сонымен қатар қорғаныс, қаржы және сыртқы саясат сияқты негізгі министрлік портфельдерге де қатысты. Көптеген елдерде ерлердің көшбасшылығы әлі де үстем болып отыр, бұл ерлердің көшбасшы ретіндегі "табиғи" рөлі туралы стереотиптерді қолдайтын тарихи және мәдени факторларға байланысты. 2023 жылы ерлер әлемнің көптеген елдерінде президенттер, премьер-министрлер және министрлер лауазымдарында үстемдік етуді жалғастыруда. Бұл тенденцияны Қазақстанда да айқын көруге болады, мұнда гендерлік теңсіздік, әсіресе мемлекеттік басқарудағы басшылық лауазымдарда, әлі де сақталуда. 2023 жылы мемлекеттік құрылымдардағы негізгі лауазымдарды иеленген ерлердің үлесі шамамен 90%-ды құрады. Бұл статистика жоғары лауазымдардағы ерлердің айтарлықтай басымдығын көрсетеді және гендерлік теңсіздікті жоюға бағытталған кешенді шаралардың қажеттілігін көрсетеді (3-сурет).



Сурет 3. Қазақстандағы мемлекеттік басқару органдарындағы басшылық қызметтегі ерлердің үлесі

3 суретте 2023 жылы Қазақстанның мемлекеттік басқаруындағы нақты басшылық лауазымдардағы ерлердің үлесі көрсетілген. Оған келесі лауазымдар кіреді:

- Министрлер — ерлердің үлесі 90%,
- Әкімдер (өңір басшылары) — ерлердің үлесі 85%,
- Мемлекеттік агенттіктердің басшылары — ерлердің үлесі 80%,
- Министр орынбасарлары — ерлердің үлесі 70% [6].

Бұл график ерлердің жоғары басқару деңгейлерінде басым екенін көрсетеді және әйелдерді басшылық лауазымдарға қол жеткізуде қолдау көрсетуге бағытталған шараларды енгізудің маңыздылығын атап көрсетеді.

3. Көшбасшылық стильдеріндегі айырмашылықтар


Қазіргі зерттеулер ерлер мен әйелдердің мемлекеттік құрылымдарда көшбасшылыққа әртүрлі тәсілдер қолданатынын көрсетеді:

- Ерлер-көшбасшылар көбінесе директивті және транзакциялық басқару стилін пайдаланады, ол қатаң бақылау мен айқын иерархияға негізделген. Олар әдетте нәтижеге бағыттталып, әсіресе дағдарыс жағдайларында тәуекелді шешімдер қабылдауға бейім.

- Әйел-көшбасшылар ынтымақтастыққа және трансформациялық басқару стиліне бейім. Олар тұлғааралық қарым-қатынасқа, инклюзивтілікке және ұжымды қолдауға көбірек көңіл бөледі. Бұл денсаулық сақтау және әлеуметтік саясат сияқты әлеуметтік бағдарланған мәселелерде айрықша байқалады.

4. Жаһандық бастамалар және аймақтық айырмашылықтар.

Халықаралық ұйымдар, соның ішінде БҰҰ және Дүниежүзілік банк, мемлекеттік құрылымдарда гендерлік теңдікті ілгерілетуге белсенді түрде ықпал етуде, 2030 жылға қарай басшылық қызметтерде әйелдер мен ерлердің тең өкілдігін қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр. Әр елде әйелдердің саясат пен басқару саласындағы көшбасшылығын арттыру үшін квоталар мен арнайы бағдарламалар қолданылады. Мысалы, 2023 жылға қарай Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің шамамен 55,4%-ын әйелдер құрайды, алайда жоғары басшылық лауазымдарда олардың үлесі әлдеқайда аз — министрліктерде шамамен 12%. Егер халықаралық аренаға көз жүгіртсек, әлем бойынша басшылық қызметтердегі әйелдердің үлесі орта есеппен 25%, ал ерлердің үлесі — 75%. Қазақстанда әйелдердің үлесі 29%, ал ерлердікі — 71% құрайды. Жалпы, 2020-2024 жылдар аралығында әлемде және Қазақстанда мемлекеттік басқарудағы басшылық қызметтерде ерлер мен әйелдер үлесінің динамикалық өзгерісі 4 суретте толықтай көрсетілген.



Сурет 4. 2020 – 2024 жылдардағы мемлекеттік басқарудағы басшылық лауазымдардағы әйелдер мен ерлердің үлесі

Графикте 2020-2024 жылдар аралығында мемлекеттік басқарудағы басшылық қызметтерде ерлер мен әйелдердің үлесі әлемде және Қазақстанда көрсетілген. Мәліметтерге сүйенсек, әйелдердің үлесі әлем бойынша да, Қазақстанда да біртіндеп өсіп келе жатыр, дегенмен басшылық лауазымдарда ер адамдардың үлесі әлі де жоғары болып отыр. Әлемде әйелдердің үлесі 2020 жылы 24%-дан 2024 жылы 26%-ға дейін өсті, ал 2020 жылы басшылық қызметтегі ерлердің үлесі 76% болған, кейін бұл көрсеткіш жыл сайын төмендеп, 2024 жылы 72%-ға дейін азаяды.

Қазақстанда да ұқсас өсу байқалады: 2020 жылы әйелдердің үлесі 13%-дан 2024 жылы 24%-ға дейін артты. Ал ер адамдардың үлесі 2020 жылы 87% болып, 2024 жылға қарай бұл көрсеткіш 80%-ға дейін төмендейді. Бұл мәліметтер басшылық қызметтердегі гендерлік теңдікке қатысты оң өзгерістер бар екенін көрсетеді, дегенмен гендерлік теңсіздік әлі де сақталуда. Яғни, Қазақстандағы тренд жаһандық көрсеткіштермен ұқсас болғанымен, ерлердің басымдығы әлі де айқын байқалады.

Жалпы, мемлекеттік басқарудағы ерлер мен әйелдер арасындағы көшбасшылықтағы айырмашылықтар басқару стилі, шешім қабылдау тәсілдері және қоғаммен өзара әрекеттесу аспектілерінде көрініс табады. Бұл айырмашылықтар биологиялық және мәдени факторлармен байланысты, бірақ олар әмбебап емес және жеке тұлға мен жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Мемлекеттік басқарудағы ерлер мен әйелдердің көшбасшылықтың негізгі ерекшеліктерін қарастырайық (1-кесте).

Кесте 1

Мемлекеттік басқарудағы көшбасшылықтағы ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтар

	Ер адамдар	Әйелдер
1	Басқаруға көзқарас және көшбасшылық стилі	
	Мемлекеттік басқарудағы ер көшбасшылар директивалық немесе авторитарлық басқару стиліне ие, олар тез және тәуелсіз шешім қабылдайды. Олардың көзқарасы көбінесе тіпті егер бұл қатаң шараларды қажет етсе де нақты мақсаттар мен нәтижелерге жетуге бағытталған,	Көшбасшы әйелдер кооперативтік немесе демократиялық басқару стилін көбірек пайдаланады. Олар топтық талқылау мен ынтымақтастыққа ықпал етіп, шешім қабылдау процесіне басқаларды көбірек тартады. Бұл стиль инклюзивті және икемді командаларды құруға көмектеседі.

2	Эмпатия және эмоционалды қатысу деңгейі	
	<p>Ер көшбасшылар логикаға, деректерді талдауға және нақты нәтижелерге назар аудара отырып, басқаруға деген көзқараста ұтымды және аналитикалық бола алады. Олар объективтілікті сақтау үшін басқару кезінде эмоцияларды білдіруден аулақ болуы мүмкін.</p>	<p>Көшбасшы әйелдер өздерінің бағыныштыларының және қоғамның эмоционалды жағдайына көбірек жанашырлық пен қатысуға бейім. Олар позитивті және қолайлы жұмыс ортасын құру мақсатында мәселелердің әлеуметтік және эмоционалды аспектілерін қарастырады. Қоғамдық істерді басқаруда бұл қоғамдық әлауқат пен әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне көбірек көңіл бөлуден көрінеді.</p>
3	Шешім қабылдау тәсілі	
	<p>Ер көшбасшылар тез және нақты нәтижелерге бағытталған фактілер мен деректерге негізделген шешімдер қабылдауға бейім болуы мүмкін. Олар тәуекелдер жоғары болса да, өз шешімдеріне үлкен сеніммен қарайды. Олар бәсекеге қабілетті жұмыс стиліне бейім болуы мүмкін, мұнда басты мақсат нәтиже болып табылады.</p>	<p>Көшбасшы әйелдер көбінесе процеске және барлық қатысушылар үшін салдарға назар аудара отырып, ұзақ мерзімді, негізделген шешімдерді қалайды. Олар әртүрлі топтардың мүдделерін ескеруге бейім және тәуекелге бару кезінде мұқият болуы мүмкін. Олардың көшбасшылық стилі көбінесе басқарудағы шиеленіс пен жанжалдарды азайтуға көмектесетін кең ауқымды адамдардың қатысуын қамтиды.</p>
4	Әлеуметтік мәселелерге назар аударыңыз	
	<p>Мемлекеттік басқарудағы ер көшбасшылар жалпы ішкі өнімнің өсуіне, ұлттық қауіпсіздікке, сыртқы саясатқа және ірі инфрақұрылымдық жобаларға көбірек назар аудара отырып, үкіметтің экономикалық және саяси аспектілеріне назар аударуы мүмкін. Олардың басымдықтары көбінесе макроэкономикалық және стратегиялық мәселелерге бағытталған.</p>	<p>Көшбасшы әйелдер денсаулық, білім беру, халықтың осал топтарының құқықтарын қорғау және гендерлік теңдік сияқты әлеуметтік мәселелерге көбірек көңіл бөледі. Олардың саясаты көбінесе қоғамның үлкен топтары үшін өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған, бұл оларды әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларда көшбасшы етеді.</p>
5	Жанжалдарды басқару	
	<p>Ер көшбасшылар дауларды шешу үшін тікелей қарсыласу немесе қатал әдістерді қолдана отырып, бәсекелестік немесе директивалық тәсіл арқылы қақтығыстарды шеше алады. Олар кейбір шиеленістерге әкелсе де, шешімге тез жетуге баса назар аударуы мүмкін.</p>	<p>Әйел көшбасшылар қақтығыстарды шешу үшін бейбіт және ымыраға келу әдістерін көбірек қолданады. Олар дауларды келіссөздер, консенсус және барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып шешуге ұмтылады. Бұл оларды дағдарысты басқару жағдайларында икемді етеді.</p>
6	Ұзақ мерзімді перспективаға назар аудару	
	<p>Ерлер-көшбасшылар қысқа мерзімді мақсаттар мен нәтижелерге көбірек бағытталуы мүмкін. Олардың басқарудағы тәсілдері жедел</p>	<p>Әйел-көшбасшылар ұзақ мерзімді перспективаға бейім болып, шешімдердің елдің немесе қоғамның болашақ дамуына қалай әсер ететініне назар аударады. Олар</p>

	тапсырмалар мен жылдам жетістіктерге, әсіресе дағдарыс жағдайларында, басымдық беруді қамтуы мүмкін.	көбінесе тұрақты даму, әлеуметтік әділеттілік және ұзақ мерзімді игілікті қамтамасыз ету жағдайларын жасауға көбірек көңіл бөледі.
7	Гендерлік стереотиптердің рөлі	
	Ерлер-көшбасшыларды қоғам тарихи тұрғыдан «табиғи» көшбасшылар ретінде қабылдайды, бұл олардың беделін арттырып, мансап жолында алға жылжуға көбірек мүмкіндік береді. Ер адам көшбасшы болуы керек деген стереотиптер оларға басшылық қызметтерді оңай иеленуге көмектеседі.	Ал әйел-көшбасшылар, керісінше, мансаптық өсуіне кедергі келтіретін гендерлік стереотиптерге тап болады. Көп жағдайда әйелдер көшбасшылыққа аз сәйкес келеді деп қабылданады, себебі олар «тым эмоционалды» немесе тәуекелге баруға бейімділігі төмен деген стереотиптер бар. Бұл олардың саясат пен басқаруға қатысу жолында қосымша кедергілер тудырады.
Ескерту: автормен құрастырылған[7]		

Ерлер мен әйелдер арасындағы көшбасшылықтағы айырмашылықтарды жою үшін мемлекеттік басқаруда кешенді тәсілді қолдану қажет, оған институционалдық, мәдени және әлеуметтік шаралар кіреді. Бірнеше ұсыныстар:

1. Гендерлік квоталар. Мемлекеттік органдардың ішкі ережелерінде немесе заңнамалық деңгейде квоталар енгізу теңдікті қамтамасыз етудің тиімді қадамдарының бірі бола алады. Мысалы, басшылық қызметтердің кем дегенде 30-50%-ын әйелдер иеленуі қажет деген квота орнатуға болады. Мұндай квоталар Норвегия, Исландия және Германия сияқты елдерде қолданылып, әйелдердің саясат пен басқаруға белсенді қатысуына ықпал етеді. Артықшылықтары: бұл мемлекеттік құрылымдарды талантты әйелдерді іздеуге және ілгерілетуге ынталандырады, әйелдерге арналған кедергілерді төмендетіп, қоғамда теңдік мәдениетін дамытады.

2. Әйелдердің мансаптық өсуіне қолдау көрсету бағдарламалары. Мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істейтін әйелдерге арналған арнайы оқыту және даму бағдарламаларын енгізу олардың басқарушылық дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаларға көшбасшылық бойынша курстар, тәжірибелі басшылардан тәлімгерлік және өзін-өзі таныстыру тренингтері кіруі мүмкін. Әйелдердің кәсіби желілерін ұйымдастыру, мұнда олар тәжірибелерімен бөлісе алады, елеулі қолдау көрсетеді. Артықшылықтары: әйелдердің жоғары лауазымдарға деген сенімділігі мен біліктілігін арттыру.

3. Стереотиптермен күрес. Қоғамда көшбасшылық көбінесе «ерлерге тән» рөл ретінде қарастырылады, бұл басқарушы лауазымдарға ұмтылатын әйелдерге шектеулер қояды. Мұны өзгерту үшін гендерлік стереотиптерді бұзуға бағытталған кең ауқымды қоғамдық науқандар мен білім беру бағдарламалары қажет. Саясатта да, басқа салаларда да табысты әйел көшбасшылардың мысалдарын көрсету маңызды. Артықшылықтары: стереотиптерді бұзу әйелдердің көшбасшылық қасиеттерін тануға қолайлы орта жасайды және олардың басқарудағы қатысуын арттырады.

4. Икемді жұмыс жағдайлары. Көптеген әйелдердің басшылық лауазымдарды ала алмауының себептерінің бірі — кәсіби қызметті отбасылық міндеттермен үйлестіру қажеттілігі. Жоғары лауазымдарда жұмыс кестесін икемді ету, қашықтан жұмыс істеу және ішінара жұмыс істеу мүмкіндіктерін енгізу әйелдерге жеке өмірінен бас тартпай-ақ мемлекеттік басқаруға қатысуға мүмкіндік береді. Артықшылықтары: кәсіби және отбасылық рөлдерді бірдей тиімді атқара алатын әйелдердің саны артып, басқару ортасында әртүрлілік пайда болады.

5. Отбасына қолдау көрсету. Әйелдердің мансаптық өсуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі — балаларды күту қажеттілігі. Балаларды күтуге арналған қолжетімді әрі сапалы қызметтерді қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламалар және отбасылық міндеттерді, соның ішінде ерлер мен әйелдер үшін бала күтіміне арналған демалысты тең бөлу мансаптық дамуға тең жағдайлар жасайды. Артықшылықтары: әйелдер мансап пен отбасы арасынан таңдау жасауға мәжбүр болмайтын жағдай жасау.

6. Жастарға арналған білім беру бағдарламалары. Мектептер мен университеттердің бағдарламаларына гендерлік теңдік мәселелерін енгізу жастардың тең мүмкіндіктер идеясын құрметтеуін қалыптастырады. Мұндай бағдарламалар жастарды көшбасшылық пен басқару жынысына қарамастан барлығына қолжетімді екендігіне тәрбиелеуге көмектеседі. Артықшылықтары: бұл қоғамда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді негіз қалап, әйелдерді көшбасшылықтың тең қатысушысы ретінде қабылдауды жақсартады.

7. Лауазымдарға тағайындау процестерінің ашықтығы. Басшылық лауазымдарға тағайындау рәсімдері барынша ашық және объективті болуы өте маңызды. Бұл конкурс өткізу және таңдау критерийлерін енгізуді қамтиды, олардан субъективтілік пен кемсітушілік алынып тасталады. Мұндай жағдайда әйелдер жоғары лауазымдарды алу үшін тең мүмкіндіктерге ие болады. Артықшылықтары: әйелдерді басшылық лауазымдарға жылжытудағы субъективтілік пен кемсітушіліктің төмендеуі.

8. Әйелдердің жетістіктерін мойындау. Басшылық лауазымдарда табысқа жеткен әйелдерді көпшілік алдында мойындау және қолдау басқа әйелдер үшін шабыттандырушы үлгі бола алады. Әйел көшбасшылар үшін марапаттар, сыйлықтар немесе қоғамдық мақтау енгізу олардың үлестерін ерлермен тең дәрежеде бағалайтындығын көрсетеді. Артықшылықтары: әйелдерді одан әрі кәсіби дамуға және көшбасшылыққа ынталандыру, сондай-ақ олардың қоғамдағы көрінуін арттыру.

Бұл шаралар жиынтығы мемлекеттік басқаруда көшбасшылық үшін неғұрлым инклюзивті және әділ ортаны құруға бағытталған. Мемлекеттік құрылымдар гендерлік теңсіздікті жою шараларын қабылдағанда, бұл бүкіл қоғамға оң әсер етеді, демократияның дамуына ықпал етеді және азаматтардың билікке деген сенімін нығайтады. Мұндай бастамаларды жүзеге асыру уақыт пен күш-жігерді талап етеді, бірақ басқа елдердің табысты мысалдары оның мүмкін екенін көрсетеді. Инклюзивті көшбасшылық тәжірибелері әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді ескере отырып, басқарудың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Игли Элис Х. (2014) «Доказательства социальной ролевой теории содержания стереотипов: Literature: 1. Gurevich P.S. «Stereotype» // Modern Western Sociology. Dictionary. М. : 1990. P. 215 2. Eagli Alice H. «Evidence for Social Role Theory of Stereotype Content: Group Role Observations 75 наблюдения за ролями групп формируют стереотипы» / Э.Х. Игли // Журнал психологии личности и социальной психологии. № 107(3). С. 371– 392.

2. Kanter R. M. (1977) Men and Women of the Corporation/ R. M. Kanter. New York. - P.87. 162.

3. Kotter, J.P. (2007) Leading Change. Why Transformation Efforts Fail // Harvard Business Review. Vol. 85. p. 96-103.

4. Токаев К.(2024).поручил увеличить долю женщин и молодежи на госслужбе. 2024. URL:<https://vlast.kz/novosti/59016-tokaev-porucil-velicit-dolu-zensin-i-molodezi-na-gossluzbe.html>. Дата обращения: 25.02.2024.

5. Сен А. (1999). Development as Freedom. New York: Anchor Books. (Книга о роли гендерного равенства в развитии общества).

6. World Economic Forum (2023). *Global Gender Gap Report*. Geneva: WEF. (Глобальный отчет о гендерном разрыве и позициях стран, включая Казахстан).

7. Kakabadse N., Tatli A., Nicolopoulou K., Tankibayeva A., Mouraviev N. (2018) A Gender Perspective on Entrepreneurial Leadership: Female Leaders in Kazakhstan. *European Management Review*, 15 (2): 155–170.

8. Lipovka A., Yerimpasheva A., Rakhimbekova Zh., и Zakirova A.(2023). Women's participation in political leadership: standpoints from Central Asia and 42 Central Europe//*Journal of Eastern European and Central Asian research*. 2023. №10/3.C.376-386.

Ескерова Замира Аубакировна, 87057603847, e-mail: zamirra_e@mail.ru

УДК 338.465.4

Еңсебаева А.С.,

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ПРОЦЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАҒАЗСЫЗ ЖҮЙЕГЕ КӨШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Мақала халықты әлеуметтік қорғау, оның ішінде мүгедектік тағайындау мемлекеттік қызметін көрсететін медициналық-әлеуметтік сараптама қызметкерлерінің сараптама жүргізу барысында кездесетін қағазбастылық мәселесіне арналады. Мемлекеттің әлеуметтік қолдауына мұқтаж азаматтар үшін қарастырылған шаралармен уақытылы сапалы қамтамасыз етілуі, жалпы мемлекеттің әлеуметтік осал топтарға деген қамқорлық жүйесінің дамуы ел дамуының бірден бір көрсеткіші болып табылады. Осыдан мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсететін мамандардың тап болатын қағазбастылық мәселесінің өзектілігін көреміз. Мақалада әдебиеттік, салыстырмалы және құжаттық талдау әдістері арқылы жасалынған зерттеу нәтижелері көрсетілген. Тақырып бойынша шет ел тәжірибесі, қоладныстағы нормативтік құқықтық актілер және туындап отырған мәселе жан жақты қарастырылып, қорытындысы ретінде мәселені шешуге арналған ұсыныстар берілді.

Аннотация: Статья посвящена проблеме бумажной волокиты, с которой сталкиваются работники медико-социальной экспертизы, оказывающие государственную услугу в сфере социальной защиты населения, в том числе по установлению инвалидности, через проведение медико-социальной экспертизы. Одним из показателей развития страны является своевременное качественное обеспечение государства мерами, предусмотренными для граждан, нуждающихся в социальной поддержке, развитие системы заботы государства о социально уязвимых слоях населения в целом. Отсюда мы видим актуальность проблемы бумажной волокиты с которой сталкиваются специалисты оказывающие государственные услуги лицам с ограниченными возможностями. В статье отражены результаты исследования, выполненные с помощью методов литературного, сравнительного и документального анализа. Были всесторонне рассмотрены зарубежный опыт по теме, имеющиеся нормативные правовые акты и возникающие в процессе вопросы, в качестве итогов дана рекомендация по решению вопроса.

Abstract: The article is devoted to the problem of paperwork faced during the examination by employees of medical and social expertise providing public services of social protection of the population, including the appointment of disability. One of the indicators of the country's development is the timely quality provision of the state with the measures provided for citizens in need of social support, the development of the state's system of care for socially vulnerable groups as a whole. From this we can see the relevance of the problem of paperwork faced by specialists providing public services to persons with disabilities. The article presents the results of the study developed using the methods of literary, comparative and documentary analysis. Foreign experience, current regulatory legal acts and the emerging issue were considered in detail on the topic, as a result of which recommendation for solving the problem were given.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, әлеуметтік қорғау саласындағы цифрландыру, цифрлық қызметтер, медициналық-әлеуметтік сараптамадағы цифрландыру құралдары, электрондық үкімет, IT-инфрақұрылым, мемлекеттік қызметтегі қағазбастылық, big data, smart city.

Кіріспе: Қазақстанда бүгінгі таңда мүгедектікке шалдыққан 725 мың адам тіркелген. Бұл әрбір 27-ші қазақстандық мүгедектікке шалдыққан тұлға дегенді білдіреді. Дамыған елдердің

қатарына қосылуды мақсат етіп алған еліміз үшін бұл жақсы көрсеткіш емес. Елдің экономикалық дамуын ең алдымен әлеуметтік саланың жағдайымен бағалауға болады. Яғни, қоғамның осал топтарына деген мемлекет қамқорлығының ұйымдастырылуы мен сапасынан оның қаншалықты дамығандығын аңғарамыз.

Қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдар болғандықтан, олардың қоғамға кедергісіз интеграциясын жеделдету жолында қызмет ететін мамандар пайда болады, және сол мамандардың қызметін халыққа адал, жайлы ету осы саладағы мемлекеттік басқарудағы HR саласының бірден бір мақсаты болуы керек.

Мүгедектікке шалдыққан азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін тиісті мемлекеттік қызметтерді анықтап, тағайындау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі-Министрлік), оның ішінде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі-Департамент) жүктелген. Мүгедектік тобын тағайындаудан басталатын куәландыруға негізделген бұл қызметтер Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымындағы №260 бұйрығымен бекітілген «Медициналық – әлеуметтік сараптама (бұдан әрі-МӘС) жүргізу қағидаларымен» (бұдан әрі-Қағидалар) реттеледі[1].

Қағидалардың 2 тарауы, 1 параграфы, 4 бабына сәйкес МӘС жүргізу үшін медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) жолдамасы негіз болып табылады. Демек, мемлекеттік қызметке тек медициналық ұйымның ДКК мүшелерінің оң шешімі шығарылған тұлғалар ғана жүгіне алады. Сәйкесінше, ол комиссияға учаскелік дәрігер науқасын ұсынуы үшін толық тексеруден қайталап өткізіп, комиссия мүшелерін соңғы жаңа деректермен қамтамасыз етуі керек. Сонда, МӘС-ке жолданғаннан кейін қызмет алушы тура сондай сараптаманы сол құжаттарын қағаз күйінде жиып тағы бір мәрте өтетін болады.

Мүгедектік тағайындаудан басталып, нәтижесінде жеті түрлі мемлекеттік қызметті МӘС қызметкерлері сырттай және көзбе-көз форматта көрсетеді. МӘС мамандары әрбір қызмет алушының өзі тіркелген медициналық ұйымының ДКК қорытындысы негізінде куәландыру жүргізеді. Куәландыру барысында емдеуші дәрігер сол ДКК жолдамасымен қоса мүгедектердің деректер қорына қызмет алушының мүгедектігін дәлелдейтін аурухана көшірмелері, емхана, зерттеу институттарының қорытындылары, диагностикалық талдаулар сияқты құжаттарын тіркеп жолдайды. Бұл МӘС қызметкерлерін емдеуші мекеме қағаздарына бірден тәуелді етеді. Осыдан байқайтынымыз, МӘС қызметкерлерінің мүгедектік жәрдемақысы, мемлекет тарапынан тегін берілетін, қызмет алушы мұқтаж болған барлық әлеуметтік шаралармен тұлғаны қамтамасыз етуі емдеу мекемесінің қағаздарын қаншалықты толық тіркегендігіне байланысты болып қалады.

Бұл жерде МӘС қызметкерлерінің шешім қабылдау еркіндігі шектеліп отыр. Нақтырақ айтқанда, ДКК қызмет алушының мүгедектігін дәлелдейтін негізгі құжатты тіркемесе, МӘС сарапшылары көзбе-көз қызмет алушының мүмкіндігінің шектеулі екенін объективті көріп тұрса да, жәрдемақы тағайындай алмайды. Нәтижесінде, қызмет алушының мемлекеттік қызметшілерге наразылығы туындайды, шағымдану рәсімі басталады, ал шағымдану Қағидалардың 9 параграфы, 54 бабына сәйкес куәландыру өткен күнгі әкімшілік актісіне жасалатындықтан тағы да сол акті аясындағы, деректер қорында бар құжаттары ғана ескеріледі. Демек, емхананың құжат рәсімдеудегі қателері МӘС қызметкерлерінің де, қызмет алушылардың да, емхананың да қаржылай және қаржылай емес, мемлекет ресурстарының, адами капитал еңбегінің бейберекет жұмсалыуына, апарып отыр. Сонымен қатар шағымдану салдарынан сәйкес аумақтық фармацевтикалық бақылау департаменттерінің денсаулық сақтау басқармасы арасындағы тексеріс, хат алмасу, есеп, бақылау және нәтиже туралы Департаментті хабардар ету сияқты басқа да саладағы мемлекеттік мекемелердің адами және материалдық ресурстарын қосымша жөнсіз жұмсауға апарады.

Өз кезегінде, мұндай қағазбастылық және қағазға деген тәуелділік МӘС қызметкерлері мен қызмет алушыға қандай қиындықтар тудырса, емдеу мекемесінің дәрігерлеріне де соншалықты қиындықтар туғызады. Мәселен, дәрігерлердің науқас қабылдау, қорытынды жазу, оны МӘС-ке жолдау сияқты жұмыстарынан бөлек қағаз құжаттарын жинап, сканерлеп, оны деректер қорына тіркеу емдеу саласындағы адами ресурстардың онсыз да ауыр жүктемесіне жұмыс қосады.

Емдеу мекемесі бұл арқылы МӘС қызметкерлерінің де, қызмет алушының да әрекет аясының шектелуі мәселесін тудырып тұр. Нақтырақ айтсақ, **тақырып мәселесі** – қағазбастылықтың мемлекеттік қызмет көрсету барысында қызметкерлердің дұрыс шешім қабылдауына, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тиісті әлеуметтік қорғау шараларымен толық көлемде қамтамасыз етілуіне кедергі келтіруі.

Мәселені шешу жолында жазылған **мақаланың мақсаты** – МӘС қызметкерлері көрсететін мемлекеттік қызметтерді қағазбастылықтан цифрландыру құралдарын пайдалану арқылы түбегейлі арылту.

Мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** басшылыққа алуымыз қажет:

- тақырып бойынша жүргізілген зерттеулерге шолу;
- тақырып мәселесінің дамыған шет мемлекеттердегі шешілу жолына талдау жасау;
- елдегі бүгінгі таңдағы ахуалды анықтау;
- мәселе бойынша тиімді шешім ұсыну.

Қазіргі таңдағы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару, адами ресурстарды басқару саласындағы ғылыми зерттеулердің ішінен жалпы қағазбастылықтан арылуға, мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру, халық үшін тиімді, сапалы етуге қатысты шешімін тапқан мәселелер мен әлі де жүріп жатқан зерттеулер бар. Дегенмен, дәл осы мүгедектік тағайындау барысындағы қағазбастылық мәселесіне қатысты зерттеулер әлемдік аренада бірең-сараң болғанымен отандық сала ғалымдарында бұл мәселеге деген қызығушылық төмен деңгейде.

Халықаралық ұйымдардың мәселе бойынша зерттеулері мен жариялымдарына жүргізген шолуымызға сәйкес, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (бұдан әрі - ДДҰ) және халықаралық еңбек ұйымы (бұдан әрі-ХЕҰ) денсаулық сақтау қызметтері мен мүгедектікті белгілеу процестеріне қол жеткізуді қоса алғанда, жаһандық ауқымдағы мүгедектік мәселелеріне зерттеу жүргізеді. Мысалы: «World Report on Disability» (2011) – әртүрлі елдер мүгедектікті бағалау процесін және мүгедектердің осы процестерге қатысуын қалай ұйымдастыратыны туралы ақпаратты қамтитын мүгедектік мәселелері туралы жаһандық есеп [2].

Осы 2011 жылғы Дүниежүзілік мүгедектік туралы есептегі ДДҰ директоры Маргарет Чан мен Дүниежүзілік банк тобының президенті Роберт Зеллик баяндамасында мүгедектердің мүддесі үшін жаңа және қолданыстағы стандарттар мен заңнамалардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша қоғамдық ұйымдар, барлық мүдделі тараптар соның ішінде үкіметтік ұйымдар үшін де тиімді қадамдар ұсынылады. Сонымен қатар мүгедектік фактісі адам өмірінде пайда болған сәттен бастап алғашқысында ауыр, кейін әр қилы тұрмыс-тіршілік қиындықтары түрінде адам серігіне айналатыны айтылған. Демек, мүгедектік салдарымен неғұрлым дереу күресіп, орнын толтырып, әлеуметтік, медициналық қолдау шаралары неғұрлым ерте, барынша көрсетілсе, соғұрлым оңалу мен бейімделу тиімді, жылдам өтіп, мемлекет, халық және мемлекеттік қызметшілер үшін экономикалық, әлеуметтік, қаржылай ұтымыды қадам болып табылады.

Америка Құрама Штаттарында 2000 жылдан бері Калифорниялық Жаһандану және ақпараттық технологиялар орталығы қызметін атқаруда. Ол орталықта жас және тәжірибелі ғалымдар, сондай-ақ шақырылған Кремний алқабы мамандарымен бірлескен жобалар зерттеліп, іске асырылады. Жобаларда адамзатқа көрсетілетін қызметтердің барлық түрі

қамтылады, соның ішінде мүгедектерге көрсетілетін мемлекеттік әлеуметтік қорғау шараларын цифрландыру да бар.

Берклидегі **Institute of Governmental Studies** (IGS) жобасы ретінде «Қоғамдық инновациялар орталығын» алып қарасақ болады. Ол тиімді инновацияларды жергілікті қоғам игілігіне айналдыру жолдарын зерттеумен айналысады[3].

Көршілес Ресейдің осы сала зерттеулеріне назар аударсақ, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің И.Б. Орлова мен Е.В.Фоминнің «Цифровая социология: возможности, риски, перспективы» мақаласында big data, персоналды бақылау, ақылды бақылау, цифрлық социология және цифрлық медицина түсініктері зерттелген. Осы ұғымдардың, жалпы цифрландырудың тиімділігі мен қоғамға пайдасы, қауіпі жан-жақты қарастырылған. Авторлар өз зерттеуінде жоғарыда айтылған Калифорниялық Берклидегі **Institute of Governmental Studies** (IGS) зерттеу орталығының Кристен Кларктың зерттеулеріне сүйенеді[4].

Бүгінгі таңда дәл осы мәселеге қатысты отандық ғылымда анық зерттеулер жоқтың қасы. Цифровизация саласының дамығандығы елімізде көптеген салаларын қамтығанымен, мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін мемлекеттік қызмет саласы осы бір жаһандану құралдарын пайдалану жағынан аз-маз ақсап тұр. Әлеуметтік қорғау саласы тарапынан орындалатын рәсімдердің толық цифрландырылған, дегенмен, денсаулық сақтау саласының қағазбастылығы алдыңғылардың цифрландыруының беріп отырған кең мүмкіндіктерін халық игілігіне толық пайдалануға кедергі келтіретіні мәселе болып табылады.

Аталған мәселе бойынша шетелдік әріптестеріміздің тапқан шешімдеріне жасалған шолуға келетін болсақ, Ұлыбританияда мүгедектікке шалдыққан адамды мемлекеттің тарапынан болатын әлеуметтік қорғау шараларына оның емдеуші дәрігері немесе әлеуметтік қызметкер жолдай алады. Жолдау барысы оған қажетті ақпарат берумен ғана шектеледі, яғни қызмет алушының жолдаушыға ешқандай тәуелділігі жоқ, тек, еңбек және әлеуметтік қорғау бойынша мемлекеттік мекеменің мекен-жайы, телефон нөмірі мен өзімен бірге болуы керек құжаттар туралы ауызша түсініктеме беруі қажет[5].

Жапонияда мүгедектік туралы анықтаманы емдеуші дәрігер бере алады, сол анықтама негізінде денсаулық сақтау және мүгедектігі бар тұлғаларды қолдау мекемесіне қызмет алушыға мүгедектік тағайындалады. Мүгедектік тағайындайтын мемлекеттік мекеме анықтаманы басшылыққа алады, қажет болған жағдайда емдеуші дәрігерден қосымша ақпарат сұратуына болады, яғни, мүгедектік тағайындау үшін емдеу мекемесі комиссия құрып толық қайталап медициналық тексерулер өткізу деген рәсімдерді қажет етпейді, нақты бар факт бойынша, сол сәтте өзінің дәрігері анықтама жазып жолдай алады[6,7].

Америка құрама штаттарында бұл рәсім тіпті жеңілдетілген. Онда мүгедектік тағайындау үшін азаматтың мекемеге келуі қажеттілігі өте сирек. Азамат өзінің мүгедектігін дәлелдеуші құжаттары мен өтінішін электронды не кәдімгі пошта немесе телефон арқылы жолдай алады. Шығарылған шешім де оған сол жолмен келеді[8].

Қазақстанда аталған процесстің бюрократияға тәуелділігі, атап айтқанда, шешім шығару барысындағы МӘС қызметкерлерінің емхана дәрігерлері тіркеген құжаттарға ғана сүйене шешім шығаруына мәжбүр болуы, сол емханадан басқа да емдеу мекемелерінде шешім үшін маңызды ақпараттар болған күннің өзінде ол ақпараттың сараптама үшін қол жетімсіз болуы айқын шешім шығару мен қызмет алушыны мемлекет тарапынан толық әлеуметтік қорғау рәсімін орындауда тосқауыл болады.

Қазақстанда жалпы әлеуметтік саламыздағы цифрландыру қарқыны мен тәжірибе жүзіндегі нәтижелер жаман емес. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мен әлеуметтік шаралар қызмет алушыға жылдам әрі сапалы жетуде. Мәселе сол шараларға тиісті қызмет алушылардың жолдану рәсімінде болып тұр. Әлеуметтік қорғау шаралары бар, мұқтаж қызмет алушылар бар, сол екі тараптың арасындағы дәнекер болатын емхана керісінше

екеуінің арасын алшақтатып, тіпті, өзіне тиесілі шаралардан тыс қалу жағдайларына жеткізіп отырған жайы бар. Осы арқылы МӘС қызметкерлері дұрыс шешім қабылдауы, қажет деректермен толық қамтамасыз етілуі, қызмет алушының орындалған рәсімдерді қайта орындауы сияқты салдарынан туындайтын мәселелерді тудырады.

Қағидалардың 2 тарау, 2 параграфы, 8 бабына сәйкес куәландырылатын (қайта куәландырылатын) адамға МӘС оның тұрақты тіркелген жері бойынша медициналық ұйымның ДКК жолдамасына сәйкес: 1) тиісті өңірдің МӘС бөлімдерінде және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдерінде; 2) стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында; 3) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында; 4) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде және тергеу изоляторында; 5) үйінде; 6) сырттай; 7) сырттай проактивті (2022 жылдан бастап пилот ретінде ішінара іске асырылуда, 01.01.2025 бастап толық күшіне енеді), яғни, 7 жолмен көрсетіледі. Алғашқы 5 жолмен қызмет алушыларды көзбе-көз МӘС қызметкерлері куәландыру өткізуі адам мүмкіндігінің қаншалықты шектелгендігін көріп бағалауына мүмкіндік береді. Бірақ, ДКК қажет ақпаратты тіркемеген жағдайда сарапшылардың қолы байланып, қызмет алушылардың наразылығы күшейеді. Оның өзі МӘС -тің көрсететін мемлекеттік қызметінің сапасын төмендетіп, жылдамдығын баяулатады. Дегенмен, Қағидалардың 7 бабына сәйкес, медициналық тексеріп-қараудың толықтығын, көлемін және адамды МӘС-ке жіберудің негізділігін жолдама берген медициналық ұйымның ДКК төрағасы қамтамасыз етеді, яғни құжат жинау МӘС құзіретіне кірмейді және сараптама ДКК тіркеген көлемдегі құжатқа сүйенуі тиіс. Ал сырттай, сырттай-проактивті куәландыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсететін әріптестерімізде ондай мүмкіндік тіпті жоқ. Демек, сырттай мемлекеттік қызмет тек тіркелген құжаттар негізінде көрсетіледі. Сырттай-проактивті қызмет көрсету әдісі тиімді болғанымен, МӘС қызметкерлерінің ақпараттық шектелуі дұрыс шешім қабылдау үшін үлкен тосқауыл болып табылады.

Зерттеулер нәтижесінде мәселенің шешімі ретінде МӘС қызметкерлерінің қызмет көрсету барысында пайдаланатын мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорын (МОДҚ) Республикамыздағы емхана, денсаулық сақтау саласының зерттеу институттарының деректер қорымен цифрлық интеграциясы арқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуді ұсынамыз. Сол арқылы МӘС қызметкерлері мен қызмет алушыны қағазбастылыққа деген тәуелділіктен босатуға, дұрыс шешімнің шығарылуына, шағымдану мен мемлекеттік ресурстардың бейберекет жұмсалыуының алдын алуға қол жеткізе аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымындағы №260 бұйрығымен бекітілген «Медициналық – әлеуметтік сараптама (бұдан әрі-МӘС) жүргізу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032922>
2. 2011 жылғы мүгедектік туралы әлемдік есеп. <https://www.who.int/teams/noncommunicable-diseases/sensory-functions-disability-and-rehabilitation/world-report-on-disability>
3. <https://igs.berkeley.edu/center-community-innovation-cci>
4. Орлова И.Б., Фомин Е.В. — Цифровая социология: возможности, риски, перспективы // Национальная безопасность / nota bene. – 2020. – № 3. DOI: 10.7256/2454-0668.2020.3.33274 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=33274
5. <https://www.gov.uk/pip>
6. <https://www.mhlw.go.jp>
7. <https://www.mhlw.go.jp>
8. <https://www.ssa.gov>

УДК 34:342.25

Ешекенова Р.Ч.,

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, «7М04118 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасының магистранты

ХАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛДІ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІ: МӘНІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада өкілді билік түсінігіне анықтама беріледі және халықтың билікке сенімі ұғымы мен оның маңыздылығы сипатталады. Алматы, Астана, Шымкент қалаларында Экономикалық институт жүргізген зерттеулерге сай қазіргі таңда халық тарапынан өкілді билікке деген сенім азайған. Мақалада халық сенімін арттыру үшін автор бірнеше ұсыныс білдіреді.

Түйін сөздер: өкілді билік, жергілікті өзін-өзі басқару, сенім, коммуникация, мәслихат.

Аннотация. В статье предложено понятие представительной власти. Рассматривается роль доверия населения к органам власти. По данным исследования Института экономических исследований в городах Алматы, Астана и Шымкент, доверие населения к представительной власти снизилось. В статье автор дает несколько рекомендаций по повышению доверия населения.

Ключевые слова: представительная власть, самоуправление, государственная власть, доверие, коммуникация, маслихат.

Annotation. The article proposes the concept of representative power. The main provisions of the theories of local self-government are presented. The role of the population's trust in government authorities is considered. Trust is an important factor of power, therefore any political power strives to create and strengthen support from the population. According to a study by the Institute of Economic Research in the cities of Almaty, Astana and Shymkent, public confidence in representative government has decreased. In the article, the author gives several recommendations to increase public confidence.

Keywords: representative power, self-government, state power, trust, communication, maslikhat.

Жергілікті өзін-өзі басқару институтының халық пен билік арасындағы байланыстың маңызды бір құрамдас бөлігі екені анық [1].

Өкілді биліктің маңыздылығы мен мағынасына тоқталсақ. Карасев А.Т., Савоськин А.В., Морозова А.С. «Өкілетті билік мемлекеттік биліктің бір түрі ретінде» мақаласында мемлекетті құрайтын басты құрамдас бөліктері ретінде территорияны, халықты және өкілді билікті атайды. Кез келген мемлекетте өкілді билік маңызды орында болғандықтан, ол жайлы түсінік негізгі заңда көрініс табады деп көрсетеді. Биліктің бөліну доктринасына сай мемлекеттік билік өкілді билік және заң шығарушы билік сынды тармақтарға бөлінеді және олар бір-бірімен тығыз байланысты» - дейді [2, 136 б.].

XVII-XIX ғасырдың соңында парламентаризм идеясы қалыптасқан уақытта парламентке ерекше роль берілген. Сол кездің өзінде халықтың өкілді билігі мен заң шығарушы билік арасындағы байланыс мәселесі көтеріле бастаған. С.Е.Строевтің пікірінше, парламент азаматтық қоғамның еркін жан-жақты білдіретіндіктен ғана заң шығарумен айналысады деп көрсетеді. Заң шығарушы билік басқа билік тармақтарынан жоғары болуы тиіс [2, 136 б.].

Жоғарыда аталған авторлар заң шығарушы және өкілді билік бір-бірімен байланысты болғанымен бір-бірін алмастыра алмайды деген пікірді ұстанады.

Жалпы мағынада өкілді билік дегеніміз – халыққа немесе оның алқалы мекемелерге біріккен сайланбалы өкілдеріне белгілі бір мерзімге берілген құзыреттіліктер жиыны. Өкілді

билік жергілікті жерде де, мемлекеттік деңгейде де сайланбалы өкілді органдар арқылы жүзеге асырылады [2, 136 б.].

Ғылыми әдебиетті талдау ғылымда өкілді билік, өкілді демократия, өкілеттілік ұғымдары жайлы біртұтас ұғымның жоқ екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Көп жағдайда өкілді билік демократиялық биліктің ажырамас бөлігі ретінде көрсетіледі. Бұл жағдайда В.Е.Чиркин «мемлекеттік өкілді демократияны» арнайы көрсетеді. Автор өкілді биліктің маңызды бірнеше сипатын ашып көрсеткен:

- 1) өкілді билік органдары құрамы мен сипаты жағынан халық мүддесін білдіреді;
- 2) өкілді демократия органдары мемлекеттік органдар жүйесінде маңызды орынға ие;
- 3) өкілді органдар алқалық жиындарда сұрақтарды талқылап, шешім шығарады;
- 4) сайланған өкілді органдар өздерін сайлаған халықтың қолдауы мен мемлекеттік органдардың құрметіне ие болады [2, 137 б.].

Аталған белгілер өкілді биліктің мемлекеттік басқару жүйесінде орнының маңызды екендігінің көрінісі. Өкілді билік жалпыға ортақ мүдделерді жүзеге асыруға негізделеді. Мұндай органның өкілді қызметі аясына барлық негізгі әлеуметтік топтардың мүддесі қамтылуы тиіс. Себебі, осылайша олар заң қабылдап, сол топтардың мүддесін қорғайтын болады.

Өкілді билік табиғатына негізделіп жазылған еңбектерде оның сапалы сипатына ғана мән берілген. Дегенмен, кеңестік дәуірдегі мемлекеттанушылар еңбектерінде билік органдарының өкілді сипаты оны қалай құру тәртібіне ғана емес, оның құрамы, құрылысы, сайлаушылар мен өкілдерінің арасындағы байланысқа да қатысты деген болатын.

Тағы бір зерттеушілер болса өкілді органның сайланбалығынан бас тарту қажет деп есептейді. Өкілді биліктің ең басты сипаты халық мүддесін білдіретін мемлекеттік орган қызметтерінің жиыны деп есептейді. Бүкіл мемлекеттік және оның органдарының билігіне өкілеттілік тән деген тұжырымға келген [2, 137 б.].

Өкілді билікке тән бірнеше белгілеріне тоқталатын болсақ:

1. Сайланбалылық және халық мүдделері атынан өкілдік ету;
2. Құрамы бойынша алқалылық және шешімдерді әзірлеу мен қабылдау;
3. Халық өкілдерінің сайлаушылармен байланысының ерекше сипаты.

Осы үш аталған белгі бір бірімен үйлесе әрекет еткенде ғана өкілді билік жүзеге асырылады. Ал жекелеген белгілер тек белгілі билік органына ғана қатысты болуы мүмкін. Азаматтардың түрлі мүдделерін шоғырландыруды қамтамасыз ететін өкілді билік органдарын қалыптастыру өзінің негізінде ерекше тәртіпке бағынады.

Сайланбалылық секілді қасиет арқылы органдар халық мүддесін көздейтін өкілді сынды қасиетке ие болады. Е.И.Фабердің пікірінше сайлау жүйесі «халық өкілдігінің құзіретті қызметін қалыптастыруды» жүзеге асырады [2, 138 б.].

Депутаттардың демократиялық сайлауы азаматтарға өкілді билікке деген қатысының барлығын, халық өкілдері мен сайлаушылары арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Нәтижесінде халықтың өкілді органы «халықтың мұқтаждықтарын басқа билік органдарына қарағанда әлдеқайда зор беделмен жеткізе алады» [2, 138 б.].

Өкілді биліктің тағы бір негізгі сипаты – ол алқалылық. Ол оның құрамы мен тәртібіне, шешім қабылдауына байланысты. Алқалылық құрамы бойынша өкілді орган мекемесі депутаттардың жиыны екендігін білдіреді. Оның құрамынан біз қоғамның әлеуметтік және демографиялық құрылымын көре аламыз. Идеалды өкілді билік қоғамның кішігірім моделі болуы тиіс. Өкілді орган қызметінің сапасы оның құзіретіндегі белгілі бір сұрақтың қалай шешілетіндігі ғана емес, қандай түрде шешілетіндігі де маңызға ие. Міне осы алқалылық өкілді билік органын басқа билік органдарынан ерекшелейді.

Бірқатар зерттеушілер сайлаушылар Президентті сайлайды, ал президент халық мүддесін жүзеге асырады дейді, дегенмен президент халық мүддесін мемлекеттік

шенеуніктер көмегімен орындаса, парламент мемлекеттік емес бірлестіктерге – сайлушылар мен партияларға сүйене отырып орындайды дейді [2].

Зерттеуші Л.А.Кравченко өкілдікті кең мағынада қарау керек деп есептейді [2].

Өкілді биліктің жүйелілік сияқты тағы бір сипатты белгісін өзінің еңбектерінде О.Н.Булаков қарастырған [2].

Өкілді билік дегеніміз – сайланбалы өкілді органдар арқылы жүзеге асырылатын, шешімдерді әзірлеп оны қабылдайтын, депутаттардың сайлаушылармен ерекше байланысы бар, заң қабылдау құқығына ие қоғамдық билік.

Қазақстан Республикасында жергілікті өкілді орган (мәслихат) ұғымының анықтамасы Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңында көрініс тапқан. Заңда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және ҚР заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган делінген [3]. Заңда көрсетілгендей мәслихат халықтың еркін халық сайлаған депутаттар арқылы білдіреді.

Бүгінгі таңда елімізде барлығы 223 мәслихат жұмыс істеп тұр. Барлық деңгейдегі мәслихаттарды қосқанда 3415 депутат бар [1, 3 б.]. Бұл депутаттардың жартысы мажоритарлық жүйемен, жартысы партиялық тізіммен сайланған.

Біздің ойымызша, біздің еліміздегі өкілді билік аралас негізде қалыптасқан. Депутаттардың өкілеттілігін атқару кезінде оларға кеңес беретін, материалдық, техникалық жағынан қамтамасыз ететін мәслихат аппараты мемлекеттік мекеме болып табылады. Мемлекеттік мекемеде өзге атқарушы органдардағы сынды мемлекеттік қызметкерлер қызмет етеді.

Ал депутаттарды жергілікті жердің халқы әр округтан бір депутаттан сайлайды. Мәслихаттың жергілікті жердегі депутаттары еш ақысыз, ерікті түрде өкілеттіліктерін жүзеге асырады. Мәслихат құзіреттіліктері қатарына жергілікті бюджетті бекіту, өзгерістер енгізу, орындалауын қадағалау енеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне деген қызығушылық бірнеше ғасыр өтсе де толастамаған.

Әлеуметтік шоғырландыру қабілетін қалыптастырудың басты элементі сенім болып табылады. Әлеуметтік шоғырландыру мен сенімділік тақырыбы қатысушылар арасындағы сенімге тікелей тәуелді. «Сенімділік» ұғымы әлеуметтік, экономикалық, саяси, антропологиялық зерттеулерде қолданылса да түсіндіруі сан қилы болып келеді. П.Штомпки пікірінше шамамен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап әлеуметтік қатынастардың басты ұғымы ретінде қарала бастаған. Әлеуметтік жүйеге деген сенімділік Ф.Фукуяменің ойына сай индивидтерге деген қатынастан туындайды. Жақын тұлғааралық қатынастан бастап салыстырмалы әлеуметтік объекті бағдарына қарай сенімнің ең көп таралған төрт нұсқасын қарастырсақ: күту түріндегі сенім немесе trust as expectation; дайындық түріндегі сенім; сенімді болу түріндегі сенім немесе иландыру, әлеуметтік ұстаным түріндегі сенім [5, 76 б.].

Жаһандану қарыштап дамып келе жатқан заманда ең алдымен сенім қажет. Адам мен қоғам арасындағы қатынас жүйелі болған сайын сенімге деген қажеттілік және сенімнің маңыздылығы туралы мәселе туындайды. Қазіргі қоғамда біріншіден, абстрактілі жүйелерге деген, яғни белгілер мен сарапшылар жүйесіне деген сенім артып келеді; екіншіден, дәстүрлі әлеуметтік институттарға деген сенім біртіндеп азаю үстінде. Кейбір елдерде билік пен халық арасында сенімсіздік жағдайы қалыптасқан. Әлеуметтік зерттеулерге назар салар болсақ, Е.А.Преликова мен В.В.Зотов көрсеткендей жеке тұлғалық деңгейде әлеуметтік сенім деген отбасыңа, туған-туысыңа, шығармашылық ұжымыңа, достарыңа, көршілеріңе деген сенімді

білдірсе, ал институттық деңгейде жергілікті өзін-өзі басқару органдарына деген сенімді көрсетеді екен [5].

Халықтың билікке деген сенімінің басты көрсеткіші тұрақтылық пен бірлік арқылы көрініс табады. Биліктің легитимділігінің басты факторы – сенім. Сол себепті де кез келген саяси жүйе халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болуға тырысады. Себебі сонда ғана саяси жүйенің тиімділігі мен тұрақтылығы қалыптасады. Бұл тұрақтылық қоғамдағы қақтығыс, қайшылықтардың жолын іздеу қажет дегенді білдіреді, себебі сол арқылы қақтығысқа түсетін жақтардың мүдделерін іске асыруды қарастыруға болады.

Қоғамдық өмірдің басты қағидасы адам құқықтары мен мүдделеріне, әлеуметтік әділеттілікке негізделген болуы тиіс. Сол себепті де мемлекеттік билік белгілі заңдарды қабылдаумен ғана емес, сол қоғамның, әлеуметтік топтың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін, сол топтарды алаңдататын, әлеуметтік әділдікті негізге алатын нормативтік актілерді қабылдайды.

Сенім әлеуметтік бірлестіктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты құрамдас бөлігі бола алады. Ол халықтың талап тілектерін саяси институттың тарапынан іс жүзінде орындауынан қалыптасады. Екінші жағынан, жаппай сананы жаулап алу мақсатында жасалатын әрекеттер.

Сенім әлеуметтік капитал ретінде құнды. Оның көмегімен әлеуметтік толқулар кезінде жағдайды тұрақтандыруға болады. Осы сенім арқылы қоғамның дамуына қажетті реформалар халық тарапынан қолдауға айналады. Посткеңестік деңгейде жоғары деңгейдегі жемқорлық, экономиканың мардымсыз дамуы, халықтың әл-ауқатының төмендігі халықтың мемлекетке деген сенімінің азаюына алып келді [5, 77 б.].

Саяси сенімділік дегеніміз - қадағаламаса да саяси институттардың маңызды сұрақтарды тиімді шешеді деген азаматтардың ұстанымы. Азаматтар өздерінің мүдделерін қанағаттандыратын үкімет саясатына сенетін болады. Саяси институттар қызметі саяси сенімділіктің салдарынан демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі ретінде туындайды. П.Штомпка атап көрсеткендей саяси институттарға деген сенімсіздік оның он демократиялық қағидасына қатыстылығы арқылы сипатталады: легитимділік принципі, сайлаудың кезеңділігі мен белгілі қызметте отыру мерзімінің шектеулігі; биліктің бөлінісі; заң үстемдігі мен соттардың тәуелсіздігі; конституционализм мен құқықтық сараптама принципі; істі сәйкес жүргізу; азаматтық құқықтар, заңдарды сақтауға мәжбүрлеу; ашық түрде талқылау принципі; қоғамдық-саяси қызметтің принциптері. П. Штомпки ойынша сенімсіздік әр аталған принципте институттандырылған. Бір мерзімде әр аталған принцип азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Адамдар биліктің дұрыс орындалмауы орын алған кезде өздерінің қорғаныста болатынын байқағанда сенімділік артады [5, 78 б.].

Антидемократиялық режимдерде сенімділік ұғымының институттандырылуы азаматтардың билікке деген сенімін қалыптастыруы үшін сәйкесінше әрекет етуді талап етуінен туындайды. П.Штомпка осында қоғамдарда сенімнің институттандырылуының екі механизмін сипаттайды: біріншіден, ақпаратқа қол жеткізу жолдарын жабу; екіншіден, сенімсіздікті білдіретін әрекетті болдырмас үшін саяси қатаң бақылау қою. Ал шын мәнінде ол ақыр соңында билікке деген сенімділікті түбегейлі жояды.

Билік пен қоғам арасында келесі коммуникация түрлері қалыптасқан. Олар – жедел көмек, азаматтарды қабылдау, қоғамдық пікірді сұрау, белгілі бір мәселені шешу үшін құрылатын фокус группалар, теле және радио дебаттар, ақпарат құралдары арқылы жекелеген сұрақтарға жауап беру, азаматтарды оқыту, техникалық демеу көрсету, қоғамның пікірін есепке алу, кеңес беру, ақпараттандыру.

Мемлекеттің басқару қызметі қоғаммен коммуникациялы байланыс саласында қоғамның қажеттілігі мен мүдделеріне мониторинг жасауға, қоғамдық және саяси партиялармен жұмысқа, шенеуніктің жағымды образын немесе жекелеген мемлекеттік

басқару құрылымын қалыптастыруға, мемлекет пен ақпарат құралдары арасында тиімді байланыс жүйесін жасауға бағытталуы тиіс. Кейбір нормативтік-құқықтық құжаттарды қоғамдық талқылауға шығару, жалпыға ортақ қоғамдық шараларды өткізу.

Жоғарыда айтылғандай, біздің елімізде жергілікті өзін-өзі басқарудың гибриді түрі қалыптасқан. Халық жергілікті жерде өз мәселелерін тікелей шешпейді, олар халық атынан шешім шығаратын депутаттарды сайлайды. Депутаттар өз кезегінде тұрақты комиссия отырыстары мен мәслихат сессияларында жергілікті халықтың мүддесін көздей отыра шешімдер мен қаулылар шығарады.

2022 жылы Экономикалық зерттеулер институты Алматы, Астана, Шымкент қалаларында халқтың әл ауқатына әсер ететін факторлардың бірі ретінде халықтың мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, институттарға сенімі пайыздық мөлшерлемеде қаралған болатын. Халықтың мәслихаттарға сенімі жүз пайыздық мөлшерлемеде Шымкент қаласында 26,9%, Алматы қаласында – 36,5%, Астана қаласында 27,9% құраған [8].

Депутаттардың халық сеніміне ие болуы үшін біріншіден, азаматтарды жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешім қабылдау процесіне тарту. Тұрақты комиссиялардың көшпелі отырысына аула, қала тұрғындарын шақыру. Тұрғындардың белгілі бір мәселе бойынша ойларын біліп, түртіп алу;

Екіншіден, депутаттар әлеуметтік желілерде кеңінен талқыланатын қоғамдық маңызы бар мәселелерге проактивті ден қоюы тиіс;

Үшіншіден, мәслихат депутаттары еңбекақысыз, тегін қоғамдық бастамамен жұмыс істегендіктен көп жағдайда өздерінің депутаттық мандат алғанына артынша өкінгендер кездескен. Сондықтан, белсенді қызмет ететін депутаттарға болмағанда жылына бір рет марапаттау сынды көмек көрсетілсе. Мәселен, мәслихат төрағасы жылына бір рет біліктілігін арттыру оқуына баратындығы секілді тағы бір депутатқа мүмкіндік қарастырылса;

Төртіншіден, мәслихат бюджетін әкімдіктің бюджетінен бөлу мәселесі. Себебі, қазіргі таңда өкілді билік жұмысы әкімдік тарапынан қаржыландырылады

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында әр түрлі деңгейдегі мәслихаттар саны қанша? // <https://semeytany.kz/15381/kazakstan-respublikasynda-er-turli-dengeydegi-meslihatar-sany-kansha>
2. Карасев А.Т., Савоськин А.В., Морозова А.С. Представительная власть как вид публичной власти // <https://cyberleninka.ru/article/n/predstavitelnaya-vlast-kak-vid-publichnoy-vlasti/viewer>. Жүгіну күні: 01.11.2024 ж.
3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы.
4. Горбатюк Е.С. Основные теории местного самоуправления: аналитический обзор // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-teorii-mestnogo-samoupravleniya-analiticheskiy-obzor>. Жүгіну күні: 01.11.2024 ж.
5. Черкашин М.Д. Доверие население к органам власти как фактор социальной консолидации общества // <https://cyberleninka.ru/article/n/doverie-naseleniya-k-organam-vlasti-kak-faktor-sotsialnoy-konsolidatsii-obschestva/viewer>
6. Байқадамов Н. Жергілікті өкілді билік: мүмкіндіктер уақыты // Егемен Қазақстан - 2021.- 16 маусым // <https://egemen.kz/article/278553-zhergilikti-okildi-bilik-mumkindikter-uaqyty>
7. Мәслихаттар немен айналысады және бізге не үшін қажет // <https://mtrk.kz/kz/2023/03/09/maslikhatar-nemen-aynalsady-zhane-bi/>
8. Уровень доверия населения в крупных городах Казахстана - Институт экономических исследований // https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=5712/arch=2023_5 Жүгіну күні: 04.11.2024 ж.

Е.Б. Жанғазинов,

Докторант, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Басқару институты, Астана, Қазақстан.

Н.Е. Сыздықов,

Докторант, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Басқару институты, Астана, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ТЕРАПИЯЛАУ: МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік басқарудың медициналық теориялары зерттеледі, онда азаматтар мен халықтың денсаулығы тұрақты және үйлесімді дамудың негізгі басымдығы ретінде қарастырылады. Мақалада азаматтардың денсаулығы білім беру, жұмыспен қамту және мәдениет сияқты барлық әлеуметтік секторлардың өсуіне, сондай-ақ экономикалық тұрақтылыққа әсер ететін іргелі фактор ретінде қарастырылатын мемлекеттік басқарудың медициналық теориясы зерттеледі. Денсаулық сақтау саласына басымдық беру әлеуметтік бағытталған қоғам мен экономикалық тұрақты мемлекет құруға ықпал ететіні атап өтіледі. Мұндай тәсілдің тиімділігін дәлелдейтін денсаулық сақтау саласындағы табысты реформалардың мысалдары келтірілген. Халық денсаулығын қолдау және жақсартуға бағытталған басқару құрылымдарына және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудағы және қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етудегі олардың маңызды рөліне ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: мемлекеттің денсаулығы, басқарудың медициналық теориясы, әлеуметтік сектор, алдын алу, терапия.

Аннотация. Настоящая статья посвящена исследованию медицинских теорий государственного управления, где здоровье граждан и населения выступает основным приоритетом для устойчивого и гармоничного развития. В статье исследуется медицинская теория государственного управления, в которой здоровье граждан рассматривается как фундаментальный фактор, влияющий на рост всех социальных секторов, включая образование, занятость и культуру, а также на экономическую стабильность. Подчеркивается, что приоритетное внимание здравоохранению способствует созданию социально ориентированного общества и экономически устойчивого государства. Приведены примеры успешных реформ в сфере здравоохранения, подтверждающие эффективность такого подхода. Особое внимание уделено структурам управления, направленным на поддержание и улучшение здоровья нации, а также их ключевой роли в повышении эффективности государственного управления и долгосрочной стабильности общества. Ключевые слова : здоровье государства, медицинская теория управления, социальный сектор, профилактика, терапия.

Abstract. This article is devoted to the study of medical theories of public administration, where the health of citizens and the population is a main priority for sustainable and harmonious development. The article examines a medical theory of public administration in which the health of citizens is considered a fundamental factor influencing the growth of all social sectors, including education, employment, and culture, as well as economic stability. It emphasizes that prioritizing healthcare promotes the creation of a socially oriented society and an economically sustainable state. Examples of successful healthcare reforms are provided, demonstrating the effectiveness of this approach. Special attention is given to administrative structures aimed at maintaining and improving the health of the nation, as well as their key role in enhancing the efficiency of public

administration and ensuring long-term social stability. Keywords: state health, medical theory of governance, social sector, prevention, therapy.

Кіріспе

Мемлекет тірі организмге ұқсас, онда барлық жүйелердің өзара байланысы халықтың денсаулығымен қамтамасыз етіледі. Денсаулық сақтау басты орынға қойылған елдерде азаматтардың физикалық әл-ауқаты ғана емес, сонымен қатар экономика, мәдениет, білім беру және жұмыспен қамту салаларының дамуы байқалады. Денсаулық деңгейі жоғары Швеция, Жапония және Германия сияқты елдердегі мысалдар денсаулыққа басымдық беру қоғамның үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдай жасайтынын көрсетеді. Зерттеу азаматтардың денсаулығы тұрақты дамудың негізгі ресурсы болып табылатын мемлекеттік басқарудың медициналық теориясы призмасы арқылы мемлекет тұрақтылығын арттыратын негізгі факторларды анықтауға бағытталған [1, 6].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсаттарына жету үшін халықтың денсаулық жағдайы туралы халықаралық деректер, оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), ұлттық денсаулық сақтау министрліктері және статистикалық қызметтерден алынған көрсеткіштер пайдаланылды [1, 3, 6]. Талдау халықтың денсаулығының деңгейі мен білім беру, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту сияқты әлеуметтік секторлардың дамуы арасындағы байланыстарды анықтауға бағытталған [2, 5].

Зерттеу әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды: салыстырмалы талдау — талданған елдер (Швеция, Жапония, Германия, Үндістан және Бразилия) әртүрлі денсаулық көрсеткіштеріне, әлеуметтік жетістіктеріне және экономикалық даму деңгейлеріне байланысты таңдалды. Салыстырмалы талдау денсаулық сақтау жағдайы мен әлеуметтік тұрақтылық арасындағы корреляцияны анықтауға, сондай-ақ денсаулық сақтауға салынған инвестициялардың басқа әлеуметтік секторларға әсерін түсінуге мүмкіндік береді [4, 6].

Өзара байланыстарды моделдеу — денсаулық сақтаудың әлеуметтік көрсеткіштерге әсерін зерттеу үшін медициналық қызметтерге қолжетімділік, білім деңгейі, жұмыспен қамту және кедейлік деңгейі сияқты факторларды ескеретін математикалық модельдер қолданылды. Бұл халықтың денсаулық деңгейін арттыру әлеуметтік тұрақсыздықтың төмендеуімен байланысты екенін байқауға мүмкіндік берді [8, 10].

Кейс-стадиялар — денсаулық сақтауды басқарудың табысты модельдерін анықтау үшін Швеция мен Жапония сияқты елдердің нақты мысалдары қарастырылды. Бұл кейстер денсаулық сақтауды әлеуметтік саясатқа интеграциялау тұрақты әлеуметтік дамуға қалай ықпал ететінін көрсетеді [6].

Әлеуметтанулық талдау — денсаулық сақтау сапасы, бақыт көрсеткіштері және мемлекетке деген сенімге қатысты қоғамдық пікірді зерттеу денсаулықтың әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамдық көңіл-күйге әсерін анықтауға бағытталған [9].

Нәтижелер

Талдау халықтың денсаулық деңгейі жоғары елдер тұрақты әлеуметтік дамуға қол жеткізетінін көрсетті. Мысалы, Жапонияда, орташа өмір сүру ұзақтығы 84 жылдан асатын жерде, сондай-ақ жоғары жұмыспен қамту және білім деңгейі байқалады [1]. Швецияның мысалы, халықтың шамамен 90%-ы бастапқы медициналық көмекке қол жеткізе алатындығын көрсетіп, бұл білім деңгейіне, әлеуметтік теңдікке және қылмыстың азаюына оң әсер ететінін дәлелдейді [6]. Денсаулық сақтау деңгейі жеткіліксіз дамыған Үндістан мен Бразилия сияқты дамушы елдерде әлеуметтік тұрақсыздықтың жоғары деңгейі байқалады [7].

**Кесте 1 - Денсаулық жағдайына байланысты жұмыспен
қамту және әлеуметтік әл-ауқат деңгейі**

Ел	Денсаулық индексі	Жұмыспен қамту деңгейі (%)	Әлеуметтік әл-ауқат (%)
Жапония	84	94	88
Швеция	82	92	86
Үндістан	52	68	55
Бразилия	58	72	60

Ескерту: ДДСҰ-ның 2024 жылғы деректерінен алынған

Талдау сонымен қатар, профилактика деңгейі төмен елдер әлеуметтік дағдарыстар санының өсуіне тап болатынын анықтады. Мысалы, Швецияда балалар арасында аурудың алдын алу бес жыл ішінде сырқаттанушылық деңгейін 15%-ға төмендетуге мүмкіндік берді, ал профилактика деңгейі төмен елдерде (Үндістан, Бразилия) жоғары әлеуметтік тұрақсыздық байқалады [5].

Талқылау және Қорытындылар

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, халық денсаулығы деңгейінің жоғары болуы мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды негізі болып табылады. Швеция мен Жапония сияқты денсаулық сақтау саласында табысты реформалар жүргізген елдер мысалында денсаулыққа басымдық беру қоғамның әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тұрақты болуына ықпал ететіні дәлелденді. Бұл елдерде кедейлік деңгейінің төмендеуі, білім беру сапасының артуы және халықтың әлеуметтік тұтастығының нығаюы байқалады, бұл басқарудың медициналық теориясының тиімділігін растайды [4, 8].

Мемлекетті организм ретінде қарастыру, яғни денсаулықты негізгі жүйе құраушы элемент ретінде көру – бұл елдің әлеуметтік «ауруларын», мысалы, жемқорлық, кедейлік және теңсіздікті жоюға мүмкіндік береді. Басқарудың медициналық теориясы мемлекеттік құрылымдардың келісілген, өзара байланысты жұмыс істеуін талап етеді, себебі халық денсаулығы қоғамдағы жалпы тұрақтылық пен әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз ететін орталық элемент болып табылады [3, 9].

Денсаулық сақтау жүйесіне инвестициялар өмір сүру деңгейін арттырып, әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, сондай-ақ экономиканы нығайтудың тиімді әдісі болып табылады [5]. Денсаулықты басым бағыт еткен елдерде әлеуметтік тұрақтылық байқалады, бұл халықтың денсаулығына көңіл бөлудің маңызды екендігін көрсетеді [6]. Сонымен қатар, денсаулық сақтау жүйесінде профилактикаға басымдық беру әлеуметтік дағдарыстардың ықтималдығын азайтып, қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді [1, 8].

Сондықтан ұлттық және аймақтық көшбасшылар денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жүйесінде басты бағыт ретінде қою арқылы елдің ұзақ мерзімді әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ете алады [2, 10]. Денсаулық сақтау саласына көңіл бөлген елдерде халықтың әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерге жетуге деген қабілеті жоғары, бұл елдің тұрақтылығын нығайтады. Осылайша, халықтың денсаулығын стратегиялық басымдық ретінде қарастыру ұзақ мерзімді дамуға, тұрақтылық пен қоғамның гүлденуіне кепілдік береді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, халық денсаулығы мемлекеттік басқарудың негізгі басымдығы ретінде қарастырылуы тиіс. Мемлекеттік басқарудың медициналық теориясы денсаулықты

әлеуметтік және экономикалық құрылымдардың тұрақтылығының іргетасы деп санайды. Денсаулық сақтау саласына басымдық беру қоғамның тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді дамуы үшін маңызды. Мақалада қарастырылған мысалдар мен зерттеулер көрсеткендей, денсаулық көрсеткіштерінің жақсаруы білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік тұрақтылық және экономикалық өсу сияқты маңызды секторларға оң әсер етеді.

Денсаулық сақтау жүйесіне инвестиция салу мемлекетке үлкен қайтарым береді, өйткені денсаулығы жақсы халық – қоғамның өнімділігі мен әл-ауқатының кепілі. Әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерді жақсарту үшін мемлекеттер денсаулық сақтау саласына инвестиция салуды стратегиялық басымдық ретінде қарастыруы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, басқару құрылымдары денсаулық сақтау шараларын нығайтуға және халықтың денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталуы тиіс.

Мақалада денсаулық сақтау саласындағы табысты реформалардың мысалдары келтірілген, олар халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясаттардың маңыздылығын көрсетеді. Демек, мемлекеттің денсаулығын сақтауға бағытталған саясаттарды әзірлеу және іске асыру – мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығының кепілі.

Әдебиеттер тізімі

1. World Health Organization. (2020). Global Health Observatory (GHO) data. WHO. Қол жетімді: <https://www.who.int/data/gho> (Қаралған күні: 1 қараша 2024 ж.).
2. United Nations Development Programme. (2019). Human Development Report 2019: Beyond income, beyond averages, beyond today – Inequalities in human development in the 21st century. Нью-Йорк: UNDP.
3. The World Bank. (2021). World Development Indicators: Health Expenditure. Қол жетімді: <https://databank.worldbank.org/source/world-development-indicators> (Қаралған күні: 1 қараша 2024 ж.).
4. Marmot, M. (2015). The Health Gap: The Challenge of an Unequal World. Лондон: Bloomsbury Publishing.
5. Wilkinson, R.G. and Pickett, K. (2010). The Spirit Level: Why Equality is Better for Everyone. Лондон: Penguin Books.
6. OECD. (2020). Health at a Glance 2020: OECD Indicators. Париж: OECD Publishing. Қол жетімді: <https://www.oecd.org/health/health-at-a-glance-19991312.htm> (Қаралған күні: 1 қараша 2024 ж.).
7. Solar, O. and Irwin, A. (2010). A Conceptual Framework for Action on the Social Determinants of Health: Social Determinants of Health Discussion Paper 2 (Policy and Practice). Женева: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы.
8. Braveman, P. and Gottlieb, L. (2014). 'The social determinants of health: It's time to consider the causes of the causes', Public Health Reports, 129(2), бб. 19–31.
9. Kawachi, I. and Berkman, L.F. (2000). Social Epidemiology. Оксфорд: Oxford University Press.
10. Deaton, A. (2013). The Great Escape: Health, Wealth, and the Origins of Inequality. Принстон, Нью-Джерси: Princeton University Press.

Ербол Бауыржанұлы Жанғазин, erbolcutakella1311@gmail.com, +77753691134
Нариман Ермекұлы Сыздықов, narimanermekuly@gmail.com, +77077395561

ӘОК: 35.082

Жарасова Г. Қ.,
магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ HR-БРЕНДІН ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік қызметте HR-бренд қалыптастырудың маңызы айтылады. Жоғары сапалы HR-бренд мемлекеттік қызметке білікті, құзыреттіліктері жоғары азаматтарды тартуға, оларды ұстап қалу және одан әрі дамыту үшін қажетті болып саналады. Мақалада мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайтуға ықпал ететін мәселе көтеріледі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің HR-брендін қалыптастыру жолдарының нақты мәселелері аясында мысалдары көрсетіліп, одан әрі зерттеу жүргізу әдістері келтірілген. Жақсы қалыптасқан HR-бренд сапалы қызметкерлер пулын құруға көмектеседі. Мемлекеттік қызметтің еңбек нарығында тиімділігі мен бәсекелестігін көтеру үшін жеке сектормен теңестірілетін стандарттар мен процедуралар енгізу мүмкіндіктері болуы қажет.

Аннотация. В статье говорится о важности создания HR-бренда на государственной службе. Качественный HR-бренд считается необходимым для привлечения, удержания и дальнейшего развития квалифицированных, высококомпетентных граждан на государственной службе. В статье поднимается вопрос укрепления положительного имиджа государственной службы. Также показаны примеры путей формирования HR-бренда государственной службы в рамках конкретных проблем и приведены методы дальнейшего исследования. Хороший HR-бренд помогает создать качественный кадровый резерв. Для повышения эффективности и конкурентоспособности государственной службы на рынке труда необходимо иметь возможность внедрять стандарты и процедуры, равные тем, которые применяются в частном секторе.

Abstract. The article talks about the importance of creating an HR brand in the public service. A quality HR-brand is considered essential for attracting, retaining and further developing qualified, highly competent citizens in the public service. The article raises the issue of strengthening a positive image of the civil service. It also shows examples of ways in which the HR-brand of the civil service can be shaped within the framework of specific problems and provides methods for further research. A good HR-brand helps to create a quality talent pool. To improve the efficiency and competitiveness of the public service in the labor market, it is necessary to be able to implement standards and procedures equal to those applied in the private sector.

Түйін сөздер: HR-бренд, мемлекеттік қызметке таланттарды тарту, мемлекеттік қызмет имиджін арттыру.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтегі HR-бренд ұғымы әлемдік практикада қолданылады.

Мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен оның дәрежесін одан әрі арттыруға алып келетін аспектілерге ықпал ету арқылы еліміздің мемлекеттік қызмет жүйесіне де аталған ұғымды енгізуге болады.

Ең алдымен кез келген күрделі және сыйымды тұжырымдама секілді, «брендтің» осы салада маманданған ғалымдар мен практиктердің көпшілігі келісе алатын жалғыз әмбебап анықтамасы болуы мүмкін емес [1].

Өз кезегінде HR (ағыл. human resources – адами ресурстар) брендті жұмыс берушінің келбетін қалыптастыру, ұйымдардағы адамдар тобымен (адами ресурстар) жұмыс істеу және басқару процесі, оның ішінде қызметкерлерді тарту, оқыту және дамыту, ынталандыру,

бағалау және сақтап қалу, қоғаммен байланыс, қауіпсіздік, әлеуметтік және еңбек қорғалуы, мәдениет пен құндылықтар, имидж бен бедел, жұмыс жағдайлары, коммуникация, жұмыс шарттары, тәжірибе алмасу, инклюзивті орта қалыптастыру секілді компоненттер жиынтығы ретінде қарастыру өзекті болуда [2, 3, 4, 5].

Дегенмен, мемлекеттік қызмет жүйемізде мемлекеттік қызметтің HR-брендін анықтауға кешенді көзқарас қалыптастырылмаған.

Оған себеп, мемлекеттік қызметте нақты белгіленген талаптар, заңнама нормалары және қалыпты жүйе бар.

Мемлекеттік қызметшінің де мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі бар.

Өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесінің әрбір элементінде HR-бренд бірдей болмайды. Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі HR менеджменті әр кезеңде әртүрлі болуы мүмкін.

Жалпы, мемлекеттік басқару жүйесіндегі кадрлық жағдайы әр кезеңде жүйеленіп ортырады. Бір тобы мемлекеттік басқарудың жоспарлау жүйесінің қызметтерінде болса, келесі бірі бақылау бағытында және т.б. секілді. Олардың өзіндік тиісті құзыреттіліктері де айқындалған.

Осы тұста HR құзыреттіліктері қарастырылған деп атай аламыз, алайда ол мемлекеттік басқару призмасы арқылы емес.

Мемлекеттік басқару призмасы арқылы мемлекеттік басқару жүйелеріне негізделген жіктеу жасауға мүмкіндік беретін талдау жүргізілсе, сәйкесінше біз HR құзыреттілігінің классификациясын көрсетеміз. Нәтижесінде жүйелік тәсілдердің негіздемесі арқылы мемлекеттік жүйедегі HR-брендіне анықтама беруге болады.

Бүгінде мемлекеттік қызметтің HR-брендіне теріс әсер ететін/кедергі келтіретін бірқатар жағымсыз факторлар бар. Олар:

1) мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтары;

2) мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық фактілері;

3) мемлекеттік қызметшілердің этикалық-моральдық құндылықтарының төмен көрсеткіштері;

4) мемлекеттік қызметшілердің біліктіліктерінің титісті деңгейге жеткіліксіздігі;

5) мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік теңсіздіктері. Және тағы да өзге жағдайлар анықталуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметтің HR-брендингін сипаттау үшін оның құлдырауына әкеп соғатын осы тектес фактілердің алдын-алу және болдырмау шаралары қабылдануы тиіс.

Осы тұста мемлекеттік қызметтегі оң және теріс элементтерді HR-брендинг негізінде бағалау, мәселен балдық жүйедегі, әдістерінің қажеттілігі туындайды деп пайымдалады.

Яғни, имиджді жақсартудың басқа факторлары да бар. Олардың имиджге қаншалықты әсерін нақты көрсету үшін қазіргі уақытта іс жүзінде қолданылмайтын бағалау әдістемесін анықтауды қажет етеді. Бұл жағдайда мемлекеттік қызметке енгізуді талап ететін HR-брендінің рөлі артады.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілерді зерделеу көрсеткендей, мемлекеттік қызметке кіру шарттарына қатысты бөлігінде тиісті талаптар көрсетілгенімен («Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы), азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылықтарынан (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі), әдеп нормаларын бұзушылықтарынан (Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі) туындайтын азаматтардың этикалық тұрғыдағы мінез-құлқын айқындауға мүмкіндік беретін шектеулер келтірілмеген [6, 7, 8].

Қолданыстағы мемлекеттік қызметке кіру шарттары нақты болжамды бұзушылықтардың алдын-алатыны секілді, этикалық тұрғыдағы шектеулерді енгізетін

шарттар да жоғары мәдениетті мемлекеттік қызметшілердің пулын қалыптастыруға ықпал ете алады.

Өз алдына әдеп нормаларын бұзумен жанасатын (мәселен, қоғамдық тәртіпук және имандылыққа қол сұғушылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдық орындарға масаң күйде келу, масаң күйде көлік құралдарып басқарып, жол көлік оқиғасына жол беру, сондай-ақ ар-намыс, қадір қасиетке нұқсан келтіру және т.б.) жүйелі орын алатын фактілер мемлекеттік қызметті өткеру барысында қайталану тәуекелдерін тудырып, қызметкердің бұзушылығы салдары мемлекеттік аппаратқа деген резонансты сынды күшейте түседі.

Осы тұрғыда мемлекеттік қызметтегі HR-брендi анықтамасына сәйкес келетін принциппен мемлекеттік қызметке деген теріс көзқарасты өзгертуге және оны реттеуге нормативтік актілер біртұтастылығын көрсететін нормалар енгізу қажеттілігі туындайды деп саналады.

Оған қоса Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында да мінсіз бедел институтын енгізу, мемлекеттік лауазымға тағайындау кезінде қосымша шектеулер енгізу мәселелері көтерілген [9].

Бүгінгі күнде азаматтардың мемлекеттік қызметке сәйкестігін қарау мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган базаларын зерделеу, ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнаулы тексерудің нәтижелері секілді этаптардан тұрады.

Бұған қоса, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметке үміткер азаматтарға арналған талаптардың бастапқысы – заңнаманы білуге арналған тесілеу және құзыреттіліктерді бағалау рәсімдері.

Алайда, жоғарыда баяндалған мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі талаптары туралы деректер, оның жүргізілу рәсімдерінің үрдістері кез-келген азаматқа толыққанды қолжетімді болғанымен, іздеу аясы кең емес.

Ол азаматтар тарапынан мемлекеттік қызметке келуге қызығушылықты төмендетуге жанама әсер етуі ықтимал. Бұл негізде мемлекеттік қызметке кіру бойынша ақпараттар таралымы брошюралар, әлеуметтік желілердегі жарнамалар, бейнероликтер секілді жалпы коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырмайды.

Мәселен, мемлекеттік қызмет жүйесінде gov.kz порталы арқылы бос жұмыс орындар тізбесін көруге болады, алайда мұндай мәліметтер өзге платформаларда көрініс таппайды.

Жалпы, мемлекеттік қызметте бос орындар мәселесі бүгінге дейін өз өзектілігін жойған емес. Бүгінгі күнде республика бойынша бос немесе уақытша бос мемлекеттік лауазымдардың толық толтырылмау мәселесін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның 4 жылдық статистика сандары көрсетеді (1-кесте).

1-кесте. Мемлекетті қызметтегі бос лауазымдар туралы қосымша ақпарат.

Кезең	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Саны	8501	5528	6090	7574
/жағдайымен/	/01.01.2021	/01.01.2022	/01.01.2023	/01.01.2024
	ж./	ж./	ж./	ж./

Ескерту: портал деректері негізінде автормен есептелген [10].

Осы ретте мемлекеттік қызметке жоғары құзыретті мамандарды табу үшін, оның ішінде корпоративтік бизнес басқаруды қоса алғанда, біз барлық арналарды мемлекеттік

қызметтің HR-брендiнiң тұрақты деңгейiн көрсету үшiн пайдалануымыз қажет деп тұжырымдалады.

Мәселен, HeadHunter (Ресей мен ТМД елдерiнде танымал еңбек нарығының онлайн платформасы) компаниясының платформасы арқылы мемлекеттік қызметтегі бос орындарды жариялауды жүргiзу бiлiктi мамандарды табуға жол ашуы мүмкiн.

Осылайша, мемлекеттік қызметтің тиiмдiлiгi мен сапасы кадрларды тарту мен даярлау стратегияларына тәуелдi болуымен қатар, HR-брендингiне де тiкелей байланысты. Сондықтан, мемлекеттік қызметте HR-брендтi қалыптастыруға оған азаматтар мен қызметшiлер тарапынан оң көзқарас қалыптастыру, оның жоғары әлеуетiн көрсету құралы ретiнде қарай аламыз.

Тиiсiнше, мемлекеттік қызметте HR-брендтi көтеруге болатын ұсыныстар келесiдей көрiнiс табады:

1. Мемлекеттік қызметтің HR-брендiне анықтама беру үшiн кешендi тәсiлдер арқылы талдау жүргiзiп, мемлекеттік қызмет имиджiне әсерiн тигiзетiн бағалау әдiстемесiн анықтау;
2. Тең жағдайлар қалыптастыру арқылы мемлекеттік қызметтің HR-брендi рөлiн көтеру мақсатында, бiлiктi мамандар тарту үшiн тиiмдi каналдарды пайдалану.

Пайдаланылған дереккөздер тiзiмi

1. Герасименко В.В., Очковская М.С. Бренд-менеджмент: Учеб. пособие. – М., 2016. – 100 с.
2. Уилтон Н. HR-менеджментке кiрiспе / Н. Уилтон. - Оқулық. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 б. - ISBN 978-601-7943-32-5.
3. Иванова С. Ловушки HR-брендинга: как стать лучшим работодателем для сотрудников и кандидатов. - М. : Альпина Паблишер, 2024. - 242 с. - ISBN 978-5-9614-2141-5.
4. Глухова О. В. HR-бренд: репутация имеет значение / О. В. Глухова // 2013. - Управление человеческим потенциалом. №4. - с. 272-277.331.108.2 - Г 55.
5. Прудникова К.О. Актуальность применения системы HR-брендинга в управлении персоналом для компаний в условиях высокой конкуренции на рынке труда // Вопросы экономики и управления. – 2016. – № 4. – С. 28–31.
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметi туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>.
7. Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексi 2014 жылғы 5 шiлдедегi № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
8. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшiлерiнiң әдептiлiк нормаларын және мiнез-құлық қағидаларын одан әрi жетiлдiру жөнiндегi шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153>
9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметiн дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекiту туралы Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2024 жылғы 17 шiлдедегi № 602 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000602>
10. ҚР Мемлекеттік қызмет iстерi агенттiгiнiң ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/3?lang=ru&title=%D0%BC%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B8%D0%BD%D0%B3%20>

Хат алмасуға жауапты автор туралы мәлiмет: Жарасова Гауһар Қайратбергенқызы; +7 778 890 27 95; e-mail: dg9695@mail.ru.

Задрина К.И.

*Специализированная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан,
документовед, г. Семей*

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ГОСУДАРСТВЕННОМ УПРАВЛЕНИИ

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік басқаруды дамытудың қазіргі заманғы үрдістері қаралды. Басқарудың жаңа әдістерін енгізу мүмкіндігіне мысалдар келтірілді. Проблемаларды қарау және оларды шешу жолдары, даму үрдісінің өзгеруі, құқықтық мазмұнының өзгеруі. Жетілдіру үшін өз көзқарасы.

Abstract. The article examines modern trends in the development of public administration. Examples of possible implementation of new management methods are given. Consideration of problems and ways to solve them, changes in the development trend, changes in the legal content. Own vision offer for improvement.

Аннотация. В статье рассмотрены современные тенденции развития государственного управления. Приведены примеры возможного внедрения новых методов управления. Рассмотрение проблем и пути их решения, изменения тенденция развития, изменение правовое содержание. Собственное видение предложение для усовершенствования.

Ключевые слова: Новое государственное управление, децентрализация, управленческие технологии, трансформация приоритетов, развитие, государственное управление зарубежный опыт, построение коллективных концепций, общество.

На сегодняшний день неопределенность внешней среды требует от государства, корректировать целевые установки, дискурсы, о совершенствовании системы государственного управления в Республике.

Ярким примером является формирование информационного общества где первоначальный обсуждаемый вопрос гласит следующим образом корректировка положение обязанностей и предназначении государства. Непосредственные проблемы имеют широкое исследование, теорией государства и права, конституционного и административного права. Согласно международной практике и многофакторного влияния на системы государственного управления, определяют дальнейшее управление оценки трансформации государства, как институт политической системы.

За последний годы Казахстан исследует различные модели, имеющие отражение новой реальности, позволяющие в полной мере решать социальные и экономические задачи. Определены направления модернизации системы государственного управления в Казахстане.

Приоритеты развития казахстанской системы, государственного управления является «долгосрочная стратегия развития Казахстана», задачей данной стратегии является эффективная современная государственная служба, считавшейся оптимальной для рыночной экономики, основываясь на создании качественно новых структур, являясь основой государственной политики, образующую открытую сеть государственного регулирования, где носят поощрительный характер, элемент «здоровой конкуренции».

Благодаря последовательности реформ создана модель истоком которой служит главный принцип меритократии эффективности подотчетности обществу.

Вопрос совершенствования регулирования государственного органа, находится на стадии упорного изучения на сегодняшний период времени, имея неподдельный интерес со стороны государственных служащих.

Государство считается особой организацией публичной политической власти имея конкретные цели и задачи целевой составляющей, именно достижение данных задач и служит государственное управление.

Государство являясь сложным и многогранным общественным явлением выступая в качестве субъекта управления придает, управлению общественными делами свойство системности, которое находится в статусе социальной значимости. При наличии государства в обществе возможно достижение необходимой согласованности координации субординации целеустремленности, как следствие рациональности и эффективности в управлении.

Видение и разработка данной проблемы в условиях многозадачности.

Түйін: Мақалада "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (ХҚКО) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіледі. ХҚКО, бұрынғыдай, қызметкерлердің кең дискрециялық өкілеттіктеріне, бақылаудың жеткіліксіздігіне және заңнамадағы олқылықтардың болуына байланысты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жиі ұшырайды. ХҚКО арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің қазіргі үлгісі бюрократиялық кедергілердің жанжалды жағдайларының пайда болуына әсер етіп, парақорлыққа жағдай жасайды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін ХҚКО қызметкерлерінің жауапкершілігін енгізу бойынша бірқатар шаралар ұсынылады. Бұл зерттеу Қазақстандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін кешенді реформалардың қажеттігін айқындайды.

Түйінді сөздер: мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, дискрециялық, құқықтық жауапкершілік, халыққа қызмет көрсету орталығы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, коммерциялық емес ұйым, заңнамадағы олқылық, өкілеттіктердің болуы, құзырлы орган.

Abstract: This article analyzes corruption risks in the operations of the non-profit joint-stock company "Government for Citizens" (Public Service Centers, PSC). PSC remains vulnerable to corruption due to employees' broad discretionary powers, insufficient oversight, and legal gaps. The current model of public service delivery through PSC fosters conflictual bureaucratic barriers and creates conditions conducive to bribery. To mitigate corruption risks, several measures are proposed to enhance accountability for PSC employees. The study underscores the need for comprehensive reforms to ensure transparency and efficiency in public services in Kazakhstan.

Keywords: public services, discretion, legal accountability, public service center, government service, non-profit organization, legal gap, authorization, competent authority.

В Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года отмечена важность продолжения работы, «связанной по передаче отдельных государственных услуг НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», для их более оперативного оказания. При этом следует проработать возможность наделения полномочием работников НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», непосредственно взаимодействующих с населением, оказывать государственные услуги по итогам реинжиниринга государственных услуг» [1].

Исторические аспекты создания НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее-ЦОН) свидетельствуют, что в 2016 году в результате реорганизации некоторых республиканских государственных предприятий на основании постановления Правительства Республики Казахстан в целях оказания государственных услуг было создано юридическое лицо со стопроцентным участием государства в его уставном капитале.

Основным предметом деятельности ЦОН определено оказание государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан путем организации работы по приему заявлений и выдачи их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», а также обеспечение оказания государственных услуг в электронной форме [2].

Как известно, государственная услуга является одной из форм реализации отдельных государственных функций или их совокупности, осуществляемых по обращению или без обращения услугополучателей и направленных на реализацию их прав, свобод и законных интересов, предоставление им соответствующих материальных или нематериальных благ [3].

В эпоху развития цифровизации, ЦОНЫ стали неотъемлемым звеном взаимодействия государства и граждан, поскольку большинство ранее оказываемых государственными органами значимых услуг по регистрации и прекращению прав собственности на объекты недвижимого и движимого имущества, а также социальных услуг, связанных с назначением и выплатами пособий и пенсий, получению и продлению разрешительных документов (лицензии) на сегодня предоставляются в новом для страны формате, посредством провайдеров.

По нашему мнению, одним из первых значимых переходов на новый формат предоставления государственных услуг, является произошедшая в конце 2013 года, интеграция специализированных ЦОН с подразделениями полиции уполномоченными осуществлять действия по регистрации и прекращению прав на движимое имущество, а также выдаче прав на управление транспортными средствами. Указанная интеграция, в первую очередь, была обусловлена реализацией пунктов Послания Президента страны народу Казахстана от 18 февраля 2005 года [4].

В настоящее время согласно приказу исполняющего обязанности министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 31 января 2020 года № 39/НҚ, уполномоченный регистрирующий орган (МВД РК), предоставляет следующие виды государственных услуг населению:

- государственная регистрация, учет и снятие с учета отдельных видов транспортных средств по идентификационному номеру транспортного средства, а также выдача свидетельств о регистрации транспортных средств и государственных регистрационных номерных знаков;

- выдача дубликата государственного регистрационного номерного знака для транспортных средств;

- выдача водительских удостоверений [5].

Вышеотмеченные государственные услуги предоставляются путем обращения граждан в специализированные ЦОН. При этом государственный орган, непосредственно оказывающий государственную услугу, зачастую дислоцируется вне здания ЦОН, что полностью исключает контакт должностного лица и услугополучателя.

Безусловно, подобного рода децентрализация в значительной степени способствует снижению коррупционных рисков в рядах услугодателей. Однако, частота публикуемых в средствах массовой информации новостей о фактах совершения работниками ЦОН уголовных правонарушений [6], показывает, что деятельность данной организации представляет собой не только процедуру приема заявлений и выдачи готовых результатов по принципу «одного окна», но и выступает благоприятной средой для возникновения и развития коррупционных проявлений.

На наш взгляд, действующий формат оказания государственных услуг через ЦОН не вполне приемлем по следующим причинам.

Во-первых, высокий уровень дискреционности, означающий наделение работников ЦОН значительной степенью свободы при принятии решений, создает возможности для различного рода злоупотреблений (к примеру, незаконная выдача водительских прав путем оказания содействия в сдаче экзаменов, искажение технических данных транспортного средства влияющего на размер подлежащих внесению в бюджет платежей). Это обусловлено тем, что предоставление широких полномочий не предоставляющему конечную услугу лицу вызывает вопросы о целесообразности и приемлемости подобных действий. Соответственно, возникает ряд вопросов о соотношении понятий «полномочность» и «компетентность», которые в большинстве случаев должны корреспондировать и взаимодополнять друг друга.

Юридическая природа дискреционных полномочий субъектов правоприменения обусловлена значительным усложнением правового развития. По мнению некоторых исследователей, «законодатель объективно не в состоянии охватить исчерпывающей регламентацией все обстоятельства социальной практики. В таких условиях дискреция выступает средством преодоления заведомой неопределённости в праве» [7, С. 122].

Во-вторых, наличие частого взаимодействия с гражданами увеличивает вероятность возникновения конфликтных ситуаций, которые могут быть разрешены незаконными способами.

В-третьих, благодаря сложным административным процедурам, зачастую граждане «сталкиваются» с бюрократическими преградами, что создает почву для дачи взяток.

В-четвертых, слабый контроль со стороны руководства ЦОН и надзорных органов порождает возникновение преступных намерений.

В-пятых, наличие у работников ЦОН возможности беспрепятственного регулирования очередности приема и выдачи документов способствует спросу на так называемые «ускоренные услуги» определенное вознаграждение.

В-шестых, прием и выдача поддельных документов в условиях отсутствия у должностных лиц возможности ознакомления с оригиналами предоставляемых обратившимся лицом документов, не исключена вероятность приема и выдачи поддельных документов или справок, что в последующем может повлечь ряд негативных последствий (регистрация подложных сделок).

В-седьмых, работники ЦОН могут использовать свое служебное положение по личному «усмотрению» для оказания услуг определенным лицам в ущерб другим.

Вместе с тем, в юридической литературе отсутствует единое мнение по вопросу определения «усмотрение», так как по правовой природе данный термин представляется как многогранное и сложное явление, которое можно рассматривать в различных смысловых значениях.

Профессором Йельского университета А.Бараком сформулировано универсальное определение данному правовому явлению: «усмотрение – это полномочие, данное лицу, которое обладает властью выбирать между двумя и более альтернативами, когда каждая из альтернатив законна в контексте системы» [8, С. 120]. Полагаем, что данную дефиницию представляется возможным применить к любой реализуемой государственной услуге, в том числе предоставляемым посредством ЦОН.

Наконец, *в-восьмых*, отсутствие реального общественного контроля не позволяет в полной мере обеспечить объективную оценку качества предоставляемых работниками ЦОН услуг.

Совокупность вышеуказанных детерминант коррупционных правонарушений, а также участвовавшие в средствах массовой информации сведений об изобличении различных преступных схем в ЦОН, требует детального рассмотрения вопросов привлечения к ответственности их работников.

Также обращают внимание следующие особенности, связанные со статусом Государственной корпорации «Правительство для граждан», которые имеют двойственный характер.

Согласно Бюджетному кодексу Казахстана, «субъекты квазигосударственного сектора - государственные предприятия, товарищества с ограниченной ответственностью, акционерные общества, в том числе национальные управляющие холдинги, национальные холдинги, национальные компании, учредителем, участником или акционером которых является государство, а также дочерние, зависимые и иные юридические лица, являющиеся аффилированными с ними в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан» [9].

Перечисленные формы юридических лиц являются коммерческими, и их основная цель определена в статье 34 Гражданского Кодекса Республики Казахстан как извлечение дохода.

Следует отметить, что «Государственная корпорация «Правительство для граждан» имеет статус некоммерческого акционерного общества, что позволяет ей избегать статус субъекта квазигосударственного сектора.

Соответственно, присутствие подобных разночтений в действующем законодательстве способствует порождению коррупционных проявлений и влечет мультипликационный эффект.

Глава 15 Уголовного Кодекса Республики Казахстан (далее - УК РК) в качестве субъектов коррупционных и иных правонарушений против интересов службы и государственного управления, предусматривает исключительно лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, либо приравненных к ним лиц, или лиц, занимающих ответственные государственные должности, либо должностных лиц, в этой связи при выявлении фактов связанных с нарушением требований действующего законодательства. В случае выявления коррупционного правонарушения в ЦОН, зачастую субъектами уголовного преследования выступают сотрудники государственных органов.

При этом вступающий в непосредственный контакт с услугополучателем работник ЦОН выпадает из поля зрения органов уголовного преследования. Указанный пробел в уголовном законодательстве представляет собой коррупционный риск, порождающий чувство безнаказанности у лиц, вовлеченных в процесс оказания государственных услуг.

Таким образом, в целях исключения возможностей совершения коррупционных правонарушений возникает целесообразность законодательного регулирования существующей модели оказания государственных услуг путем внесения изменений и дополнений в некоторые нормативные правовые акты.

Предлагается в Бюджетном кодексе предусмотреть положения, согласно которым к квазигосударственным субъектам могут относиться также и некоммерческие организации,

где имеется участие государства в виде учредителя или участника. При этом некоммерческие организации могут заниматься коммерческой деятельностью, если такое предусмотрено в уставе, полученные средства направлять на развитие и усовершенствование собственной деятельности, что практически равнозначно государственным коммерческим организациям, деятельность которых направлена на развитие страны.

Одновременно, в уголовном законодательстве целесообразно предусмотреть уголовную ответственность лиц, участвующих в процессе оказания государственных услуг наряду с ответственностью лиц, указанных в главе 15 УК РК «Коррупционные и иные уголовные правонарушения против интересов государственной службы и государственного управления».

Список литературы:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 «Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года», получено 20.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>;

2. О создании некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация "Правительство для граждан" // Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 января 2016 года № 39, получено 20.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1600000039>;

3. Закон Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года № 88-V «О государственных услугах», получено 26.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000088>;

4. Послание Президента страны народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» (Астана, 18 февраля 2005 года) получено 26.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K050002006_;

5. Реестр государственных услуг, получено 20.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000019982>;

6. Ущерб более 315 млн тенге: руководителя спецЦОНа задержали в Карагандинской области// <https://www.paryz.kz/kazakhstan-news/42854-ushcherb-bolee-315-mln-tenge-rukovoditelya-spetscona-zaderzhali-v-karagandinskoy-oblasti>; Почти 40 млн тенге незаконно получили три сотрудника ЦОНа за помощь в сдаче экзаменов на права/<https://informburo.kz/novosti/pocti-40-mln-tenge-nezakonno-polucili-tri-sotrudnika-cona-za-pomoshh-v-sdace-ekzamenov-na-prava>;

7. Правовая деятельность в Российской Федерации / Основные характеристики российской правовой действительности / Под науч. ред. Ю.С.Решетова. - Казань: Казан. ун-т, 2010. - 172 с.;

8. Барак А. Судейское усмотрение. Перевод с английского. - М.: Издательство НОРМА; 1999. 376 с.;

9. Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года № 95-IV, получено 29.10.2024 г. из информационно-правовой системы НПА РК: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095>.

Ғ.Қ. Шакаева,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ТИІМДІ КАДРЛАРДЫ ҰСТАП ҚАЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрларды ұстап қалудың заманауи тәсілдері мен кездесетін негізгі мәселелер қарастырылады. Білікті кадрларды мемлекеттік қызметте тұрақтандыру – тиімді мемлекеттік басқарудың басты аспектілерінің бірі. Зерттеу нәтижелері қызметкерлердің қажеттіліктерін ескере отырып, мотивациялық және әлеуметтік қолдау механизмдерін әзірлеудің, сонымен қатар шетелдік озық тәжірибелерді бейімдеудің маңыздылығын анықтайды. Басты факторлар ретінде әлеуметтік қолдауды жақсарту, заңнаманы жетілдіру арқылы қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және мансаптық өсу мүмкіндіктерін ұсыну қарастырылады. Сондай-ақ, жағымды жұмыс ортасын құрудың мемлекеттік қызметкерлердің жұмысқа қанағаттану деңгейін арттыруға әсері талқыланады. Қорытындысында заманауи мотивациялық құралдарды енгізу және жергілікті мәселелерді шешу арқылы кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге болатындығы және бұл мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыратындығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, кадрларды ұстап қалу, заманауи тәсілдер, шетелдік тәжірибе, кадр тұрақтылығы, мемлекеттік басқару тиімділігі.

Abstract. This article examines modern methods and key challenges in retaining employees within Kazakhstan's civil service system. Retaining skilled personnel in the civil service is a critical aspect of effective public administration. The research findings highlight the importance of developing motivational and social support mechanisms tailored to the needs of civil servants and adapting best foreign practices to local conditions. Key factors include enhancing social support, improving legal frameworks to ensure favorable working conditions, and providing career growth opportunities. Additionally, creating a positive work environment is shown to increase job satisfaction among public sector employees. The study concludes that integrating modern motivational tools and addressing local challenges can create a stable and effective workforce, which in turn enhances the overall efficiency of public administration.

Keywords: civil service, employee retention, modern approaches, foreign experience, personnel stability, public administration effectiveness.

Аннотация. В данной статье рассматриваются современные методы и основные проблемы, связанные с удержанием сотрудников в системе государственной службы Казахстана. Удержание квалифицированных кадров на государственной службе является важным аспектом эффективного государственного управления. Результаты исследования подчеркивают важность разработки мотивационных и социальных механизмов поддержки, соответствующих потребностям государственных служащих, а также адаптации лучших зарубежных практик к местным условиям. Основные факторы включают улучшение социальной поддержки, совершенствование законодательной базы для создания благоприятных условий труда и обеспечение возможностей карьерного роста. Кроме того, показано, что создание положительной рабочей среды способствует повышению удовлетворенности работой среди сотрудников государственного сектора. В заключении исследования указывается, что внедрение современных мотивационных инструментов и решение местных проблем могут создать стабильный и эффективный кадровый состав, что, в свою очередь, повышает общую эффективность государственного управления.

Ключевые слова: государственная служба, удержание кадров, современные подходы, зарубежный опыт, стабильность кадров, эффективность государственного управления.

Кіріспе

Мемлекеттік қызметтің тиімділігі қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуында шешуші рөл атқарады. Бұл тиімділікті қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі – білікті кадрларды ұзақ мерзімге ұстап қалу [1]. Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері соңғы жылдары өзекті тақырыптардың біріне айналды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік қызметте білікті кадрларды ұстап қалудың маңыздылығын растайды. Тұжырымдамада мемлекеттік қызмет жүйесінің сапасын арттыру, мемлекеттік аппаратты сервистік, клиентке бағдарланған бағытта қайта құру және кәсібилікті күшейту мәселелері басты назарға алынған. Бұл бағыттар мемлекеттік қызметкерлердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге және олардың жұмыспен қанағаттануын арттыруға ықпал етеді [2].

Осылайша, тұжырымдама аясында енгізілген мемлекеттік қызметтің сервистік моделіне көшу кадрларды ұстап қалуда маңызды тәсіл ретінде қарастырылады. Сервистік және клиентке бағдарланған модель жұмыстағы мақсаттылықты күшейтіп, мемлекеттік қызметкерлердің өз рөлінің маңыздылығын сезінуіне көмектеседі, бұл олардың қызметке деген адалдығын арттырады.

Одан басқа, HR-процестерді цифрландыру және мемлекеттік қызметшілердің жұмыс жағдайларын жақсарту қызметкерлердің мотивациясын арттыруға бағытталған. Бұл аспект мемлекеттік қызметте заманауи мотивациялық тәсілдер мен қаржылай қолдау механизмдерін іске асыру қажеттілігін көрсетеді. Мәселен, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің жалақысын бәсекеге қабілетті деңгейге жеткізу және қызмет нәтижесіне байланысты сыйақы жүйесін енгізу ұсынылады, бұл шетелдік тәжірибеге де сәйкес келеді.

Қорыта айтқанда, 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы білікті кадрларды мемлекеттік қызметте ұзақ мерзімге сақтап қалу және оларды ынталандыру бағытында маңызды қадамдар жасауды көздейді.

Одан басқа, мемлекеттік қызметкерлерді тарту және оларды ұзақ мерзімге ұстап қалу үшін заманауи әдістерді енгізу қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мотивациялық қолдау, әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыс жағдайларын жақсарту кадрлардың тұрақтылығын арттырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін жоғарылатады [3].

Қазақстанда мемлекеттік қызмет саласында кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында түрлі реформалар мен бағдарламалар қабылдануда. Атап айтқанда, соңғы жылдары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңына енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызметкерлердің жалақы деңгейін көтеру және мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейту мәселелерін қамтыды [4]. Бұл реформалардың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру және білікті кадрларды ұстап қалу.

Шетелдік тәжірибеде Сингапур, АҚШ, Германия және Жапония сияқты елдерде кадрларды тұрақтандыру бойынша табысты тәсілдер қолданылады. Мысалы, Сингапурда мемлекеттік қызметкерлерге жоғары жалақы тағайындау және олардың біліктілігін үздіксіз арттыруға жағдай жасау мемлекеттік қызметтің беделін арттырды [5]. Ал АҚШ-та мемлекеттік қызметкерлерге арналған икемді жұмыс кестесі мен қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктері қызметкерлердің жеке өмірі мен жұмыс арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге көмектеседі [6].

Бұл мақалада мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын арттырудың заманауи әдістері мен тәсілдері талданып, Қазақстан және шетелдік тәжірибелер арасында салыстырмалы

талдау жасалады. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады.

Материалдар мен тәсілдер

Бұл зерттеу мемлекеттік қызметте кадрларды тұрақтандыруға арналған заманауи тәсілдер мен олардың тиімділігін анықтауға, сондай-ақ Қазақстан мен шетел тәжірибелерін салыстыруға бағытталды. Зерттеу барысында қызметкерлердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін факторларды анықтау және шетелдік тәжірибелерді Қазақстан жағдайында бейімдеудің мүмкіндіктерін зерттеу үшін бірнеше әдіс қолданылды.

Әдебиетке шолу әдісі арқылы мемлекеттік қызметтегі кадр тұрақтылығы, мотивация және әлеуметтік қолдау туралы халықаралық және қазақстандық ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, кадрларды тұрақтандыруға арналған заманауи тәсілдер, олардың тиімділігі және шетелдік тәжірибелер анықталды. Шолу барысында Perry & Hondeghem сияқты беделді дереккөздер пайдаланылды [7].

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Қазақстан мен шетелдегі кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету тәсілдері салыстырылды. Шетелдік тәжірибелер ішінде Сингапур, АҚШ, Германия және Жапония секілді мемлекеттердің озық әдістері зерттелді. Бұл талдау шетелдік тәжірибенің Қазақстан жағдайында қолдануға болатын тұстарын айқындауға мүмкіндік берді.

Шетелдік тәжірибені бейімдеу әдісі арқылы зерттеу нәтижесінде анықталған шетелдік озық тәжірибелердің Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесіне бейімдеуге болатын аспектілері талданды.

Осылайша, зерттеу барысында мемлекеттік қызметтегі кадр тұрақтылығын қамтамасыз етудің заманауи әдістері мен тәсілдері талданды. Шетелдік тәжірибелер мен Қазақстандағы жағдайды салыстыру арқылы кадрларды тұрақтандыруға бағытталған тиімді әдістер мен стратегиялар анықталды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан жағдайына бейімдеуге болатын ұсыныстар мен шаралар әзірленді.

Нәтижелер (жіктеу)

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметшілердің жалпы штаттық саны 91029 адамды құраса, бос лауазым саны – 8053 бірлікті құрайды.

Осылайша 2024 жылғы 1 қазандағы жағдайға сәйкес республика бойынша мемлекеттік қызмет жүйесінен өз еркімен кеткен мемлекеттік қызметшілердің саны 3538 адамды немесе штаттық санның 3,9%-ын құрады. Соның ішінде, жергілікті атқарушы органдардан 1027 адам (2,4%), орталық мемлекеттік органдардан – 647 адам (5,4%), орталық атқарушы органдардан – 1864 адам (5,2%) қызметтен босатылған.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесінің маңыздылығын және оны шешу үшін заманауи тәсілдерді қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрларды тұрақтандыруға бағытталған саясат пен шетелдік тәжірибе арасындағы салыстырмалы талдау бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлерге бәсекеге қабілетті жалақы мен әлеуметтік пакет ұсыну мәселесі өзекті болып отыр. Зерттеу барысында қызметкерлердің жалақы деңгейі жеке секторға қарағанда төмен екендігі және бұл фактор кадр тұрақтылығына кері әсерін тигізетіні анықталды. Мысалы, Сингапур мен АҚШ тәжірибесінде жалақының жеке сектор деңгейінде болуы және нәтижелерге негізделген сыйақы жүйесінің қолданылуы кадрларды тұрақтандыруға оң әсер етеді. Қазақстан жағдайында да жалақы мен қаржылай қолдау механизмдерін жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, мансаптық өсу мүмкіндіктері мен тұрақты кәсіби даму кадрларды тұрақтандыруға ықпал етеді. Мысалы, Германия мен Жапония елдерінде қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған жүйелі бағдарламалар бар, бұл қызметкерлердің кәсіби өсуіне жағдай жасайды. Қазақстанда да мемлекеттік қызметкерлерге

кәсіби өсу мен мансаптық даму мүмкіндіктерін кеңейту маңызды. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жүзеге асыратын оқыту бағдарламаларын кеңейту қажеттілігі туындайды.

Қазақстанда қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктері пандемия кезеңінде кеңінен қолданылды, алайда бұл тәжірибе толыққанды тұрақты шара ретінде ендірілмеген. Шетелдік тәжірибеде, әсіресе АҚШ және Нидерланд секілді елдерде, қашықтан жұмыс істеу кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуде кеңінен қолданылады. Қазақстан жағдайында да жұмыс кестесінің икемділігін арттыру және жұмыс жағдайларын жақсарту шаралары қажет.

Мемлекеттік қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және денсаулық сақтау шараларын жақсарту кадр тұрақтылығының маңызды факторларының бірі болып табылады. Канада және Швеция елдеріндегі мемлекеттік қызмет жүйесінде қызметкерлерге әлеуметтік пакет және психологиялық қолдау көрсету кеңінен дамыған. Қазақстанда да әлеуметтік қолдау шараларын күшейтумен бірге, қызметкерлердің денсаулығына ерекше назар аудару және психологиялық қолдау бағдарламаларын енгізу ұсынылады.

Зерттеу барысында шетелдік тәжірибені Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесіне бейімдеу мүмкіндіктері талқыланды. Мәселен, Сингапурдегі жалақы жүйесі, АҚШ-тағы қашықтықтан жұмыс кестесі, Канададағы психологиялық қолдауды көрсету, Германиядағы кәсіби өсу бағдарламалары Қазақстанда да қолдануға болатын тиімді тәсілдер болып табылады. Бұл тәсілдерді бейімдеу кадр тұрақтылығын арттыруға және мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл факторлар мемлекеттік қызметкерлердің тұрақтылығына және олардың жұмысқа қанағаттану деңгейіне әсер ететін негізгі бағыттар бойынша жіктелді:

Қаржылай ынталандыру мемлекеттік қызметкерлерге жеке сектор деңгейіне жақын жалақы ұсыну тұрақтылықты арттыратын маңызды фактор болып табылады. Мемлекеттік қызметкерлерге бәсекеге қабілетті жалақы ұсыну олардың жұмыс орнында ұзақ мерзімге қалуы үшін маңызды рөл атқарады. Жеке сектор деңгейіне жақын жалақы белгілеу мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттырып қана қоймай, қызметкерлердің өз міндеттеріне адал әрі ынталы болуына ықпал етеді. Бәсекеге қабілетті жалақы мемлекеттік қызметке жоғары білікті мамандарды тартуға және олардың басқа салаға кетуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Қызметкерлердің жұмыс нәтижелеріне қарай сыйақы беру жүйесін енгізу мемлекеттік қызметтегі кадр тұрақтылығын қамтамасыз етудің тағы бір маңызды құралы болып табылады. Сыйақы жүйесі қызметкерлердің еңбегін мойындап қана қоймай, олардың жұмысқа деген қызығушылығын арттырады. Жұмыста қол жеткізген нәтижелерге байланысты сыйақы беру қызметкерлердің өз міндеттерін орындауға ынтасын күшейтіп, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасайды. Нәтижеге негізделген сыйақы жүйесі қызметкерлер арасында бәсекелестікті арттырып, олардың өз қызметтік міндеттерін атқаруда жетістіктерге ұмтылуына ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіру олардың жұмыс орнында ұзақ мерзімге тұрақтауына және өз қызметіне қанағаттануына оң әсер етеді. Арнайы оқыту бағдарламалары, біліктілікті арттыру курстары және түрлі семинарлар қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметкерлерге олардың саласындағы озық білім мен дағдыларды үйренуге жағдай жасау арқылы жұмыс тиімділігін арттыруға болады. Мысалы, басқару, жобаларды басқару, қаржылық жоспарлау сияқты салаларда дағдыларды дамытуға арналған тренингтер мемлекеттік қызметкерлердің қызмет сапасын жақсартады. Сонымен қатар, оқыту бағдарламалары мен курстар жаңа технологиялар мен жұмыс тәсілдерін меңгеруге, сол арқылы өз міндеттерін тиімді орындауға ықпал етеді. Кәсіби дамудың тұрақты түрде қолдау табуы қызметкерлердің өз білімін

жетілдіріп, қызметке деген ынтасын арттырады, бұл өз кезегінде мемлекеттік басқарудың жалпы сапасына оң әсер етеді.

Мемлекеттік қызметте мансаптық өсуге арналған нақты бағдарлама мен құрылымдық тәсілдің болуы қызметкерлер үшін маңызды мотивация көзі болып табылады. Қызметкерлерге мансаптық өсудің нақты сатыларын және оған жетудің талаптарын айқын көрсету оларға болашақта өз мүмкіндіктерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл үшін қызметкерлерге арналған мансаптық кеңес беру мен қолдау арқылы даму жолдарын көрсету маңызды. Мысалы, басшылық лауазымдарға дайындық, көшбасшылық дағдыларын дамыту және командалық жұмысты ұйымдастыру бойынша курстар қызметкерлердің жоғары деңгейде дамуына көмектеседі. Осы арқылы әр қызметкер өз әлеуетін толық жүзеге асыруға ұмтылып, жоғары лауазымдарға көтерілу мүмкіндіктерін көбірек сезінеді. Бұл тәжірибелі кадрлардың ұзақ мерзімге мемлекеттік қызметте қалуына әсер етіп, мемлекеттік басқару жүйесінің кәсібилігі мен тұрақтылығын арттырады.

Жұмыс кестесінің икемділігі: Қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігін ұсыну мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерінің бірі болып табылады. Қашықтықтан жұмыс жасау арқылы қызметкерлер жұмыс кестесін өздерінің өмірлік қажеттіліктеріне сәйкес реттей алады. Бұл әсіресе отбасылық міндеттері бар немесе жұмыс орнына ұзақ жол жүру қажеттілігі бар қызметкерлер үшін тиімді. Қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі уақытты үнемдеп қана қоймай, қызметкерлерге жұмыс пен жеке өмірін үйлестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан жұмыс істеу жұмыс орнының географиялық орнына тәуелділікті төмендетеді, бұл қызметкерлерге жұмысқа деген жауапкершілік пен тиімділікті сақтай отырып, икемді жұмыс кестесін таңдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл, әсіресе, қиын жағдайлар мен қашықта орналасқан аумақтар мен елді мекендерде жұмыс істейтін қызметкерлер үшін маңызды рөл атқарады, себебі қашықтықтан жұмыс істеу олардың жұмысқа деген қатысуын жеңілдетеді.

Жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерім: Қашықтықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс шарттары қызметкерлерге өз жұмысын жеке өмірімен үйлестіруге үлкен мүмкіндік береді. Жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау қызметкерлердің денсаулығы мен психологиялық жағдайына оң әсер етіп, олардың қызметке қанағаттануын арттырады. Икемді жұмыс шарттары қызметкерлерге қажетті уақытта демалу, отбасымен уақыт өткізу немесе жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, олардың жұмысқа деген ынтасын, өнімділігін арттырады. Қызметкерлер өздерінің жеке және кәсіби міндеттерін үйлестіре алатын ортада ұзақ уақыт жұмыс істеуге ұмтылады, бұл кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Икемді жұмыс шарттары қызметкерлерге өз мүмкіндіктерін толықтай пайдалануға мүмкіндік бере отырып, мемлекеттік аппараттың табыстылығын арттырады.

Мемлекеттік қызметкерлерге ұсынылатын әлеуметтік пакет кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік жеңілдіктер, мысалы, зейнетақы жүйесі, сақтандыру, отбасылық қолдау және түрлі әлеуметтік төлемдер қызметкерлерге қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың қызметке деген адалдығын арттырады. Әлеуметтік пакет қызметкерлердің өз болашағына деген сенімін күшейтеді, себебі олар өздерінің қаржылық жағдайы мен әлеуметтік қауіпсіздігі туралы алаңдамайды. Әсіресе, зейнетақы жүйесі сияқты ұзақ мерзімді қаржылық қолдау қызметкерлерге ұзақ мерзімге қызметте қалуға ынталандырады. Бұл шаралар қызметкерлердің жұмысқа деген қызығушылығын арттырып, мемлекеттік қызметті тартымды етеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің физикалық және психологиялық денсаулығын қорғау олардың жұмысқа қанағаттану деңгейіне және жалпы жұмыс сапасына тікелей әсер етеді. Денсаулық сақтау бағдарламалары, мысалы, жыл сайынғы медициналық тексерулер, спорттық шараларға қатысу мүмкіндігі және аурудан қорғайтын сақтандыру жүйесі

қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, психологиялық қолдау бағдарламалары, мысалы, кәсіби психологтардың кеңесі, стрессті басқару бойынша тренингтер және жұмыс орнындағы қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру қызметкерлердің жалпы әл-ауқатын жақсартады.

Психологиялық қолдаудың арқасында қызметкерлер өздерін қауіпсіз сезініп, ұйымдағы атмосфераға оң көзқараспен қарайды, бұл олардың жұмысқа қанағаттануына және қызметте ұзақ уақыт қалуға ықпал етеді. Әлеуметтік қолдау мен денсаулық сақтаудың осы тетіктерін іске асыру қызметкерлердің жұмысқа деген адалдығын арттырып қана қоймай, олардың жеке және кәсіби өмірлерінде тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, мұндай кешенді қолдау жүйесі мемлекеттік қызметтегі кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Қолайлы жұмыс жағдайлары қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын, өнімділігін және ұйымға деген адалдығын арттырады. Жұмыс ортасын жақсарту үшін бірқатар шараларды іске асыру қажет:

1) жұмыс орнында демалуға, тамақтануға және релаксация жасауға арналған аймақтар құру қызметкерлердің үзіліс кезінде толыққанды демалуына мүмкіндік береді. Бұл олардың стрессті азайтып, жаңа күшпен жұмысқа кірісуіне ықпал етеді.

2) эргономикалық жиһаздар, заманауи компьютерлер, қажетті бағдарламалар мен құрылғыларды ұсыну қызметкерлердің жұмыс тиімділігін арттырады. Бұл олардың тапсырмаларды оңай және тез орындауына көмектеседі.

3) жұмыс орнындағы жарықтандыру, температура және желдету жүйесі қызметкерлердің жалпы көңіл-күйі мен денсаулығына әсер етеді. Мұндай жағдайлар олардың жұмыс барысында өзін жайлы сезінуіне ықпал етеді.

Корпоративтік мәдениет – қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын арттырып, мекемеге деген адалдығын нығайтатын маңызды фактор. Ынтымақтастық пен сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту ұйымның ұзақ мерзімді жетістігіне ықпал етеді. Мұндай мәдениетті қалыптастыру үшін келесі аспектілерге көңіл бөлу қажет:

Ұжымда сенім мен қолдаушылық мәдениетін қалыптастыру әрбір қызметкерге өзін меморганның маңызды мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Әріптестер арасындағы құрмет пен көмек көрсету ынтымақтастықты күшейтеді, бұл өз кезегінде жұмыс өнімділігіне оң әсер етеді. Ұжымда өзара сенімге негізделген орта құру қызметкерлердің жауапкершілігін арттырып, олардың өз жұмысын сапалы атқаруына ықпал етеді.

Ашық коммуникация корпоративтік мәдениетті нығайтып, қызметкерлердің сенімін арттырады. Басшылық тарапынан тұрақты және конструктивті кері байланыстың болуы қызметкерлерге өз жетістіктерін бағалап, даму бағыттарын түсінуге көмектеседі. Бұл олардың жұмыстағы қателіктерін түзетуге және жеке кәсіби дамуын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ашықтық пен адалдық қызметкерлердің мекемедегі өзгерістер туралы хабардар болуына ықпал етеді, бұл олардың өзін-өзі дамытуға және жаңа бастамаларға ашық болуына көмектеседі.

Корпоративтік мәдениетті күшейту мақсатында ұжымдық шаралар мен мерекелерді ұйымдастыру қызметкерлердің арасындағы әріптестік байланысты нығайтады. Әлеуметтік шаралар қызметкерлердің жұмыс орнында жайлы сезінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, осындай шаралар мекеменің құндылықтарын және мақсатын бірлесе жүзеге асыруға ынталандырады.

Шетелдік мотивациялық тәсілдер қызметкерлердің өнімділігін арттырып, мемлекеттік қызмет сапасын жақсартуға бағытталған тиімді әдістерді ұсынады. Сингапур, АҚШ, Германия, және Жапония сияқты елдерде қалыптасқан озық тәжірибелер қызметкерлердің жұмысқа деген қызығушылығын арттырып, ұжымдық мәдениетті нығайтуға ықпал етеді. Мысалы, Сингапур мемлекеттік қызметте жоғары кәсібилікті талап ететін тиімді мотивациялық

жүйелерді қолданады, бұл жерде қызметкерлердің көрсеткіштерін дәл және жүйелі бағалау және жетістіктерді мойындау басымдыққа ие. АҚШ-та мотивациялық жүйелер қашықтықтан жұмыс кестесі, жеке даму мүмкіндіктері, корпоративтік мәдениетті қолдау және басшылықпен ашық диалог құруға негізделген. Германия мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыруға үлкен мән беріп, кәсіби дамуға бағытталған арнайы тренингтер мен курстар ұйымдастырады. Ал Жапонияда ұжымдық жұмысқа және қызметкерлердің ұйымға деген адалдығын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді, қызметкерлердің ұжымдық рухын нығайту мақсатында ұжымдық шаралар өткізіледі.

Бұл елдердің тәжірибесі Қазақстан жағдайында да тиімді түрде қолданылуы мүмкін. Сингапурдің қызметкерлердің көрсеткіштерін жүйелі бағалау және жетістіктерді мойындау әдісі Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесіне де енгізілсе, жұмыс сапасы артып, кәсіби жауапкершілік күшейер еді. АҚШ пен Германияның кәсіби дамуға бағытталған тәсілдерін, мысалы, әртүрлі оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу қызметкерлердің біліктілігін арттыруға көмектеседі. Жапонияның ұжымдық мәдениеті мен ұжымдық рухқа назар аудару тәсілі Қазақстанның мемлекеттік қызметіне өзара сенім мен ынтымақтастықты күшейтуге көмектесуі мүмкін. Бұл тәсілдер, егер Қазақстанның мәдениеті мен экономикалық жағдайына бейімделе отырып жүзеге асырылса, мемлекеттік қызметкерлердің жұмысқа деген ынтымақын арттыруда және тиімділігін жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда көрсетілген факторлар мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қаржылай ынталандыру, мансаптық даму, қашықтықтан жұмыс, әлеуметтік қолдау, қолайлы жұмыс ортасы, кері байланыс жүйесі және шетелдік тәжірибені бейімдеу сияқты факторлар қызметкерлердің мемлекеттік қызметте ұзақ мерзімге қалуына ықпал етеді.

Талқылау және қорытындылар

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қызметте білікті кадрларды ұстап қалу және кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесінің мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесінде кадр тұрақтылығына бағытталған реформалар қолға алынғанымен, шетелдік тәжірибені ескере отырып, қосымша шаралар қажет екендігі анықталды.

Қаржылай ынталандыруды күшейту мемлекеттік қызметкерлерге жеке секторға сәйкес бәсекеге қабілетті жалақы мен сыйақы жүйесін енгізу арқылы олардың тұрақтылығын арттыруда маңызды фактор болып табылады. Жалақының тартымдылығын арттыру және қызмет нәтижесіне байланысты сыйақы беру жүйесін енгізу мемлекеттік қызметтің беделін көтереді.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлер үшін мансаптық өсу және кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларын дамыту олардың ұзақ мерзімге тұрақтануына ықпал етеді. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы аясында оқыту және даму бағдарламаларын кеңейту қажет.

Қызметкерлерге қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігін беру олардың жұмысқа қанағаттануына және қызмет орнында ұзақ уақыт тұрақтауына оң әсер етеді. АҚШ, Германия және басқа елдерде кеңінен қолданылатын бұл тәжірибе Қазақстанда да тиімді болуы мүмкін.

Осылайша, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету, денсаулық сақтау және психологиялық қолдау шараларын енгізу олардың әл-ауқатын арттырады. Әлеуметтік пакет пен қолдау бағдарламаларын кеңейту арқылы мемлекеттік қызметкерлердің жұмысқа қанағаттануы күшейтіледі. Сонымен қатар, Сингапур, АҚШ, Жапония елдеріндегі озық тәжірибелерді Қазақстан жағдайына бейімдеп енгізу мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға және кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметте кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қажет. Бұл шаралар қаржылай ынталандыруды күшейтуді, мансаптық даму

мүмкіндіктерін арттыруды, икемді жұмыс шарттарын енгізуді, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіруді және шетелдік озық тәжірибелерді бейімдеуді қамтиды. Ұсынылған шаралар Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, мемлекеттік қызметтің қоғам алдындағы беделін де арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Dreher, G. F., & Dougherty, T. W. (2002). Human Resource Strategy and Performance. In *Personnel Review*, 31(5), 563-579.

[2] Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтынан немесе нормативтік құқықтық актілер порталы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000602>

[3] Perry, J. L., & Hondeghem, A. (2008). *Motivation in Public Management: The Call of Public Service*. Oxford University Press.

[4] Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы (2015). Қазақстан Республикасы заңдары. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Қолжетімді <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>.

[5] Quah, J. S. T. (2010). *Public Administration Singapore-Style*. Emerald Group Publishing Limited.

[6] Kim, S. E., & Wiggins, C. (2011). Family-Friendly Policies in the U.S. and Their Impact on Job Satisfaction of Civil Servants. *Journal of Public Administration Research and Theory*, 21(3), 477-496.

[7] OECD (2015). *Public Sector Integrity*. OECD Publishing. Қолжетімді: <https://www.oecd-ilibrary.org/governance/public-sector-integrity/>.

Шарипов Р.Р.,

магистрант Академии государственного управления при Президенте Республики
Казахстан, г. Петропавловск, Республика Казахстан

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация: осы мақалада Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың ерекшеліктері мен проблемалық мәселелері, сондай-ақ шетелдік тәжірибені талдау және оны қолдану мүмкіндігі қарастырылады.

Негізгі сөздер: жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, билікті орталықсыздандыру.

Аннотация: в данной статье будут рассмотрены особенности и проблемные вопросы формирования местного самоуправления в РК и анализ зарубежного опыта, а также изучение его возможного применения.

Ключевые слова: местное государственное управление и самоуправление, децентрализация власти.

Abstract: this article will examine the features and challenges of establishing local self-government in the Republic of Kazakhstan, analyze foreign experience, and explore its potential application.

Key words: local government administration and self-governance, decentralization of power.

Введение. Согласно ст.3п.1 Конституции Республики Казахстан, единственным источником власти в Республике Казахстан является народ. В соответствии со ст.3п.2 «Народ осуществляет власть непосредственно через республиканский референдум и свободные выборы, а также делегирует осуществление своей власти государственным органам.» [1]

Однако, наряду с вопросами, связанными с управлением государством в целом, отраслями народного хозяйства, регионами, имеются вопросы управления собственными домами, селами, районами. Данные вопросы отнесены к компетенции местного государственного управления и самоуправления.

Изучая европейский опыт, следует отметить, что наиболее полное и общепринятое определение дано в Европейской Хартии местного самоуправления, где «Под местным самоуправлением понимается право и действительная способность органов местного самоуправления регламентировать подавляющую часть государственных дел и управлять ею, действуя в рамках закона, под свою ответственность и в интересах местного населения. Осуществляется советами или собраниями, состоящими из членов, избранных путем свободного, тайного, равного, прямого и всеобщего голосования» [9]

